Developmental learning provides not only the communication of a certain amount of scientific, professional knowledge and the formation of the necessary skills, but also the development of such intellectual qualities as thinking, memory, imagination, perception, attention, observation and other cognitive mental processes. Consequently, the task of teaching students to learn, develop their ability to think in foreign language classes, creatively apply knowledge in practical activities is primarily the task of the teacher, since thinking is known to develop in the process of assimilation of linguistic material with the assistance of the teacher. Thinking also develops in the process of applying the acquired knowledge in practice. Successful thinking activity of the productive (creative) type requires those knowledge, abilities, and skills which a student can use when intellectual difficulties arise, i.e. when encountering «real world» problems. Therefore, the ratio of reproductive and productive components of students' thinking activity at different stages of language learning is different and has a certain regularity. At the initial stages of learning, «real world» tasks focused on usual reproduction of means and ways of thought expression known to students prevail over productive tasks, since their stock of linguistic means for solving thinking tasks is limited [7]. At the next stages of learning a foreign language the main place in the learning of a foreign language is taken by productive thinking, aimed at the students' independent setting of the goal of the learning task, a specific strategy for its achievement, making a plan of statement, choosing the optimal lexical and grammatical means of expression of thought in a foreign language, which is undoubtedly characterized by the maximum developmental effect. In everyday pedagogical practice a foreign language teacher has a wide range of educational tasks containing elements of problematics and requiring increased intellectual activity of students. A widespread teaching task of «True and false» type, aimed at the development of the student's thinking activity, because analyzing the received information he / she gives necessary arguments to confirm his / her statements in a foreign language, involving not only data from the text, but also the existing knowledge and experience.

Psychologically and methodologically justified to stimulate thinking activity are such training tasks as highlighting the most significant and interesting provisions during the discussion of the studied topic, expressing one's attitude to the problems, verbal description of pictures, diagrams, graphs, stating the content of problems and their solutions from different points of view. The «real world» tasks undoubtedly require versatile analysis, which determines the degree of comprehension and disclosure of the content, the choice of the most necessary foreign language means, which, ultimately, contributes to the development of students' thinking [8]. The very process of students' choice of means and ways of forming statements in a foreign language is also one of the most effective ways to develop their thinking. Since students' thinking process, especially at the initial stage of learning, is carried out on the material of their native language, the work on comparison of foreign-language phenomena with the phenomena of their native language offers great opportunities for the development of thinking in the classroom. In the process of such work, it is necessary not to lose sight of the difference in the ways of formation and formulation of thought in the native and foreign languages. In conclusion, it should be emphasized that the creation of a situation of dialogue in the classroom, taking into account the interests, age and individual personality traits leads to increased thinking activity of students and to a higher level of mastering a foreign language.

The «real world» tasks meet the age peculiarities of adult students, because this contingent of students are already formed individuals who have life experience and their own judgments, and this method of teaching gives students the opportunity to use this experience in learning to solve the problem and draw conclusions based on the available judgments and newly acquired knowledge. Solving «real world» tasks allows an individual approach through differentiated selection of tasks for each student and distribution of roles in small groups according to the level of each student, it increases the motivation of learning a foreign language, which

is extremely important in higher education [9]. During the lecture with feedback: after each section or at the end of the whole lecture each student receives a card with a task on the listened material (the test is carried out with the help of a language phone system).

The student's awareness of the need to demonstrate knowledge of the lecture material intensifies perception, comprehension and memorization of the material, thereby increasing the effectiveness of the particular lesson. We attach particular importance to the structuring of the lecture material. A linear presentation of the material contributes to linear thinking - not variant, not flexible, not productive. Productive thinking is formed with modular and tabular structuring of content. This is especially true when teaching linguocultural units. The compact presentation of tables and modules allows you to see and comprehend the grammatical system as a whole, to highlight content components and discover essential connections. This involves the student in an active thinking activity. The student learns to understand the principles and patterns of a foreign language. Modular narration allows to include the student in interactive interaction, requires him / her to analyze and synthesize information, improves memorization, provides the increment of new knowledge in the limited number of hours. Demonstrating a variety of positions, modular presentation of the content develops tolerant thinking. In addition, modular and tabular presentation of the material meets the psychological peculiarities of students.

Conclusion

The development of information and communication technologies has opened up new prospects for learning a foreign language. Convenient and accessible technologies increase students' motivation and cognitive activity, help intensify and individualize learning, provide an opportunity to gain knowledge anywhere and anytime, in the most comfortable educational environment. Authentic linguistic environment, topical themes, opportunity to communicate with native speakers, research and analysis of real business situations and organizations, discussion and consolidation of materials in the classroom helped students not only to study the professional course «Business», but also to significantly increase their communicative language competence. Thus, practical experience makes it possible to conclude that the integrated study of professionally oriented and language courses with the use of innovative information technologies is relevant, promising and leads to improving the quality of foreign language professional training of future specialists.

Based on the above, the following conclusions can be made: the technology of podcasts and «real world» tasks:

- is a huge number of opportunities to organize the process of learning a foreign language in a comfortable atmosphere that stimulates creative, intellectual activity and develops communicative competence;
- can be used at different stages of training, with students who know different levels of foreign language;
- involve all participants in the cognitive process, form teamwork skills;
- provide high motivation, freedom of self-expression and mutual respect.

The use of such methods encourages the teacher to creativity and improvement, because, using these tools, he determines their pedagogical possibilities, identifies them with the peculiarities of students, the proposed content and his personality.

In conclusion, we can add that the podcast can be one of the innovative computer-based learning tools that aims to improve linguocultural units. In other words, podcast technology is multifunctional and one of the most effective means of teaching speech, as it stimulates not only learning a foreign language, but also contributes to the simultaneous development of several types of language skills. In addition to developing listening skills while working with podcasts, which include video with text accompaniment in a foreign language, oral and written language skills are also improved. Moreover, podcasts provide knowledge of the diversity of the target language's culture in a listener-friendly environment.

REFERENCE

1. Edirisingha P., Rizzi C., Nie M., Rothwell L. (2007). Podcasting to Provide Teaching and Learning Support for an Undergraduate Module on English. *Turkish Online Journal of Distance Education*, 8(3), 87-107.
2. Abdous M., Camarena M., Facer B.R. (2009). MALL Technology: Use of Academic Podcasting in the Foreign Language Classroom. *ReCALL*, 21(1), 76-95.
3. Hall D. (1995). *Materials production: Theory and practice*. - Singapore, SG: SEAMO Regional Language Centre. – 13 p.
4. Ashton-Hay S., Brookes D. (2011). Here's a story: using student podcasts to raise awareness of language learning strategies. *EA Journal*, 26(2), 15-27.

5. Hawke P. (2010). Using internet- sourced podcasts in independent listening courses: Legal and pedagogical implications. Jalt CALL Journal, 6(3), 219-234
6. Dudley Evans T., St John M. Development in English for Specific Purposes a Multi-Disciplinary Approach Cambridge. – Cambridge: University Press, 2001. – 29 p.
7. Van den Branden K. (2006). Task based language education. From theory to practice. - Cambridge: Cambridge University Press. – 87 p.
8. Lee M. Student-centered englishes pedagogy: a case study exploration of a new orientation for U.S. composition. - Indiana university in Pennsylvania, 2011. – 34 p.
9. Tomlinson B. (1998). Materials development in language teaching. - Cambridge, UK: Cambridge University Press. – 101 p.

ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ, МӘНІ

АЙМАКОВ Бекзат Ерkinулы, МАНАПОВА Диана Умиралиевна

№70 ЖББМ, №28 мектеп-лицей

Алматы, Қазақстан

Bekzat.aimakov@gmail.com, Dia1796@mail.ru

Білім беру жүйесі тәуелсіздік жылдары ішінде басқа салалар сияқты түрлі бағдарламаларды жүзеге асыруда. Қоғаммен бірге бірінғай тетік сияқты білім беру жүйесі қалыптасып, дамуда. Солардың ішінде білім беру, оқыту сапасы, саналы түрде, жоспарлы жалғасуда.

Мектеп жұмысының басты мақсаты бастауыш сыныптан саналы тәрбиелеу, сапалы білім беру, ұстаздың өз шәкіртіне бергеннен гөрі, берері көп болуы – ең бірінші қажеттілік. Сабақ мазмұндылығы, оның оқушының ынта-ықыласынан туындайды, белсенділігін арттыру мұғалімнің біліміне, біліктілігіне, қабілеттілігіне, үздіксіз білім толықтыру, жауапкершілігіне қатысты.

Мектеп жұмысының ең басты өлшеуіші- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына мүлтіксіз жүзеге асыру. Жасөспірімдер бойында патриотизм, өз еліне, өз жеріне деген сүйіспеншілікке баулудың маңыздылығы зор.

Жас буынға білім беру- тәрбие мәселесін жетілдіру арқылы нәтижелі болатындығы мәлім. Тәрбие – білім беру жүйесінің басты мақсаты да, құралы да.

Ұлттық білім беру жүйесі тәлім-тәрбие <-> білім атты схема негізінде қызмет етуі тиіс. Ең басты шарт- білім сапасы болуы міндетті. Білім беру ісіндегі озат тәжірибе барлық жұрттарға ортақ. Озық ойлы ұрпаққа білікті маманға бүкіл әлем мүдделі.

Жалпы, мектептің алтын діңгегі- ұстаз, ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу, «Қазақстан- 2030» стратегиялық бағдарламада барлық балалардың сапалы білім алуы анық көрсетілген. Тал шыбықтай бала жанын түсіну, елі мен жеріне пайдасы тиетін азаматтық негізін қалап, қалыптастыру мақсат. Терең, тиянақты білім беру ғылыми негізделген оқыту әдістемесін зерделеп, озат педагогикалық технологияларды жан-жақты игеріп, оқыту әдістемесін меңгеру арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда бастауыш мектеп табалдырығын үмітпен аттаған бүлдіршін – ертеңгі қоғам мүшесі. Сондықтан болашақтың иесі- білім алуға, тәрбиелі болып өсуге келген балаларға алғашқы күннен бастап-ақ сапалы білім, саналы тәрбие беріп, өміртанудың нәрімен жетілдіру, дамыту, қалыптастыру үшін ең бірінші кезекте психологиялық тұрғыдан жан- жақты зерделеп, олардың ерекшеліктерін есепке алып, оқыту және тәрбиелеуді мәнді, нәтижелі жүргізу үшін педагогикалық тұрғыдан әрбір сабақты оқытуға оқу-әдістемелік тұрғыдан, теориялық, практикалық даярлану, әрине білім, біліктілік, шеберлік пен тәжірибе қажет.

Осы сатыдағы оқу мен тәрбие оң уәжді қалыптастыруға және оқу қызметін білуге, оқу, жазу санаудың берік дағдыларын үйренуге, тілдік қарым- қатынастың қарапайым тәжірибесіне, өзін- өзі шығармашылық тұрғыдан таныта білуге, мінез- құлықтың мәдениетіне, жеке гигиеналық және өмір салтының негіздеріне бағдарланады, сонысымен кейін негізгі мектептің жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеруге база жасайды»- делінген.

Оқыту теориясын зерделеп, білім нәтижесі әдістемеде деген ойдың мәнділігіне көңіл бөлдік. Бала сезімі көктей гүлдей нәзік, олай болса оларды зерттеп, бақылап жанын түсіну, сыртын білу психологиялық тұрғыдан ойлау, қабылдау, сөйлеу, жазу қабілеттеріне ерекше мән беру негізгі шарттар. Оқушы көңіліне сызат түсірмей, оның әр жауабын мұқият тыңдап, дұрыс жауабын мақұлдап, қатесін өзі түзетуге мүмкіншілік жасау, оқу материалдарын талдауға, біріктіруге, салыстыруға үйрету.

Оқу материалдарын баяндау, жаттығулар, тәжірибе жасау, тапсырмаларды орындау, үй тапсырмасына жауап беру сәттерінде алға жетелейтін, жауап беруге баулитын сұрақтар қойып,

мысалдар келтіріп бағыт беру оқушының өзіне деген сенімін арттырады, талдап оқуға өзі қалыптаса бастайды, үлгісін көреді, өтілген оқу материалдарын қайталайды. Сонда ғана бастауыш мектеп оқушысы қолдауды сезіп, қамқорлықты ұғады. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуге балаға» деген үздік ойды ұғады, «талаптыға нұр жауар» деген пікірді өмір тәжірибесінде кездестіріп, өзі оған тікелей себепкер болады.

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік стандарт кеңістігіне еруге бет бұрдық. Сондықтан әртүрлі оқыту әдістемелерін, технологияларын, инновациялық элементтерді бастауыш сынып оқушыларының жас мөлшері мен психологиялық ерекшеліктеріне сай таңдап, білім беру жүйесіне енгізудің маңызы зор.

Психологиялық тұрғыдан шәкірттерге жан- жақты бақылау, талдау жасау және оқытудың озық әдістемелерін меңгеріп, таңдау жасай алуы, меңгеруі бойынша талдап оқытумен саналы тәрбие, сапалы білім беретіндігін тәжірибе дәлелді көрсетуде. Оқыту және тәрбие жұмыстарында оқушының психологиясын зерделеп, бақылау арқылы, ұтымды талдаулармен ерекшеліктерін білу, оқыту барысында педагогикалық әдістерге орынды таңдау жасау оқытудың нәтижелігіне жеткізетін озық әдістемесін жете зерделеп, тыңғылықты меңгеруді қажет етеді. Сонда ғана оқушылардың қисынды ойлауын, қиялын дамытуға, сөз қорын молайтуға ықпал ету үшін, ауызша да, жазбаша да сөйлемдерді дұрыс құрап, айтуға, түсінік беруге, жазуға бағыт беру, көмектесу, бірлесіп талдау жасау, мысалдар келтіру, үлгілерін көрсету, біріне-бірінің жедел көмегін ұйымдастыру, ынтымақтаса еңбек етуге көңіл бөлген жөн.

Баланың физиологиялық дамуы генетикалық бағдарлама бойынша қаңқасының, бұлшық ет көлемінің өсуі арқылы нақты, көрнекті жағдайда өтіп жатады.

Ал оның психикасының, жекелігінің дамуы ше? Сананың дамуы оқытудан ба, әлде әлеуметтік жағдайдан ба? Не табиғи есеюден бе? Бұл сұрақтарға жауап адамның ішкі мүмкіндіктерінің шекарасын, сыртқы педагогикалық әсерлердің мақсат- міндеттерін анықтайды.

Педагогика тарихында екі түрлі қарама- қайшы пікір орын алып келеді. Бірі- жаратушының күштілігін тұқым қуалаушылық факторды қуаттаса, екіншісі керісінше, барлық нәтижені ортаның әсеріне жатқызады.

Қазіргі күнгі ғылым психикалық даму қоршаған ортаның санада сәулеленуіне яғни, танымдық тәжірибені және әрекетті меңгеруіне, меншіктенуіне байланысты деп қарайды. Бұл – оқу, білім алу деген сөз.

Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды талдапты. Біз бұдан ары қарай дамудың алдында жүретін, дамуда шешуші роль атқаратын оқыту жайлы сөз етпекпіз.

«Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді. Барлық табиғат құбылыстары сияқты бала психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады. Ғалымдардың зерттеулері баланың даму процесіне 3 түрлі күш пен 3 түрлі фактордың қатысатындығын дәлелдейді.

Олар:

Биологиялық фактор: Бұл ата-анадан ауысқан, туа біткен және өмір сүру барысында қабылданған дененің барлық мүшелерінің, оның барлық жүйесі құбылысының ерекшелігін білдіретін, бала организмнің ортамен қарым- қатынасының нәтижесі.

Әлеуметтік фактор: Бұл бала өмір сүретін орта, ең алдымен адамдардың ортасы. Бұл сондай- ақ баламен қарым-қатынас жасайтын адамдардың сипаттары, мінез-құлық және ақыл- ой бейнелері, олардың мүдделері мен пікірлері, істері мен сөздері, талаптары мен дағдылары, ұмтылыстары, яғни бала өсіп дамитын рухани орта.

Баланың өз белсенділігі: Даму процесіне әсер ететін бұл үшінші күш болып саналады. Оқитын пән қандай да жаңа, бағалы болмасын, мұғалімнің шеберлігі қаншама жоғары болмасын, ер мұғалім баланың өз белсенділігін туғыза алмаса, оған ұсынылған іс пен еңбекте баланың әрекетке қатынасуы нәтиже бермейді. Баланың организм ретінде дамуы мен жеке бас ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Оқыту теориясын Дейл Шунктың жасаған жүйесінің көздеген мақсаттарына жету тек баланың өзінің белсенділігіне байланысты. Осыған орай, бұл жүйенің әдіс- тәсілдері де оқушының оқу белсенділігін ұйымдастыру, қолдап, көмектесіп отыруды көздейді. Бұл жүйемен дәстүрлі оқытуды салыстыру мынадай қорытынды жасауға негіз болады. Дәстүрлі сабақтардың әдістерінің мәні төмендегідей 3 құрамдас бөліктермен анықталады:

1. Үлгіні көрсету
2. Түсіндіру

3. Бақылау, бағалау.

Мұғалім сабақ мазмұнын жақсылап айтып түсіндіріп шығады. Содан соң оны меңгертуге арналған жаттығулар орындалады. Бұдан кейін қалай меңгерілгендігін анықтау мақсатындағы сұрау, бағалау ұйымдастырылады. Әрине, жұмыс әр түрлі болып өткізілуі мүмкін. Мысалы: *өзі айтып бермей, ұнтаспадан тыңдату, балаға оқыту* т.б.

XXI ғасырда Елбасы «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасының ерекшелігі мен нәтижелері білімге ерекше көңіл бөлгендігі байқалады. «Дарын» мектептері «Болашақ бағдарламасы», «Үш тұғырлы тіл», «Физика-математика» бағытындағы жаңа үлгідегі мектептердің пайда болып дамуы. Нәтижелері маңыздылығымен байқалады.

Оқыту теориясы мәнділігін байқатады, терең, тиянақты білім беру тәрбиелеуде талдау, талдап алу, байқап көру ұғымдарының өзі:

- біріншіден, философиялық бағытта ой елегінен өткізіліп, оқу материалдары модульдық үлгіде- білім беру философиясы мазмұнына келтірілуде;

- екіншіден, психологиялық бағытта оқу материалдарын жас ерекшелігіне сай келтіру, қабылдау, ойлау, елестету, қиялдау, есте сақтау, көру, есту арқылы түрлі амалдар жасау, талдау, салыстыру, қорытындылау, жалпылау біріктіре білу арқылы оқу материалдарын меңгеру шарттарына өту, келесі қадам ол әрбір оқушының жеке психологиясын, сабаққа даярлығын диагностикалау, болжамдау, түзетулер ендіру;

- үшіншіден, кіші мектеп жасындағы балаларды білімді игеру: әріп тану, оқу, жазу, сауатты жазу, біріктіріп оқу, ескерту, ойлау амалдарын және әрекеттер жасау мүмкіндіктері мен қабілеттерін ұтымды, оңтайлы пайдалану, дидактикалық проблеманы шешу жолы – оқыту әдісін таңдай білу. Оқыту әдісі- ол шәкірт пен мұғалімнің бірлескен қызметі, оны сабақ беру, оқыту деп атайды. Оқыту әдісі – қойылған мақсатқа жету жолы, ол тәсілдерден, жеке бір реттік әрекеттерден құралады.

Мұғалім оқытудағы мақсатына жету үшін тиімдісін, нәтижелісін таңдап алуға әрекеттер жасайды. Оқыту теориясының кез келген кезеңінде көрнекілік пайдаланылады, олар бірнеше нұсқада, түрдегі иллюстрациялар алу материалын игеруге тікелей қатысты болғанда мақсатты.

Д.Шунк үлкен топтарын атайды. Ал ынтымақтастық, оқыту әдістерінің мәні оқытудағы басты ерекшелік оқу материалдарын терең, тиянақты, сапалы түсіндіру амалдарын жасау- талдап оқытуға айналдыру. Талдап оқыту әдістемесі:

- оқыту, оқу теориялық негіздеме жасау;
- іс- тәжірибелік үлгілерін келтіру;
- теориялық және іс-тәжірибелік байланыстарын нақтылау;
- оқу материалдарына қатысты мысалдар келтіру;
- оқу материалдарына байланысты талдауларды бірлесіп жасау;
- монологтық әдістерді, ынтымақтастық формаларын және диалогтық әдістермен мақсатты, ретімен алмастыру, түрлендірулерді нәтижелеріне сай өткізу.

Д.Шунк ұсынған оқыту әдістерінің тобы аталады, олардың басты мақсаты сапалы білім беру, талдап оқытудың мақсаты оқу материалдарын терең, тиянақты түсіну, олай болса оқыту, оқу нәтижесін көріп, оқыту іс- әрекеттерінің арқасында игеру болатындығын көреді.

Оқу- танымдық қызметтерді ұйымдастыру және жүзеге асырудың басты шарты: таңдап оқыту әдістемесін іске асыру.

Бұл аталған әдістер: сөздік, көрнекілік және практикалық талдап оқытудың қажетті элементтері, теориялық түсіндіруде бірінші кезекте сөздік түсіндіру, түсініктеме жасау барысында талдау жасау қажет. Екіншіден жекеден өту амалдары оқу материалдарын ойластыру, т.б. талдау қажет, ол маңызды. Үшіншіден ұжымдық талдау толықтыру, бірнеше нұсқадан қарастыруға ұласады.

Талдап оқыту әдістемесінің келесі амалдары арқылы еңбектері ынталандырылады, олай болса оқу- танымдық қызметінде белсенділікті арттыру тетігі- қарама- қайшылық өз кезегінде қозғаушы күш туындатады, әрине қозғалыс, жылжу жасайды.

1- кесте

Оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын ынталандыру және түрткі болу әдістері	Шәкірттердің білім алуға міндеттіліктері мен жауапкершіліктері ынталандыру және түрткі болу әдістері
--	--

Оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын ынталандыру және түрткі болуға себепкер болатын әдіс- талдап оқыту әдісі:

1. Оқушы үздіксіз оқуға дағдыланады.

2. Оқу материалдарын жүйелі оқуға қалыптасады.
 3. Оқу, оқыту, білім алу және тәрбиелеу мақсатты болып еңбек ету, оқу нәтижесіне сай ынталану артады.
 4. Талдап оқу, талдап оқыту, ең бастысы оқу материалдарын тиянақты оқу, жазу, қайталау үйлесімдерін табады.
 5. Талдап оқыту әдістемесі «оқы, оқы және оқы» ережесін жүзеге асырады, оқуға өзі үздіксіз оқумен қалыптасады.
 6. Оқу материалдарын игеріп, есінде тиянақты сақтап, мемлекеттік аралық бақылау тапсыру талдап оқытудың қажеттілігін, білімділігін көрсетеді.
 7. Мемлекеттік грант иегері атағына жетуді көздеу басты мұрат, сол ойды жүзеге асыру амалы – талдап оқыту әдістемесінде.
- Талдап оқыту әдістемесін бақылау, байқау және өзін-өзі бақылау жұмыстарында қолдануға болатындығы тәжірибеде көрсетуде.

2- кесте

Бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері

Ауызша бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері	Жазбаша бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері	Практикалық бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері
---	--	--

Оқытуды, оқуда, оқу-тәрбие жұмыстарында өзіне-өзінің есеп беруі маңызды, жасаған оқу әдебиеттері, еңбек әрекеттері және оның нәтижелеріне талдау жасау білімі, іскерлігі және дағдысы қалыптасады. «Таңертең оянысымен өзіңнен «Мен не істеуге тиіспін?»- деп, кешқұрым, ұйықтар алдында: «Мен не тындырдым?»- деп сұра» деген әйгілі Пифагор (570- 500). Бұл тамаша ойдың көрінісі, талдау жасап, бағалау жасау, жоспарлау оқу-тәрбие, басқада іс- әрекеттерінің жақсаруына, жүйелі жүзеге асуына тікелей, нақты бағыт береді.

Ұлы Абай: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір рет, болмаса жұмасына бір рет, ең болмаса айына бір рет өзіне өзің бақылау жаса, есеп бер, талдау арқылы қорытынды шығар дейді. Ол жай іс емес, нағыз тәжірибе және оны өзің ақиқат білесің. Талдап оқыту әдістемесінің мәні амалдар арқылы зерделеу, меңгеру, игеру жүзеге асырылады.

Қарастырылған оқытудың әдістері толығымен барлық талаптарды орындай алмайды, сондықтан мақсатқа қатысты түрлендіру, толықтыру және жаңа оқытудың педагогикалық технологияларын зерделеу, инновациялық элементтермен жетілдіру қажет, негізгі мақсат оқу нәтижесін сапаландыру, тиянақты, тыңғылықты, терең білім алуды қамтамасыз ету – талдап оқыту әдістемесін іс- тәжірибеде қолдану.

Мұғалімдер іс-тәжірибелік қызметтерінде педагогикалық үрдісте оқыту әдістерінің барлық жіктелуін үйлестіреді, тұрақты түрлендіреді, толықтырады және бірін- бірі дамытады.

Өтілетін тарау **модульдік оқыту әдісіне** сай күні бұрын жоспарланады. Жалпы жоспардың көрінісі кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды болып келеді. Мысалы, тарауға кіріспе ретінде бір сағаттық сабақ белгіленіп, қайсы тақырыпты қамтитындығын, қандай сұрақтардың төңірегінде қанша уақыт тоқталатынын, ал негізгі бөлімге тараудың көлемі, осы тарауға ажыратылған мемлекеттік бағдарламаның сағат саны мен тақырыптардың күрделілігіне сәйкес тиісті сағат саны белгіленіп, онда қарастырылатын тақырыптарға сай нақты сұрақтар мен уақыттары жоспарланады.

Әрбір тараудың соңында тарауды қорыту, ондағы өтілген тақырыптарды еске түсіріп, қалыптастыру және жүйелеу мақсатында «Өтілген топтарға шолу» айдарымен жарыс сабағын ұйымдастыру көзделген. Модульдық жоспардың қай сатысында болса да дейгейлеп оқыту әдісімен бірге талдау әдісі қолданылады.

Оқыту теориясының ерекшелігі өткен сабақта үйге тапсырма берілген келесі сабақта өтілетін жаңа тақырыпты талдауға дайындалып келу тапсырылады. Жаңа тақырыпты талдау процесінде тек оқушыларды сөйлетіп, өздігінен түсінуіне мүмкіндік беріп отыру керек. Сабақ мақсатына жетіп, материал түгел талданып, оқушыларға толық түсінікті болғанға дейін мұғалім бағыт беруші, ой ашар, ой қозғаушы, ой толғау және сол сұрақтармен шектелуі тиіс. Мұғалім оқушылардың деңгейіне сәйкес сұрақтарды қоя отырып, әрбір оқушының өз деңгей аясында талдауға қатысуын қадағалап отыруы қажет. Өйткені, әрбір оқушы өзінің қабілетінің мүмкіндік шеңберіндегі қойылған сұрақтардың аясында ғана белсенділік таныта алады да, ал белсенділік танытқан оқушы дұрыс нәтиже береді. Сондықтан, үй тапсырмасын сұрағанда, жаңа материалды талдағанда, жаңа сабақты оқушылардың игеру деңгейіне анализ жасағанда және сабаққа қорытынды жасағанда берілетін тапсырмалар немесе кеспелік және тесттік сұрақтар мен ойын элементтері күрделілігіне байланысты оқушылардың деңгейіне сай беріледі.

Әр тараудың соңында өткізілетін «Өтілген тақырыптарға шолу» жарыс сабағында оқушыларды екі немесе үш топқа бөліп, күрделігіне қарай үш бағытта яғни үш деңгейде параллель жарыс ойындары ұйымдастырылады. Мысалы, әр топтан жоғары деңгейдегі бір оқушыдан шақырылып, оларға бірінші бағыттағы яғни жоғары деңгейге арналған тапсырмалар беріледі, ал әр топтық екінші деңгейіндегі оқушыларына екінші бағыттағы тапсырмалар, үшінші деңгейдегі оқушыларына үшінші бағыттағы тапсырмалар беріледі. Уақыты жеткенде үш тапсырмалардың да нәтижесі күні бұрын әзірленген кестеге тіркеліп, қалған жарыс ойындары да осы тәртіпке ұйымдастырылады. Жарыс сабағында компьютерде қайталауға арналған электронды бағдарламаны пайдаланған өте тиімді. Жарыс ойындары тараудағы өтілген тақырыптарды түгел қамтуы тиіс. Сабақтың бұл түрі де мұғалімнің ұйымдастыруымен және бағыттаушы сұрақтарының көмегімен оқушылардың өздігінен өтілген тақырыптарға шолу жасап, оларды еске түсіріп, оларды талдай отырып, қалыптастыруға және жүйелеуге негізделген.

Сабақтың қай түрі болса да талдау әдісін қолданып, модульдік оқыту әдісі бойынша тақырыпқа қатысты әзірленген сұрақтарды оқушылардың өздігінен талдап, түсінуіне мүмкіндік беру керек. «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек, өздігінен алатын білімнің ұзақ жолы қысқару үшін баланы осы мақсатқа қарай түзеп отыру керек» деген А.Байтұрсыновтың сөзімен үндесіп жатқан бұл әдіс оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық қабілетін, ынталылығы мен қызығушылығын арттырады деп ойлаймыз, оған тәжірибелер дәлелдемелер жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Лапыгин Ю. Н. Методы активного обучения: учебник и практикум для вузов / Ю. Н. Лапыгин. - М.: Издательство Юрайт, 2017. – 248 с.
2. Педагогика. Креативті педагогика: оқу құралы / К.М.Беркимбаев, Ж.Б.Бураева, Г.П.Мейрбекова. – Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақтүрік университеті, Түркістан, 2020 ж. – 207 б.
3. Әлқожаева Н.С., Тәлешова Ұ.Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар: оқу-әдіс-темелік құралы. -Алматы, 2016.- 122 б.

8 Е СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МӘТІННЕН МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТТАРДЫ АНЫҚТАУ ҚАБІЛЕТІН СҰРАҚ ҚОЮ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ҚАЛАЙ ДАМУЫҒА БОЛАДЫ? «LESSON STUDY» ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

АСКАРБЕКОВА Кенжегуль Бауыржановна, РАХМАНОВА Н.Б., ШАГАЙБАЕВА Р.Б.,
КУСМОЛДАНОВА О.Б., БАЙГУТОВА Н.Б., КАССЕНОВ Д.Ә.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі
Талдықорған, Қазақстан
askarbekova_k@tk.nis.edu.kz

Аңдатпа

Мұғалімнің өз кәсіби білімін жетілдірудің ең тиімді әдісі- «Lesson Study». «L.S» әдісінің тарихына көз жүгіртсек. Бұл тәсіл 1970 жылдан бастап барлық Жапония мектептерінде кеңінен қолданылады және бұл әдіс мұғалімдердің біліктілігін арттырудың ең биік шыңы болып саналады. Себебі, бірнеше мұғалім бірігіп, ынтымақтастықпен тәжірибе алмаса отырып, бір мақсатта бір-біріне қолдау көрсете отырып, жақсы нәтижеге жетуге ұмтылатын бірлескен педагогикалық тәсіл. Lesson Study - бірге жоспарлап, оқытып, қадағалап, өз ойларын тұжырымдап, ұсыныстар енгізіп, қайта жоспарлап, құжаттарды бірлесе дайындайтын мұғалімдердің ұжымдасқан жұмысының бір көрінісі іспеттес. Мұндай әдіс кеңінен таралған және мұғалімдер қауымына да, ұрпақтарымызға да берері мол екендігі нақты дәлелденген.

Кілт сөздер: тәжірибе алмасу, әдіс- тәсіл, зерттеу жүргізу, ынтымақтастық орнату, Lesson Study тәжірибесі.

Орыс сыныптарында кейбір пәндер қазақ тілінде өтетін болғандықтан бұл оқушылар ойын еркін жеткізе алмайды және мәтін бойынша нақты ақпараттармен жұмыс жасауға қиналады, мәтіндегі ақпараттарға байланысты сұрақ қою әдісі толық жетілмеген. Сол себепті, біздер бірнеше пән мұғалімі, орыс сыныптарына сабақ беретін соның ішінде 8 Е сынып оқушыларының мәтіннен маңызды ақпараттарды анықтау қабілетінде сұрақ қою дағдысын арттыру үшін өзара келісіп «lesson study» бағыты бойынша зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Біздің жалпы алға қойған мақсатымыз: Оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу. Сабақ жоспарын құру барысында зерттеуші 5 мұғалім және 1 бақылаушы мұғалімнен құралған топ бірігіп, зерттеу сабағын ұйымдастыру үшін география, биология, өзін – өзі тану, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері таңдап алынды. Пән мұғалімдерінің кәсіби даму мақсаттарын ескере отырып «Lesson study» жұмысының зерттеу сұрағы ретінде «8 Е сынып оқушыларының мәтіннен маңызды ақпараттарды анықтау қабілетін сұрақ қою әдісі арқылы қалай дамытуға болады?»- деп нақтыланды. Зерттеуші топ аптасына бір реттен жиналып, А,В,С деңгейіндегі оқушылар тобына жататын оқушының сабақ барысында іс –әрекетін зерттеу үшін, оның қажеттілігін анықтауға болатын тиімді әдіс -тәсілдерді сабақтың жоспарын құру, жалпы сабақ өткізу барысына өз ұсыныстарымызды талқылап отырдық. Оқушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін мәтін бойынша деңгейлік сұрақтарын сабақ барысында қолданып, оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін жетілдіре түсу жұмыстарын қолға алып, оны сабақ сайын күрделендіре түсу жоспарланды. (Сурет – 1)



1 – Сурет. Оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу барысында зерттеуші 5 мұғалім және 1 бақылаушы мұғалімнен құралған топ бірігіп, зерттеу сабағын ұйымдастыру барысы.

2-ші мәселе бойынша «Lesson study» зерттеу жұмысының мүшелерінің жеке рөлдері дәлелдік деректер жинау, мақала жазу, ұйымдастырушы және хатшы рөлдерін анықтадық.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысына қатысты пән мұғалімдердің әрқайсысының өткізілетін сабақ уақыттары қарастырылып, келесідей реттілікпен сабақ уақыттары тағайындалды.

3 - ші мәселе бойынша 8Е сыныбындағы «А», «В», «С» оқушыларын анықтауда әр пән мұғалімдері өз пікірлерін білдіріп, бір ауыздан «А» оқушысын, «В» оқушысын, «С» оқушысын таңдап алынды.

Келесі кездесуге оқушылардың қабілеттіліктерін дамытуға үлес қосатын әдістерді қарастырып келу керектігі айтылды. Соған орай, «Lesson study» зерттеу жұмысын жүргізу барысында оқушыларының мәтіннен маңызды ақпараттарды анықтау қабілетін сұрақ қою әдісі бойынша мақсат қою оқушылардың сұрақ қоя білу және сұрақтарға жауап беру қабілеттілігін дамыту көзделді. (Сурет – 4)



Сурет – 4. 8 Е сынып оқушыларының сауалнама, бағалау парағы мен хаттамасы.

1-ші зерттеу сабағы биология пәнінен: Есту мүшесінің гигиенасы және есту арқылы қабылдау ерекшеліктері. Осы сабақ барысында анықталып алынған А,В,С деңгейіндегі оқушыларымның сабақ барысындағы іс-әрекеттерін 4 мұғалім зерттеп шықты. Мәтін бойынша күрделі сұрақтар қоюмен байланыстырып құрылған сабақ жоспары мен сыни тұрғыда ойлау қабілетін дамыту үшін берілген сұрақтар жауаптарымен сәйкес келе ме, жоқ па сабақ барысында анықталды. Сабақ сәтті өтті. С деңгейдегі оқушының ұяңдығын ашатын түрткі сұрақтары алға қарай ілгерілеуге жетеледі. Жетелеу сұрақтары арқылы, жеке жұмыстар мен тапсырмалар беру арқылы сабаққа деген қызығушылығы мен топ арасында көшбасшылық қабілетін А деңгейіндегі оқушы көрсете білді. В деңгейіндегі оқушы бастапқыда сұрақтарға онша араласпады, бірақ жеке тапсырма кезінде өз тапсырмасын өз деңгейінде орындап шығып, өзін көрсете білді. Оқушы үнін тыңдаған кезде А деңгейдегі оқушы сабақ тақырыбына байланысты сұрақтарды көбірек қолданар едім деген тұжырым жасады, яғни сонда оқушының тек жеке жұмыс қана емес топпен бірігіп тапсырмалар орындағысы келетінін түсіндіріп

айтты. Яғни, сыни тұрғыда ойлау қабілетінің жоғары екендігін аңғарта түсті, В деңгейдегі оқушы - «Еш нәрсені өзгертпей осы сабақты қайта өтілгенінен қалаймын, маған өте қызықты болды»- деп жауап берді. С деңгейдегі оқушы – «Сабақ ұнады, бірақ мен бұл сабақта өзімді көрсете алмадым.»- деген тұжырым жасады. Келесі сабақта белсендірек болатынын айтып өтті. Зерттеу жүргізген мұғалімдердің тарапынан сабақ барысында сұрақтар санын көбейту ұсынылды.

2-зерттеу сабағы Қазақстан тарихы пәнінен: XIX ғасырдың 60 – 70 жылдарындағы ұлт – азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді? Бұл сабақта алдыңғы сабақтағы ұсыныстар ескеріліп сұрақтар саны көбейтілді. Сабақ мақсатына жетті. Оқушылардың білім деңгейін көтеру, сонымен қатар желілік қоғамдастық пен өзара әдіс алмасу мақсатында ұйымдастырылған бұл зерттеу сабағы өз дәрежесінде өтіліп, келген ұстаздар қауымы алар жаңалықтары көп екендігін сөзге тиек етті. «А», «В», «С» оқушылары бойынша талқылау жүргізіліп, «А» -оқушысының қатты белсенділік танытпағанын назарға алынды және «С» оқушысының да белсенділігі төмен болғаны айтылды, оның себебі тілдік қиындықтар екендігі ескерілді. «В» оқушысының белсенділігі орташа, топтық жұмысқа қатысты. Тілдік қиыншылықтарға қарай, әр оқушы алдына мәтінмен жұмыс істеу кезінде көмекші сөздік болса деген ұсыныс айтылды.

Келесі 3-зерттеу сабағын биология пәнінен «Жылықанды жануарлардың әр түрлі климаттық ортаға бейімделуі» тақырыбы таңдап алынып, сабақ жоспары жоспарланды. Ұсыныс бойынша әр оқушы алдында терминологиялық сөздер болды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында топты жылықанды және суыққанды жануарлар арқылы біріктіріп, қалыптастырушы бағалауды 4 топ арқылы, яғни өте жақсы, жақсы және нашар деп бағалап отыру жоспарланды. «SWOT талдау» әдісі арқылы оқушылардың топта бірігіп постер құруын, жануарлар суреттерімен жұп болып жұмыс жасауын, логикалық сұрақтарға бейнекөрсетілім арқылы жауап беруі жоспарланды. Бұл сабақтан бүкіл топ бойынша әр деңгейге сәйкес келетін оқушыларды түгелімен бақылауға алып, олардың іс-әрекетін бақылауды алға мақсат етіп қойылды. Зерттеу сабақтары зерттеуші топта бірігіп жұмыс жүргізген мұғалімдерге өзара әдіс алмасып қана қоймай бірігіп жұмыс жүргізуге, өз білімімен білік деңгейін көтеруге де өз ықпалын арттыра түсті. Бұл сабақтан бүкіл сынып бойынша әр деңгейге сәйкес келетін оқушыларды түгелімен бақылауға алынды, олардың іс –әрекетін бақылауды алға мақсат етіп қойылды [1].

Келесі 4 – зерттеу сабағын өзін – өзі тану пәнінен өткізген сабағындағы «А», «В», «С» оқушылары бойынша талқылау жүргізілді. Талқылау барысында, әр пән мұғалімдерінен пікір айтылып, «А» оқушысы – сабаққа зейінін аудармағаны туралы айтылып, оның себебін оқулық пен дәптерсіз отырғандықтан жинақы болмады деген ой қорытты. Ал «В» оқушысының белсенділігі тек топқа берілген сұраққа жауап берумен шектелді. «С оқушысы» - сабақта мүлдем белсенділік танытпағанына қарамастан, сабақ соңындағы интервьюден кейін назар салып тыңдап отырғаны мәлім болды. Ұсыныс ретінде оқушылардың жеке сабақтағы белсенділігін көру үшін жеке де тапсырма беру керектігі назарға алынып өтті.(Сурет – 2).



Сурет – 2. 8 Е сынып оқушыларымен зерттеу жұмыс барысы.

Келесі 5 – зерттеу сабағын Дүниежүзі тарихы пәнінен топпен жұмыс жасалып, дифференциация бойынша өтті.«А» оқушысы сабақта белсенділік танып отырды. Сұрақ -жауапқа жауап беріп отырды. А оқушысына берілген тапсырма деңгейі оңай болды. «В» оқушысы Топтық жұмыс барысында тапсырмаларды орындап, сұрақ қойып отырды, бірақ өздігінен белсенділік танытпады. «С» оқушысы сабаққа деген қызығушылығы бар. Бірақ қойылған сұраққа жауап бере алмады тек біреудің жауабына қосылып қана отырды. Өздігінен сабақтағы белсенділігі төмен болды. Мәселе соңында, барлық мұғалімдермен әр оқушыға жеке жұмыс беру, зерттеліп отырған оқушыларды сөйлету,сабаққа қатыстыру мақсатында топтағы спикер ретінде сайлау керек деген ұсыныс жасалды.

Келесі 6 – зерттеу сабағын география пәнінен «А» оқушысы Жеке жұмыс кезінде тапсырмалар оңай болды. «В» оқушысы сабақта тапсырма орындады. Белсенділік болмады. «С» оқушысы сабақ барысында прогресс болмады. (Сурет -3)



Сурет -3. Қазақстан тарихы пәні барысында 8 Е оқушыларынан сауалнама алу барысы

Зерттеуді қорытындылай келе мынадай тұжырымға тоқталдық: Кездесудегі басты мәселесі «Lesson study» зерттеу жұмысы әдісінің «А», «В», «С» оқушыларының оқу процесі барысындағы өзін ұстауына, зерттеу жүргізілген пәндер бойынша белсенділігіне, үлгеріміне әсерін бағалап қорытынды шығару [2]. А, В, С деңгейдегі оқушылар сабақта қаншалықты белсенді? А- оқушысы және С оқушысы олар аудиал. Аудиалдар ақпаратты есту мүшесі арқылы қабылдайды. В-оқушысы ол визуал.

Өзін – өзі тану пән мұғалімінің байқауы бойынша «А» оқушысы - өздігінен дайдалғанды, жекелей отырғанды ұнатады, оның бойында жекешелену қасиеті басымырақ. Ол үнемі дайын, сабақтың барлық тапсырмаларын өздігінен дайындалып жүретіндігін байқатып отырады. Қай кезде де қойған сұрақтарға тыңғылықты жауап беріп, сабақтардың барлық бөлімін өз назарында ұстап отырады деп тұжырым жасады.

«С» оқушысы - сабақ барысында зейіні шашыраңқы, сол себептен, берілген тапсырмалар, қойылған сұрақтарға бірден толық қанды жауап бере алмай қалатындығы соған тікелей байланысты. Жалпы зерттеу барысы кезінде назардан тыс қалдырмай, үнемі жетекші сұрақтар қойып, жіті қадағалап отырса, одан жақсы жауаптар алып, сабаққа белсенді қатыстыруға болады.

«В» оқушысы - мінезі тұйық, ұяң, өзін ортада еркін ұстай алмайды, білгенін ішінде жасырып отыратын, тікелей сұрақ қойғанда дұрыс жауап алуға, өтіліп жатқан сабақтың бағыт - бағдарын назарында ұстайды. Жекелей тапсырмаларды тыңғылықты орындайды. Өзіне - өзі талап қоя алатын, көздеген мақсатына баяу жететін тұлға.

Зерттеудегі бұл үш оқушының темпераменті әр түрлі, қабылдау деңгейлері де, сәйкес емес. Зерттеу барысында оқушылардың деңгейлік көрсеткіштері біршама өзгерді. Сыныпта жекелей тапсырмалар беріп, үнемі назарда ұстаса, тәжірибе барысы оң нәтиже бермек» - деп жеткізді ойын.

Биология пәні бойынша «А» оқушысы сабаққа толық қатысты, сұраққа жауап бере алады, топ бойынша жұмыс жасай алады, мысал келтіре алады. «В» оқушысы топпен жақсы жұмыс жасай алады. «С» оқушысы жана тақырып ашуда сұрақтарға жауап бере алды. Жеке жұмыстан көрі топпен жұмыс жасағанды ұнатады. Lesson study А оқушысына жақсы әсер етті. Оқушы ашылып жауап бере алды. В оқушысы толық ашылмады. С оқушысы сабақ басында активный ортасына қарай пассивный» -деген сөзіне екінші биология пән мұғалімі де келісетінін мәлімдеді.

география пән мұғалімінің сөзінше география пәніндегі зерттеуіне сәйкес «А» және «В» оқушылары өзгеріссіз, ал «С» оқушысында аз да болса ілгерілеу бар екендігін алға тартты.

Қазақстан тарихы мен дүниежүзі пән мұғалімдері зерттеудегі А, В,С оқушыларының темпераменттері үш түрлі бірақ бұл зерттеу жұмысымыздың барысында тек «С» оқушысында алдыға іргерілеу бар екенін атап айтып өтті.

Зерттеуімізді қорытындылай келе бастапқыда алға қойған мақсатымыз бойынша «8 Е сынып оқушыларының мәтіннен маңызды ақпараттарды анықтау қабілетін сұрақ қою әдісі арқылы қалай дамытуға болады?» А, В, С оқушыларын зерттеу барысы «С» оқушысы үшін оң нәтиже берді. «С» оқушысының биология, география пәндеріне деген қызығушылығы арта түсті. «А» оқушы өзі белсенді оқушы сондықтан бұл оқушы үшін топтық жұмыстар жақсы әсер етті. «В» оқушысы мінезі тұйық болғандықтан тек қана жеке жұмыстарда ғана өзін көрсете алды, бірақ зерттеу барысы аса әсер етпеді деген қорытындыға келдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдраманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін: әдістемелік ұсыным. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 52 б.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015. – 180 б.

АШЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОНТЕКСТІНДЕ ОНЛАЙН КУРС ҚҰРУҒА АРНАЛҒАН ПЛАТФОРМАЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

АТЫМТАЕВА Айгерим Мейрамханқызы, АЛДАБЕРГЕНОВА А.О.

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

Талдықорған, Қазақстан

aigerim10.04.1992@gmail.com

Аннотация

Қазіргі заман талабына сай білім беру мекемелері қашықтықтан оқыту технологияларын қолдануда. Онлайн бастамалар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Мақалада онлайн курстарды құруға арналған платформалардың мүмкіндіктері қарастырылып, оларды құруға қойылатын талаптар ұсынылған.

Тірек сөздер: ашық білім беру, ашық платформалар, онлайн курстар, электронды оқыту, қашықтықтан оқыту технологиялары

Аннотация

В соответствии с условиями современного мира образовательные учреждения использует дистанционные технологии обучения. Открылись новые возможности для онлайн-инициатив. В статье рассмотрены возможности платформ для создания онлайн-курсов и предложены требования к их созданию.

Ключевые слова: открытое образование, открытые платформы, онлайн-курсы, электронное обучение, дистанционные образовательные технологии.

Annotation

In accordance with the conditions of the modern world, educational institutions use distance learning technologies. New opportunities for online initiatives have been opened. The article considers the possibility of a platform for the creation of online courses and offers requirements for their creation.

Keywords: open education, open platforms, online courses, e-learning, distance learning technologies

Ақпараттандыру - кәсіби қызметтің барлық дерлік салаларын қамтитын қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық технологиялар - әртүрлі типтегі кәсіпорындар мен ұйымдардағы бизнес-процестердің элементі немесе көп мөлшерде коммерциялық және мемлекеттік қызметтерді тұтыну шарты ғана емес, сонымен қатар «жалпы мақсаттағы технологиялар» ретінде бүкіл технологиялық және әлеуметтік-экономикалық ортаның ауқымды мөлшерде өзгеру қарқынын анықайды. Осындай жағдайда, IT-сауаттылық – бір жағынан, кез келген маман үшін қажетті талап болса, екінші жағынан, маманның өзі үшін де, оқу орындары үшін де міндетке айналды.

Сапалы білім берудің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі, әсіресе ресурстармен қамтамасыз етілмеген университеттер үшін, ашық білім беру тұжырымдамасына интеграциялау болып табылады. Бұл тұжырымдама қашықтықтан және электронды оқыту идеясының дамуына бастама болды, яғни электронды білім беру ресурстарын белсенді пайдалану және жеке педагогикалық тапсырмаларды ішінара автоматтандыру арқылы виртуалды ортада жүзеге асырылатын оқыту, ең алдымен дәріс оқу және аралық білімді бақылау, сонымен қатар кез келген адамға өзі тіркелген белгілі бір онлайн курсқа ашық, тегін қол жеткізуге болатын білім беру жүйесін құру мүмкіндігін ұлғайтты. Бұл тек сирек кездесетін оқулықтарға немесе бейне-дәрістердің жазбаларына қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар тіркелген пайдаланушылар тобына алдын ала белгіленген кестеге сәйкес дәріс материалын беруді, үй тапсырмасын, мұғаліммен өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтитын толыққанды білім беру процесі екенін атап өту керек.

Udacity, Coursera, edX, Future Learn, Universarium, Open Education сияқты ашық білім берудің халықаралық жобалары мен олардың аналогтары онлайн курстарға, олардың негізгі мазмұнына еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді, дегенмен көптеген коммерциялық жобалар шығындарды ішінара өтеу үшін қосымша ақыға қызметтер ұсынады (сертификат алу, жеке консультациялар және т.б.).

Онлайн оқыту платформалары – интернет арқылы қашықтықтан оқытуда студент пен оқытушы арасында делдал қызметін атқаратын қызметтер. Платформалар білім беру процесін автоматтандырады және оңтайландырады, бұл білім беру құнын, оқытушыға түсетін салмақты азайтады, оқуды жеңілдетеді және тиімдірек етеді.

Сонымен қатар, платформалар курстың авторы үшін интернеттегі сабақтардың сандығы болса, студентке оларға ыңғайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін жүйе ретінде әрекет етеді.

Ашық білім беру платформаларының көпшілігінде онлайн курстарды әлемнің жетекші университеттерінің профессорлары әзірлейді және әртүрлі пәндік салалардағы ең озық оқыту материалдарын ұсынады. Соңғы жылдары жетекші ашық білім беру платформалары жеке курстардан

басқа, бірнеше дәрежелерді біріктіретін тұтас бағдарламаларды, тіпті серіктес университеттер беретін толыққанды университеттік дәрежелерді ұсынып отыр. Мысалы, «Синергия» университеті мемлекеттік дипломмен жоғары білім алуды онлайн режимінде ұсынады [1].

Онлайн курс – біртұтас аудиовизуалды білім беру өнімі, оның міндетті элементтері:

- курстың әрбір тақырыбы бойынша бейнелекциялар;
- курстың әрбір тақырыбы бойынша бақылау формалары;
- форум немесе басқа кері байланыс элементі;
- қорытынды сынақ;
- курсқа арналған әдебиеттер.

Ашық білім беру контекстінде онлайн курс құруға дайындық кезеңінде кездесетін қиындықтар мен құрылған курсқа қойылатын талаптарды ескеру қажет. Олар:

- пәндік саланың қазіргі даму деңгейін көрсететін жоғары сапалы оқу материалдарына негізделуі;
- тыңдаушылардың түсінуі және меңгеруі үшін қолжетімді болуы;
- оқу материалының ойластырылған құрылымы, оқу блоктары мен тапсырмаларының көлемі мен күрделілігі бойынша теңдестірілген болуы;
- алған білімдерін тексерудің түрлі формаларының болуы.

Онлайн оқыту курстарын одан әрі жетілдіру төмендегі материалдармен де тікелей байланысты болады деп есептейміз:

- Ағынды аудио және бейнені пайдалану.
- бақылау және тест тапсырмаларының әртүрлілігі;
- мультимедиа арқасында оңай сіңетін оқу материалының үлкен көлемі;
- тыңдаушылар арасындағы қарым-қатынас.

-Курсты өткізудің аралас әдістерін қолдану: интернет, интранет, CD-ROM бағдарламалары және т.б.

Қазақстандық, ресейлік немесе халықаралық онлайн платформаларда курстарды орналастыруға қойылатын талаптар сәйкесінше әртүрлі болып келеді және бұл айырмашылықтар өте маңызды болғандықтан онлайн курсты құруға дайындық кезеңінде ескерілуі керек. Coursera, EdX, Udemu, Stepik және Ұлттық ашық білім беру платформасы сияқты танымал платформаларын мұқият зерттей отырып, келесі талаптар айқындалды:

- курстардың құрылымы, көлемі және мазмұны – модульдердің мазмұны және курстың жеке элементтері тексеріледі, міндетті объектілер белгіленеді;
- оқыту әдістері – оқу мақсатына жетудің әдістері мен құралдары тексеріледі;
- техникалық сипаттамалар – курстардың мәтіндік және аудиовизуалды материалдарының параметрлері тексеріледі (кейде өте қатаң түрде), кей жағдайларда онлайн курстың көру және есту қабілеті бұзылған адамдар үшін жеке нұсқасының болуына талаптар қойылады;
- оқу үдерісін бақылау – оқу нәтижелерін тексеру және бағалау тәсілдері, қойылған мақсаттар мен міндеттеріге қол жеткізу дәрежесі, пайдаланушыларға сауалнама жүргізу, кері байланысты ұйымдастыру тәсілдері және т.б. тексеріледі;
Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану үшін оқу және ұйымдастырушылық міндеттерді шешуде білім беру ұйымдары әртүрлі құралдарды қолданады: компьютерлік бағдарламалар, компьютерлік тестілеу құралдары, сандық анықтамалықтар, энциклопедиялар мен сөздіктер, оқу құралдары мен оқулықтар, электронды кітапханалар, электронды журналдар мен күнделіктер. Басқару қызметкерлері ұйымдастырушылық мәселелерді шешу үшін электронды анықтамалық-құқықтық жүйелер мен мамандандырылған бағдарламалық құралдарды жиі қолданады, басқару және экономикалық міндеттер, сондай-ақ электрондық құжат айналымын ұйымдастыру үшін.

Жаңа коронавирустық инфекцияға байланысты Қазақстанда білім алу оңай кезеңді бастан өткерген жоқ. Қашықтан жұмыс істеу әдістеріне мәжбүрлі түрде жаппай көшу жаңа білім беру технологияларын игеруге және жаңа білім беру ресурстарын құруға түрткі болды. Білім министрлігі әр оқушыға, студентке, мұғалімге, ата - анаға ақысыз қол жетімді келесі федералды және аймақтық білім беру онлайн платформаларын қолдануды ұсынды.

Пандемия біздің еліміздегі көптеген аспектілерге, соның ішінде білімге де әсер етті және барлық мұғалімдер қашықтықтан оқыту форматына көшуге мәжбүр болды. Жаңа форматқа күрт көшудің салдарынан мұғалімдерге қолдау және қосымша оқыту қажет. Қазіргі уақытта оқу процесінде интерактивті технологияларды тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің цифрлық дағдыларын дамыту қажеттілігі туындайды, өйткені барлық мұғалімдердің онлайн ресурстарды өз бетінше игеруге және енгізуге мүмкіндіктері жоқ. Оқу процесіне цифрлық технологияларды енгізу бойынша онлайн-курсы бар әзірленген білім беру платформасы сабақтардың интерактивті контентін құру, оқыту процесін геймификациялау үшін түрлі платформаларды қолдану арқылы білім беру процесінің заманауи модельдерін іске асыруға мұғалімдердің дайындығын арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ мұғалімдер білімді тексеру үшін білім беру қызметтерін пайдалана отырып, викториналар мен тапсырмаларды өз бетінше жасай алады және өздерінің онлайн курсын әзірлеу үшін шығармашылық тәсіл көрсете алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Алексеев, Г.В. Компьютерные технологии при проектировании и эксплуатации технологического оборудования: Учебное пособие / Г.В. Алексеев, И.И. Бриденко, В.А. Головацкий. - СПб.: ГИОРД, 2012. - 256 с.
- 2.Алексеев, Г.В. Компьютерные технологии при проектировании и эксплуатации технологического оборудования / Г.В. Алексеев, И.И. Бриденко, В.А. Головацкий. - СПб.: Гиорд, 2012. - 256 с.
- 3.Алексеев, Г.В. Компьютерные технологии при проектировании и эксплуатации технологического оборудования / Г.В. Алексеев. - СПб.: ГИОРД, 256. - 2012 с.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ӘСЕРІ

ЕРҒАЛИЙҰЛЫ Ернат, ДОШИМБЕКОВ Айдын Бағдатович

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті, Қазақ спорт және туризм академиясы
Өскемен, Алматы, Қазақстан
yernat1998@mail.ru

Аннотация

Мақала дене тәрбиесінің студенттердің оқу іс-әрекетіне әсерін зерттеуге арналған, өйткені дене тәрбиесі оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Мақалада дене шынықтыру мен спорттың студенттер өміріндегі рөлі, сондай-ақ осы мәселенің өзектілігі және оның қажеттілігі туралы мәселе қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада жеке тұлғаны қалыптастыру, денсаулықты сақтау және нығайту мақсатында оқушыларды дене шынықтырумен айналысуға тарту міндеттері қарастырылды. Ақыл-ой қабілеті бүкіл ағзаның жалпы физикалық жұмысына байланысты екендігі анықталды, бұл өз кезегінде студенттердің эмоционалды тұрақтылық, төзімділік, зейіннің тұрақтылығы сияқты қасиеттеріне байланысты. Мақаланың соңында дене шынықтырудың жағымды жақтары, сондай-ақ физикалық белсенділіктің қажеттілігі көрсетілді.

Кілттік сөздер: дене шынықтыру, спорт, студенттер, салауатты өмір салты, денсаулық, тұлғаны дамыту.

Қазіргі білім беру жүйесінде дене шынықтыру және спорт оқытудың ажырамас және міндетті бөлігі болып табылады, ол физикалық жұмыс жасау арқылы адам денесін жан-жақты жетілдіруді білдіреді. Студенттердің жас физикалық және рухани қасиеттердің белсенді қалыптасуы, қоғамның әлеуметтік функцияларын орындауға дайындықпен сәйкес келеді және дененің физиологиялық және қозғалыс мүмкіндіктерінің жас дамуының соңғы кезеңі болып табылады [1].

Оқушылардың моторикасын қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады, өйткені қазіргі уақытта студенттердің прогрессивті физикалық белсенділігі байқалады, бұл тек аудиторияларда ғана емес, үйде де көптеген сабақтарға байланысты. Осыған байланысты денсаулығының қанағаттанарлықсыз жағдайы, дене бітімі мен тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, ақаулары бар студенттердің саны көп көру, нейропсихикалық ауытқулар және артық салмақ, мұның бәрі жиі аурулармен сипатталады [2]. Ақыл-ой белсенділігімен біріктірілген белгілі бір физикалық белсенділік оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға, өнімділікті арттыруға ықпал етеді. Физикалық белсенділікті ұзақ уақыт шектеу кезінде зейіннің, есте сақтаудың және ойлаудың төмендеуі байқалады, мұның бәрі өз кезегінде студенттердің жұмыс қабілетінің төмендеуіне әкеледі [3]. Нәтижесінде, дене шынықтыру

және спорт студенттер үшін олардың денсаулығы мен оқу жұмысының тиімділігін қалпына келтірудің негізгі құралына айналады.

Студенттердің дене тәрбиесінің маңызды мақсаты-денсаулықты нығайту және спорт пен дене шынықтыруға саналы көзқарасты қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалуы керек:

1. Дене шынықтыру және спортпен айналысуға ынталандыру;
2. Ыңғайлы сабақтар үшін жағдай жасау;
3. Салауатты өмір салтын жүргізудің негізгі ережелерін сақтау;
4. Студенттердің қозғалыс дағдылары мен қабілеттерін дамыту;
5. Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру;
6. Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануға деген тұрақты қызығушылық пен қажеттілікті тәрбиелеу;
7. Дене шынықтыру және белсенді демалысты насихаттау;
8. Болашақ мамандарды кәсіби қызметке даярлау.

Студенттің оқуы-бұл ақпаратты қабылдау мен өңдеуге, есте сақтау кернеуіне, ойлау процестеріне байланысты ақыл-ой қабілетінің керемет мысалы. Бұл жұмыс түрінің басты ерекшеліктерінің бірі – ақыл-ой қабілеті-бұл жүйке орталықтарының салыстырмалы түрде кішкентай аймағында мидың қатты қозуы, бұл студенттердің тез жұмыс істеуін, сезім органдарындағы шиеленісті және мотор белсенділігінің шектелуін түсіндіреді [4].

Қарқынды ақыл-ой жұмысының салдары-бұл ақыл-ой еңбегін орындауға тікелей қатысы жоқ бұлшықеттердің еріксіз кернеуі мен жиырылуы. Миға жүктеме неғұрлым көп болса, бұлшықет кернеуі соғұрлым көп болады. Ақыл-ой жұмысы көбінесе бүкіл ағзаның жалпы физикалық жұмысына байланысты. Бұл студенттердің психологиялық және физикалық қасиеттерінің жағдайына байланысты, мысалы: эмоционалды тұрақтылық, жалпы төзімділік, ақыл-ой белсенділігінің жылдамдығы, шоғырлану және зейіннің тұрақтылығы [5]. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, өмірінде мотор белсенділігі жоқ студенттер летаргиялық күйге түседі, олардың үлгерімі нашарлайды, ұқыптылық пен жалпы жұмыс қабілеті төмендейді, денсаулығына байланысты проблемалар туындайды.

Кез-келген қозғалтқыш жүктемесін серуендеуден немесе жүгіруден бастап, физикалық жаттығулардың қарапайым кешендерін орындау арқылы дене шынықтыру құралдарына жатқызуға болады. Сондай-ақ, дене шынықтыру құралдарына санитарлық-гигиеналық орта, Еңбек және демалыс режимі, ұйқы және тамақтану кіреді. [6].

Мысалы, таңертеңгілік жаттығулар сіздің денеңізді жұмыс істейтін күйге келтірудің тиімді әдісі болып табылады. Күннің басталуы дене жаттығуларымен дененің барлық бөліктеріндегі қан мен лимфа ағымын арттырады, бұл өз кезегінде метаболизмді белсендіреді.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, екінші жұптан кейін студенттердің ақыл-ой жұмысы күрт төмендей бастайды. Дене шынықтыру үзілісін жасау керек, ұзақтығы 10 минут немесе әр 2 сағат сайын 5 минут. Дене шынықтыру үзілістерінің ең жақсы әсері қол жеткізу мүмкін отырып, жаттығулар, релаксация утомленных бұлшық. Зерттеулер көрсеткендей, дене шынықтыру үзілісін 10 минуттық орындау кезінде жұмыс қабілеттілігі 5-9%-ға, 5 минуттық үзіліс кезінде 2,5 – 6%-ға артады[7].

Студенттер – ұйқының және ақыл-ой кернеулерінің жетіспеушілігіне, нәтижесінде жүйке мен психологиялық асқынуларға бейім әлеуметтік топ. Дене шынықтыруды шамадан тыс жұмыс пен стрессті бақылау құралы ретінде қолдануға болады, өйткені қандағы жаттығулар кезінде стресс гормонының деңгейі төмендейді – кортизол, ол мидың жұмысына, реакция жылдамдығына және бұлшықет күшіне жауап береді.

Дене шынықтыру әр оқушының өмірінің ажырамас бөлігі болуы керек. Белгілі бір спорт түрімен немесе физикалық белсенділікпен жүйелі түрде айналысатын, физикалық белсенділік арқылы жүйке кернеуін үнемі түсіретін, жалпы өнімділігін арттыратын, дененің Әлеуметтік және биологиялық органың қолайсыз факторларына стресске төзімділігін арттыратын және психофизикалық денсаулығын сақтайтын студенттер.

Дене шынықтыру және спорт дене тәрбиесінің және адамдардың, соның ішінде студенттердің жеке басын жан-жақты дамытудың негізгі құралы болып табылады. Сабақтарда дене шынықтырумен оқушылар ғана емес, зейнет ақы және жетілдіреді, өзінің жеке дағдылар мен іскерліктер, бірақ тәрбиелейді өзіне еріктік және адамгершілік қасиеттері. Осылайша, тұрақты дене шынықтыру сабақтары студенттерге өмірдің қарқынды ырғағына, психоэмоционалды шамадан тыс жүктемелерге, соның ішінде ақыл-ой жұмысына қарсы тұруға көмектесетін әмбебап құрал болып табылады.

• Жоғарыда айтылғандардың негізінде қазіргі уақытта студенттер салауатты және белсенді өмір салтын ұстануы керек деп айтуға болады, бұл дене шынықтыру сабақтарына үнемі

қатыспай мүмкін емес. Өз кезегінде ЖОО-лар студенттерді олардың ұмтылыстарына қызықтыру және қолдау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы тиіс. Студенттердің дене шынықтыруға деген қызығушылығын қолдау үшін университеттер келесі қағидаларды ұстануы керек:

- Салауатты өмір салты және кәсіби қасиеттерді қалыптастыру үшін дене тәрбиесінің маңыздылығы туралы дәрістер енгізу;
- Оқу орнында спорт секцияларының жұмысын қолдау;
- Дене шынықтыру және спортпен айналысуға ынталандыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Любаев А. В. Влияние физических упражнений на умственную деятельность студентов и их взаимосвязь // Молодой ученый. — 2015. — №18. — С. 423-425.
2. Бабина В. С. Проблема здоровья студенческой молодежи // Молодой ученый. — 2015. — №11. — С. 572-575.
3. Игнатъева В. Я. Гандбол: учебник для высших учебных заведений. — М., Физическая культура, 2008. — 111 с.
4. Игнатъева, В. Я. Примерная программа спортивной подготовки по виду спорта «Гандбол» /В. Я. Игнатъева, В. И. Тхорев, А. Я. Овчинникова. — М.: Спорт, 2016. — 97 с.
5. Сивицкий В. Г. Диагностика тактических умений спортсменов методом имитации типичных соревновательных ситуаций (на примере фехтования): автореф. дисс. ...канд. пед. наук/ Сивицкий Владимир Геннадиевич, РГАФК. — М., 1995. — 24 с
6. Суслов Ф. П. О стратегии соревновательной практики в индивидуальных видах спорта в олимпийские годы //Теория и практика физ. культуры. — 2002. — № 11. — С. 30–33.
7. Тхорев В. И. Управление соревновательной и тренировочной деятельностью гандболистов высокой квалификации на основе моделирования: Автореф. дис. доктора пед. наук; Кр. ГИФК. — Краснодар, 1999. — 50 с.

ОҚУШЫЛАРҒА ӨЛКЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА ЕСТЕ САҚТАУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ТОПОНИМДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

ЕРСАЙЫНОВА Шолпан Талғатқызы, ЛАЙСХАНОВ Ш.У

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

sholpan.9696@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың өлкетану сабақтарында есте сақтау әдістері арқылы топонимдерді оқыту мәселелері қарастырылған. Мнемоника арқылы Loci және Фоер әдістерін қолданып оқушылардың географиялық нысандарды қазақ халқының әдебиеті, тарихы, мәдениеті, ұлттық құндылықтары, тарихи тұлғалары негізінде байланыстыра отырып оқыту жолдары қарастырылып, бірнеше мысалдар келтірілді. Осындай пәнаралық байланыс түрлерін пайдалану оқушының сөздік қоры мен танымдық дамуы, қоршаған ортаның тұтастығы мен әртүрлілігін және қазіргі әлемдегі орны мен ролі туралы көзқарасын қалыптастыратыны туралы баяндалды.

Кілт сөздер: Мнемоника, топонимика, Loci әдісі, Фоер әдісі, өлкетану.

Білім беру тек ғылыми білім мен дағдыларды меңгеру емес, адамды дамыту мақсатындағы тәрбие мен оқыту процесі деп қарастырылады. Жасыратыны жоқ, жалпы білім беретін оқу орындарының барлық оқушыларының білім сапасы бірдей емес. Ал мектеп бағдарламасының әдістемесі оқушылардың механикалық есте сақтауына және логикалық ойлауына арналған, бұрынғы алған білімдерін жылдан-жылға көбірек ақпаратпен жүктейді. Өлкетану сабақтарында берілетін ақпараттарға кері байланыс мақсатында қойылған сұрақтарға егжей-тегжейлі жауаптарды іздеуді қажет етеді. Нақты жауап алу үшін материалды мұқият оқу, мәнін есте сақтау, жанды қиял, яғни есте сақтау қабілетінің дамуымен тікелей байланысты ақпаратты өз бетінше өңдеу қажет.

Топонимдерді үйретуде оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін өлкетану пәні бойынша берілетін атауларды қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, этнопедагогикасы, тарихи тұлғалары, ұлттық құндылықтары туралы материалдармен салыстыра отырып түсіндіру үшін сабақ үдерісінде жаңа әдіс-тәсілдерді, соның ішінде мнемоника (есте сақтауды жетілдіру) арқылы Loci әдісі

(есте сақтағың келген ақпаратты танымал жерлермен байланыстыру), Фоер әдісін (есте сақтау үшін белгілі бір ұғымды бірнеше затпен байланыстыру әдісі) үнемі пайдалану қажет.

Соңғы кездері топонимикалық зерттеулерді жүргізудің өзектілігі арта түсуде. Өйткені, жуырда қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, Елбасының жолдаулары туған жердің рухани-табиғи мұрасын игеру керектігін көрсетеді. Атап айтқанда, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [1] мақаласында таяу болашақта шешуді қажет ететін бірқатар міндеттерді, соның ішінде «Туған жер» бағдарламасын атап көрсетті. «Білім беру саласында өлкетануды кеңінен жүргізетін патриотизмнің ең жақсы үлгісі – жалпы білім беретін мектептерде туған жер тарихын оқытудан бастау» деген болатын. «Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Туған жердің әрбір сайы мен қыркасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс...» деген болатын.

Зерттеуімнің мақсаты - қазақ жерінің географиялық нысандарын оқытуда есте сақтау қабілеттерін дамыту әдістері қолдану және өлкетану бойынша берілетін атауларды қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, тарихи тұлғалары, ұлттық құндылықтары туралы материалдармен салыстыра отырып оқыту жолдарын көрсету.

Қазіргі уақытта баланың жан-жақты дамуы ерте жастан басталады, бұл жағдайда баланың дамуы үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Олардың арасында Н.Зайцев, М.Монтессори, Г.Доман, Никитин, Штайнер, эйдетика және т.б. әдістемелері бар. Олардың әрқайсысында баланың бір немесе бірнеше қабілетін дамытуға үлкен көңіл бөлінеді [5].

Мнемоника – бұл жасанды ассоциациялардың пайда болуымен есте сақтауды жеңілдететін және есте сақтау қабілетін арттыратын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Ол ежелгі заманнан бері белгілі, "мнемоника" ұғымын б.з. д. VI ғасырда Пифагор енгізген деп саналады. Алғашқы жұмысты Цицерон жасаған, сонымен қатар Аристотель, Дж.Бруно, А.Македонский, Н.Бонапарт және тағы басқалар зерттеген. А.Р.Лурия психологияда «Жадтың зерттелу тарихы» атты лекциясында «Баладағы есте сақтаудың жоғары формаларын алғаш рет жүйелі түрде зерттеуде көрнекті кеңес психологы Л.С.Выготскийдің еңбегі зор, ол 1920 жылдардың аяғында алғаш рет есте сақтаудың жоғары формаларын дамыту мәселесін арнайы зерттеу тақырыбына айналдырды...» [2] деп айтқан болатын. Ал "Үлкен жад туралы шағын кітап" [3] атты еңбегінде ол мнемонистің – ерекше есте сақтау қабілеті бар адамның ерекшеліктерін сипаттайды.

Мнемоника бірнеше қарапайым принциптерге негізделген. Егер есте сақтау визуалды анализатор жүйесінде жүзеге асырылса, есте сақтау процесін саналы түрде басқаруға болады. Суреттерді жадқа жазу "суреттерді біріктіру" қарапайым ақыл-ой операциясы арқылы жүзеге асырылады. Кез-келген ақпаратты суреттерге жылдам түрлендіру үшін кодтау әдістерінің шектеулі жиынтығы қолданылады. Ақпаратты жадта сақтау ұзақтығы есте сақталған ақпаратты іске қосу жиілігіне байланысты. Қажет болса, визуалды бейнелердегі бұл ақпарат еске түсірудің рефлекторлық (автоматты) деңгейіне аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда есте сақталған ақпарат өте тез еске түседі және көмекші визуалды бейнелерден босатылады. Мнемоника нақты ақпаратты есте сақтауға арналған. Сондықтан, қалыпты жад тұрғысынан ақпарат неғұрлым күрделі болса, оны мнемоника әдістерімен есте сақтау оңайырақ болады. Мнемотехникадағы әдістерге рационалды қайталау, әріптік-цифрлық код, байланысты ассоциациялар, тізбекті ассоциациялар, логикалық заңдылықтар және тағы басқалар жатады.

Қазақ жерінің географиялық нысандарын оқытуда оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін өлкетану факультативі бойынша берілетін атауларды қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, тарихи тұлғалары, ұлттық құндылықтары туралы материалдармен салыстыра отырып оқыту арқылы жүзеге асады. Соның ішінде мнемоника арқылы Лосі әдісі және Фоер әдісін пайдаланып өлкетануды жүргізудің жолдарын бірнеше мысалдарда келтірдік.

1) Тянь-Шань тауының бір сілемі Қаратау тауы (сурет 1). Осы Қаратау тауын “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” кезіндегі халықтың “Елім – ай” әніндегі «Қаратаудың басында көш келеді,

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...» (сурет 2), - жолдарымен есте сақтауға болады.



1-сурет. Қаратау тауы



2-сурет. "Елім-ай" картинасы.

2) Сауыр тауы - Қазақстанның шығысында орналасқан таулардың бірі (сурет 3). Оның географиялық орналасуы суырдың бас пішініне ұқсайды (сурет 4).



3-сурет. Сауыр тауы



4-сурет. Суыр

3) Нарын құмы – Қазақстанның батыс бөлігінде, Каспий маңы ойпатының солтүстік-батысында, Еділ мен Жайық өзенінің аралығында орналасқан (сурет 5). Бұл географиялық нысан Махамбет Өтемісұлының туған жері және де ақынның (сурет 6)

«Мен мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім» - деген өлең жолдарымен байланыстыруға болады.



5-сурет. Нарын құмы



6-сурет. Махамбет Өтемісұлы

4) Маңғыстау облысының географиясын (сурет 7) халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың (сурет 8) «Ұйқыдағы арудың оянуы» [4] атты еңбегімен ассоциация жасауға болады. Деректерге сүйене отырып, жазушы пайдалы қазбаларға бай, аты аңызға айналған Маңғыстау түбегінің өткені мен бүгіні және болашағына тоқталады. Сонымен қатар, КСРО Ғылым академиясының академигі К.И.Сәтбаев түбекті ұшақпен айналып өткенінде, оның құмды пердемен жабылған әйелге ұқсайтынын байқап, оны «ұйқыдағы ару» деп атаған.



7-сурет. Маңғыстау облысы



8-сурет. Әбіш Кекілбаев

5) Көкшетау - Сарыарқаның солтүстік бөлігінде, Батыс Сібір жазығының шеткі оңтүстік-батысында орналасқан (сурет 9). Бұл географиялық нысанды Сәкен Сейфуллиннің (сурет 10)

“Көкшетау” поэмасымен байланыстыруға болады. Сонымен қатар, поэмада «Жеке батыр», «Бурабай», «Окжетпес», «Жұмбақтас» атауларының шығу тегі туралы халық арасындағы аңыздарды баяндалады.



9-сурет. Көкшетау



10-сурет. Сәкен Сейфуллин

Қорытындылай келе, топонимдерді үйретуде оқушыларды мнемоника арқылы Loci және Фоер әдістерін пайдаланып оқыту білім алушылардың географиялық нысандар туралы нақты түсініктерін қалыптастырады. Оқушының есте сақтау қабілеттері артып, жан-жақты білім алып, пәнаралық байланыс жүзеге асады. Басқа пәндермен байланысты өлкетануға көптеген факторлардың әсері оқудағы оқуды күшейтеді. Өлкетану сабақтарында жер-су атауларын осылай пәнаралық байланысты қолдану арқылы оқытуда оқушылардың қоршаған ортаның тұтастығы мен алуан түрлілігі, оның сөздік қоры мен танымдық дамуы туралы, қазіргі әлемдегі орны мен рөлі туралы біртұтас көзқарас береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы (2017 жыл 12 сәуір). Электрондық ресурс. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Лурия А.Р. Лекции по общей психологии / А.Р. Лурия. – СПб.: Питер, 2014. – 384 с.;
3. Лурия А.Р. Маленькая книжка о большой памяти / А.Р. Лурия. – М.: МГУ, 1968. – 88 с.;
4. Кекілбаев Әбіш. Ұйқыдағы арудың оянуы. - Алматы: Қазақстан, 1979. - 180 б.
5. Коринтели В.А. Применение методов эйдетики и мнемотехники на уроках истории общеобразовательной школы // Вестник магистратуры. - 2019. - № 1-1(88). – С. 32-34.

FORMATION OF INTERCULTURAL CONVERSATIONAL ABILITIES OF FUTURE TEACHERS OF FOREIGN LANGUAGES

ЖАЛҒАСОВА Ақдәрия Құттымұратқызы, НИЯЗОВА Айгүль Есенгельдиевна
Kyzylorda University named after Korkyt ata, L.N.Gumilyov Eurasian National University
Kyzylorda, Nur-Sultan, Kazakhstan
zhakdariya@mail.ru

Аннотация

Елдер арасындағы жаһандық интеграцияның қазіргі жағдайында кәсіби білім берудің өзекті мәселесі болашақ шет тілі оқытушыларының мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Біз мәдениетаралық құзыреттіліктің рөлін, оның тілдік ЖОО-ның студент-мұғалімдерін оқытудағы шетелдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікпен өзара байланысын қарастырамыз. Кәсіби қарым-қатынас және қосымша дағдылар ретінде оқыту үшін шет тілін оқыту мазмұнындағы мәдениетаралық аспектіні зерттеу қажеттілігі негізделген.

Abstract

In modern conditions of global integration between countries, an urgent problem of vocational education is the formation of intercultural competence among future teachers of a foreign language. We consider the role of intercultural competence, its relationship with foreign language professional communicative competence in teaching students-teachers of a language university. The necessity of studying the intercultural aspect in the content of teaching a foreign language for professional communication and training as additional skills is substantiated.

Аннотация

В современных условиях глобальной интеграции между странами, актуальной проблемой профессионального образования является формирование межкультурной компетентности у будущих преподавателей иностранного языка. Мы рассматриваем роль межкультурной компетенции, его взаимосвязь с иноязычной профессиональной коммуникативной компетенцией при обучении студентов-учителей языкового вуза. Обосновывается необходимость изучения межкультурного аспекта в содержание обучения иностранному языку для профессионального общения и обучения в качестве дополнительных умений.

In the modern world, the teaching of a foreign language to our students is conditioned by several mutually complementary factors: economic, socio-political and cultural. We know that the culture-forming function of education occupies a special place in modern society.

After the independence of our country, for its further political, economic and cultural development and interaction with other countries, the need for knowledge of English as well as other foreign languages has sharply increased. It was not enough just to know another language to feel comfortable in another society and culture, and it is also important to master the culture of this people. Therefore, in order to establish international cultural and professional relations, it was necessary to start with our education system [1].

A special place in the study of intercultural relations is occupied by the specifics, identity and differences of different cultures, as well as the development of their cultural context. Training of personnel in any field of activity has always been an urgent issue in a developing state. Kazakhstan is no exception, like other countries of the Post-Soviet Union, we have taken a course to educate the youth of our country in its best manifestations.

During the short period of our independence, a lot of work has been done to change and supplement our education system, as evidenced by international training programs, internships, exchange of experience between universities and institutes.

Currently, for the development of communicative communication and relationships, special intercultural methods of teaching a foreign language are being developed or the intercultural paradigm of education in the field of linguistics is being modernized. The compatibility of the intercultural method with the competence method has led to the emergence of such a concept as intercultural communicative competence, which is due to the ability to freely communicate in another language, taking into account the interlocutor's belonging to another linguodidactic society [2].

One of the relatively young state programs "Digital Kazakhstan", the purpose of which is to improve the standard of living of every citizen of the country through the use of digital technologies. This program sets the digital economy of our country. Digitalization of the country, like any changes, requires thorough training in the form of personnel and resources. According to the trilingualism program, schools, higher educational institutions, institutes partially introduced education in three languages: Kazakh, Russian and English.

Teachers have always played an important role in the formation of society. In order to teach students the relevant knowledge, it is necessary to educate communicative data on foreign languages in future cadres.

In the modern world, one of the main components of competitiveness is communication, and of course, when any specialist can freely establish interaction with other employees to perform their duties and solve important tasks, this once again proves that the effectiveness of relationships depends on the communicative ability and the level of competence [2].

The connection between language and culture was obvious and indisputable. Language acts as a system that allows you to collect, store and transmit information accumulated by consciousness from generation to generation. Culture also performs the function of transferring collective knowledge, so that culture and language can be said to coexist in a constant dialogue with each other. And the higher the level of mutual understanding, the more effective the communication. The task of a foreign language teacher is mainly to develop in students a greater number of speech skills that allow them to realize their communicative intentions.

The obvious goal of any foreign language course is to enable students to communicate in a language that is new to them. It is the function of communication that is especially important for us linguists, since we prepare our children first of all to communicate with native speakers of a foreign language at the speech and cultural level. This is the ultimate goal of language teaching [3].

The role of a foreign language teacher is very important when creating motivation for your subject. Every foreign language lesson, wherever it takes place, is a practical contact with a different culture. A foreign word that we hear reflects for us a new culture and an impression of the world around us. Along with grammatical rules, a special place is occupied by the history, theory of language, and its functionality. They want to know the language in order to communicate with native speakers of other cultures, in other words, for conversation, for complete fusion with the culture of the language.

The introduction of a student into contact with a foreign language plays an important role. It is important for the teacher to know how students see cultural differences when they meet in films or role-playing games, situations close to reality or personal unexpected meetings. Knowledge is also important about how it can help students in their studies and understanding. By helping students to achieve that intercultural sensitivity that creates an open attitude to their own and target cultures, taking into account feelings and perceptions: in all this, a foreign language teacher can contribute to the personal growth of the student and pave the way for further intercultural learning. In order for linguistics to develop, both information and discussion are needed [3].

Therefore, when a person communicates with representatives of another culture, he needs to be extremely careful in his statements. Due to the fact that due to ignorance of the culture of the language, we cannot predict the future behavior of the owner of a foreign language. The main purpose of communication is to understand the partner. It is often very difficult to understand a partner if your level of language proficiency is not high enough.

A person who speaks a foreign language ignores, distorts or does not know the use of certain grammatical constructions, words or gestures, that is, does not have intercultural communicative competence, then he may be suspected of tactlessness, bad manners or aggression, which disrupts the communication process. Solving the problem of possession of intercultural communicative competence becomes a priority of pedagogical science and practice [4].

The methodology of teaching foreign languages is connected with a number of other sciences – basic and related. The basic sciences include philosophy, pedagogy, psychology, psycholinguistics, linguistics, communication theory, etc. The data of related sciences are used by the methodology as a means of ensuring the effectiveness and reliability of their research (Picture 1) [3].



Picture 1. Components of sciences in the methodology of teaching foreign languages

If you look at the experience of teachers of the Department of Foreign Languages of US universities, you will notice that they pay great attention to the relationship between culture and language in teaching foreign languages. The culture of the language is represented not only in events, texts, cuisine of the peoples of the world, in painting, music, artifacts, but also in the language itself. Through a foreign language, students learn the difference in mentality, views, traditions of both American culture and the culture of the language being studied. To achieve this goal, various goals are used, such as literature, films, and the media [4].

In our country there are many methods for teaching a foreign language. Many methodologists believe that for the successful formation of intercultural competence, a symbiosis is necessary: linguistic competence, background knowledge, sociolinguistic competence, when speech behavior is carried out in accordance with real communication situations characteristic of native speakers and socio-cultural competence formed in the context of cultures of contacting languages.

The principle of learning any language is closely related to the study of the culture of the people who speak this language (Picture 2). This study combines elements of linguistics, i.e., the study of linguistic units,

elements of country studies, i.e., the study of the realities of the culture of the country through the words denoting them. For the convenience of teaching students, special methodological manuals (educational-methodical complex (EMC) were introduced. According to the EMC, the student builds a training plan, methodology, topics for studies. Each educational institution prepares its own EMC [5].



Picture 2. Scheme of teaching intercultural conversational abilities to future teachers

When developing learning technology, do not forget about the native language of students. This knowledge will be useful for adding comparison elements, because this way the student will better perceive and assimilate information.

Thus, the primary task of teachers of pedagogical universities is the development of students' abilities for intercultural communicative competence, that is, the development of their understanding of similarities and differences of cultures, the ability to build dialogues, find compromises, apply conversation skills in everyday life, the development of speech apparatus, the ability to use languages in different layers of society. A properly set system and teaching methodology will allow you to get professional staff-teachers.

References

- 1 Lyamzin Roman Viktorovich. "Features of the formation of intercultural competence among future economists when teaching a foreign language at a university" *Problems of Pedagogy*, No. 1 (24), 2017, pp. 37-39.
- 2 Hymes, D. *Foundations in Sociolinguistics Edition [Text]* / D. Hymes. – Routledge, 2003. – 247 p.
- 3 Litvinenko Elena Yurievna. "Formation of intercultural competence in the process of teaching foreign languages at a technical university" *Southern Federal University. Technical Sciences*, No. 7 (144), 2013, pp. 243-247.
- 4 Toguzbayev A.E., Aipova A.K. Psychological support for improving the effectiveness of teaching a foreign language in a multicultural society. *Intercultural communication and its influence on linguistic consciousness: a collection of materials of the International Round Table* / Ed. by A.E. Agmanov. - Astana: Publishing house «KazServicePrint LTD», 2017. - pp. 52-59
- 5 Narozhnaya V.D. Linguistic consciousness and features of its manifestation in a multilingual society. *Intercultural communication and its influence on linguistic consciousness: a collection of materials of the International Round Table* / Ed. by A.E. Agmanov. - Astana: Publishing house of «KazServicePrint LTD», 2017. - pp. 45-52

ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖАППАШЕВА Айгуль, МАХМУТОВА К.И

М.Әуезов атындағы ОҚУ
Шымкент, Қазақстан
gulsara_isahan@mail.ru

Аннотация

Мақалада қазіргі күндегі тәрбие мәселелері, тәрбие технологиялары, бұл бағыттағы зерттеулерге талдау жасалады, тәрбие технологияларының жіктемелері, оларды нақты тәрбие барысында жүзеге асыру алгоритмдері, тәрбиедегі тұғырлар қарастырылады.

Әр дәуірде де жастар тәрбиесі қоғам үшін өзекті болып келген. Өйткені, ұрпақ тәрбиесі қоғамның жан - жақты рухани кемелденуі мен дамуының, қауіпсіздікті сақтаудың кепілі ретіндегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әлемдік өркениетке бет бұрумен, жаһандану, дүниежүзілік тәрбие кеңістіне интеграциялану жағдайында саналы және парасатты тұлғаны тәрбиелеу – білім мен тәрбие берудің негізгі бағыты болуы тиіс. Сондай ақ, қазіргі уақытта мемлекет тарапынан да, білім беруді басқару мекемелері тарапынан да жастар тәрбиесіне көп көңіл аударылып отыр.

2019 жылғы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі ретінде: балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мазмұнын жаңартудың әлеуметтік маңызын өзектендіру, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы аясында, балалар мен жастарды тәрбиелеу мазмұнында заманауи жағдайлармен, сондай-ақ, іс-қимыл компонентін, шынайы әлеуметтік маңызды нәтижелерге негізделген балалар мен жастардың әлеуметтік бастамаларын кіріктіру жүйесін күшейту міндеті қойылған.

Бүгінгі таңда тәрбие теориясындағы ізденістердің негізгі бағыты тәрбиенің қазіргі қоғамның проблемалары мен қажеттіліктеріне қалай жауап беретінін айқындау. Бұл сұрақтың жауабы, бір жағынан, тәрбие әдіснамасы, теориясы мен әдістемесі саласындағы ғылыми ізденістердің сапасына, ал екінші жағынан – тәрбиенің қазіргі жай-күйіне (оның теориясы мен практикасына) дұрыс баға бере алумен байланысты болады.

Бұл мәселелерді терең қарастыру қазіргі қоғамда да, бүгінгі тәрбие жүйесінде де болып жатқан елеулі өзгерістерге байланысты туындайтын бірқатар тәрбие мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер тәрбиенің жаңа проблемаларын тудырып қана қоймай, тәрбиедегі қалыптасқан дәстүрлі мәселелерді жаңа мазмұндағы проблемалармен толықтырады, бұл өз кезегінде олардың жаңа шешімдерін іздеуді қажет етеді.

Тәрбиедегі қалыптасқан мәселелерді шешудің жолын педагогтар жалпы тәрбиеге көзқарасты өзгертумен, оны жаңартумен, тәрбие тұжырымдамаларын өзгертумен, тәрбиеде жастардың сұранысын, қызығушылығын ескеретін жаңаша әдіс, тәсілдерді, тәрбие технологияларын қарастырумен шешуге болатындығын айтады.

Бұл үшін гуманистік парадигма аясында жұмыс істейтін тәрбиешілер тәрбие мекемелерінде жеке тұлғаны тәрбиелеудің жаңа технологиялары мен инновациялық әдістерін әзірлеу және оларды жүзеге асыру жолында нақты жұмыстарды орындау керектігін алға тартады.

Тәрбие технологиясы - бұл ғылыми тұрғыда әзірленген және тәжірибеде сараланған тәрбие іс-әрекетінің әдістері, тәсілдері, басқаша айтқанда, тәрбие жұмысының нәтижелі болуын кепілдейтін іс - әрекеттердің жүйесі [1].

Тәрбие технологиясы - бұл "тәсілдер, әдістер, қадамдар, олардың реттілігі тәрбие мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді, ал іс-әрекеттің өзі процедуралық түрде, яғни белгілі бір іс-қимыл жүйесі ретінде ұсынылады" [2].

Тәрбие технологиялары мәселесінің қарқынды дамуы XXғ. 50-жылдарынан бастау алады. Әсіресе, XX ғасырдың 90- жылдары мен XXI ғ. басында осы мәселелер ауқымды ғылыми пікірталастарға ие болды. Жетекші педагогтар: В.П. Беспалько, Н.В. Бордовская, М.Ю. Бухаркина, М.В. Кларин, О.Н.Олейникова, И.П. Подласый, С.Д. Поляков, Е.С. Полат, А.П. Панфилов, П.И. Третьяков, Г.К. Селевко және басқалар тарапынан "тәрбие технологиясы" ұғымы, "тәрбие технологияларын жіктеу", "тәрбие технологиясының алгоритмі" т.б мәселелері қарастырылып, тәрбие технологияларын құру мен іске асырудағы қиындықтар келесі жағдайлармен түсіндірілді [3].

- тәрбиеде іс-әрекеттің бірыңғай алгоритмін құру қиын, өйткені тәрбие процесін оның тұтас сипатына байланысты жеке бөліктерге бөлу мүмкін емес;
- бала-пассивті объект емес, тәрбие субъектісі;

- тәрбиенің кенеттен, тостаттан болатын жағдайларға байланыстылығы мен стихиялық сипатқа ие екендігі [4].

Тәрбие технологиясы - заманауи қоғамда балалардың өмірін ұйымдастырудың жеке тұлғаға бағытталған формаларында жүзеге асырылатын әлеуметтік технологияның бір түрі.

Кез-келген тәрбие технологиясының әдіснамалық негізі - балаға деген көзқарас: бала - бұл тәрбиенің объектісі немесе субъектісі. Осы негізде Г.К. Селевко технологияның төмендегідей негізгі түрлерін ажыратады: ынтымақтастық технологиясы, еркін тәрбие технологиясы, жеке тұлғаға бағытталған тәрбие технологиялары, авторитарлық тәрбие технологиялары [5].

Сонымен қатар, көптеген педагог технологтардың жұмысын зерделеу, тәрбие теориясын, әдіснамасын, практикасын талдау олардың тәрбие технологияларын жіктеуде негіз ретінде тәрбиелеудің мәніне назар аударатындығын көрсетеді, атап айтқанда: тәрбие-бұл құбылыс, тәрбие – бұл процесс, тәрбие – бұл қызмет [6].

Г.К. Селевко тәрбиені құбылыс ретінде түсіндіруде тәрбиені мәніне қарай жіктеп, оның келесі түрлерін ажыратады [5]:

- "қатаң" ұжымдық тәрбие технологиясы (А. С. Макаренко);
- ұжымдық тәрбие технологиясы (И.П. Иванов);
- В. А. Сухомлинскийдің ізгілікті ұжымдық тәрбие технологиясы;
- жүйелі тәсіл негізінде тәрбиелеу технологиясы (В.А. Караковский, Л.И. Новикова, Н.Л. Селиванова);
- жекеленген (дараланған) тәрбие технологиясы;
- нейролингвистикалық бағдарламалау технологиясы;
- өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыру технологиясы (А.И.Кочетов, П.Н. Осипов, Г. К. Селевко);
- жас ұрпақтың рухани мәдениетін тәрбиелеу технологиясы (Н.Б. Крылова бойынша);
- діни (конфессиялық тәрбие)технология;
- адамның субъективті әлеуметтік белсенділігін тәрбиелеу технологиясы.

Тәрбиені процесс ретінде жіктеу технологиялары:

- тәрбие процесін жобалау технологиясы;
- тәрбие процесін құрастыру технологиясы;
- тәрбие процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру технологиясы;
- тәрбие субъектілерінің өзара іс-қимылының жеке моделіне бағытталған педагогикалық тұрғыдан орынды қарым-қатынасты ұйымдастыру технологиясы;
- тәрбие жүйелерін модельдеу, құру және іске асыру технологиясы;
- тәрбие процесінде ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыру технологиясы;
- тәрбие үрдісін басқару технологиясы.

Тәрбиені іс- әрекет ретінде түсіну нәтижесіндегі технологиялар:

- ұжымдық шығармашылық іс;
- қарым-қатынас тренингі;
- шоу-технологиялар;
- топтық проблемалық жұмыс;
- "педагог-тәрбиеленуші"диалогы;
- "ақпараттық айна".

Барлық педагогикалық технологиялар үш негіз бойынша сараланады:

1) тәрбиенің философиялық (жалпы әдіснамалық) негізі бойынша – материалистік, прагматикалық, гуманистік, антропософиялық;

2) тәрбиенің ғылыми тұжырымдамасы бойынша - мінез-құлық, белсенділік, интериоризаторлық, нейролингвистикалық бағдарламалау;

3) тәрбие объектісі (субъекті) категориясы бойынша – жеке, топтық, ұжымдық, бұқаралық.

Сондай ақ, технологиялардың тәрбиелеу бағыттары бойынша жіктелуі де кездеседі: әлеуметтік-азаматтық тәрбие технологиялары, кәсіптік-еңбекке тәрбиелеу технологиялары, экологиялық және валеологиялық тәрбие технологиялары, көркем және эстетикалық тәрбие технологиялары және т.б. (В.И. Загвязинский, С. Д. Поляков, Г. К. Селевко, Н. Е. Щуркова және т. б.).

Жоғарыда аталған жіктеулер мен технологиялардың жалпы сипаттамалары тәрбиеде төмендегідей технологиялық тәсілдің бірнеше идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- тәрбиедегі мақсат қою идеясы;
- тәрбиедегі жүйелілік идеясы;
- тәрбие процесін жобалау идеясы;
- тәрбиені құрылымдау идеясы;

- тәрбие процесін басқару идеясы;
- тәрбие процесін түзету идеясы;
- тәрбие циклінің репродуктивтілігі идеясы.

Барлық тәрбие технологиялары технологияландырудың стандарттау және біріктіру белгілеріне сәйкес келуі керек.

Тәрбие технологиялары алгоритмдік, бірізділік, салыстырмалы толықтық, автономиялық, тұлғаның ерекшеліктерінен тәуелсіздік тәрізді өзгешеліктерге ие болуы тиіс. Оның құрылымына педагогикалық құралдарды әрекетке келтіретін іс-әрекеттер, сондай-ақ, технологияны жүзеге асырумен байланысты нәтиже жайлы ақпарат алуды қамтамасыз ететін кері байланыс әдістері кіруі тиіс[3].

Тәрбие технологиясын жүзеге асыру алгоритмі:

- білім (идея, парадигма, тәрбие тұжырымдамасы);
- тәрбие мазмұнын анықтау;
- тәрбие процесін ұйымдастыру формаларын бөлу;
- тәрбие субъектілерінің қызметін сипаттау;
- тәрбие процесін ұйымдастыру әдістерін анықтау;
- тәрбие процесін ұйымдастыруға қаражат бөлу;
- тәрбие механизмдерін анықтау;
- технологияны енгізу тиімділігін талдау (рефлексия).

Тәрбие технологияларын тиімді жүзеге асырудың шарттары ретінде төмендегілерді атауға болады: педагогтардың жаппай санасында технологияландыру идеясын қалыптастыру; тәрбие технологияларын білім беру мекемелерінің ұйымдастырушылық мәдениетіне мықтап енгізу, тәрбие технологияларын педагогтар тарапынан кәсіби құндылық ретінде, өз кәсібін бағалаудың критерии ретінде түсініп, меңгеруі.

Педагогикалық іс-әрекетті технологияландырудың да өз шегі бар. Тәрбие технологиялары механизмді кірмейтін, оған тән болмаған бір ақ нәрсе, ол тәрбиеші авторитетінің тәрбиеленуші үшін маңыздылығы.

Тәрбие теориясы мен практикасында тәрбие технологиялары дамуының бірнеше тенденцияларын көрсетуге болады:

1. Балалардың тәрбиелік іс-әрекетін оның өзгермелілігі мен әртараптандырылуы мүмкін екендігін ескеріп, тәрбиенің бағдарламалық-мақсатты басқарылу технологиясын жасау. Мұның негізінде – тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеті бағдарламаланады.

2. Баланың болмысты тану әлеміне психогендік (психотропты) әсер ету технологиясын жасау. Олар ойлауды, ойлау іс – әрекеттерін, сезім, ерікті жобалайды. Бұл технологиялар бала психикасын жеңілдетуге бағытталған. Мұндай технологияларға адамның мінез-құлқы мен санасына әсер ететін суггестияны, түсінде оқыту, аутотренинг, гипноздық оқыту т.б жатқызуға болады.

3. Еркін тәрбие технологияларын әзірлеу. Мұндай технологияларға отбасылық типтегі білім беруді ұйымдастыру, гуманистік тәрбие жүйесі, қауымдастық типіндегі мектеп, жеке тұлғаға бағытталған тәрбие беру, Мария Монтессоридің оқыту және тәрбиелеу технологиясы, Вальдорф мектептерінде оқыту және тәрбиелеу кіреді.

4. Мәдениетке сәйкестілік, табиғатқа сәйкестік, тәрбиенің әлеуметтік жобалау және әлеуметтік іс-әрекет контекстіндегі тәрбиенің өмірмен байланысы қағидаларына негізделген тәрбие технологияларын жасау.

Тәрбие-бұл арнайы жасалған жағдайларда баланың жеке басының дамуын басқару. Мұғалімнің стратегиялық маңызы бар тәрбиелік қызметі "баланың жеке басын дамыту үшін өзін-өзі басқару негізінде балалардың өмір сүру тәрізін педагогикалық тұрғыдан орынды ұйымдастыру болып табылады" [6]. Осы стратегияны практикада іске асыру "тәрбиелік іс-әрекетті практикалық тұрғыдан орындаудың әдістерін, тәсілдерін, құралдарын, техникаларының жиынтығын қолданумен қамтамасыз етіледі [2].

XX ғасыр мен XXI ғасырдың басындағы біздің еліміздегі тәрбие тарихының, әдіснамасы мен тәжірибесінің генезисі тәрбие әдістері мен оларды жіктеу мәселесін дамытуда бірнеше стратегияларды бөліп көрсетуге болатындығын көрсетті.

"Бірінші стратегия. Тәрбие теориясы, әдіснамасы мен практикасын біріктірудегі әдістің мәнін түсіну. Бұл контексте ғалымдар тәрбиені тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу тәсілі ретінде түсінді.

Екінші стратегия. Тәрбие әдістерін жіктеудің әдіснамалық негізін анықтау, тәрбие әдістерін жіктеудің негізін таңдау оны жіктеген автордың тәрбиенің мағынасын қалай түсінгенін байланысты болды" [6].

Тәрбие әдістерін таңдау: тәрбиенің мақсаты мен міндеттеріне; қызметтің жетекші түріне; тәрбиенің заңдылықтары мен мазмұнына; оларды шешудің нақты міндеттері мен шарттарына; тәрбиеленушілердің жас, жеке және жыныстық ерекшеліктеріне; тәрбиелік деңгейіне, балалардың мінез-құлқының мотивациясына байланысты, мұнда айқындаушы шарттар - тәрбиешінің жеке тұлға ретіндегі жеке бас ерекшеліктері және оның кәсіби құзыреттілік деңгейі болып табылады [2].

Тәрбие педагогикасында В.С.Безрукова, В.И. Загвязинский, И.А. Колесникова, В.А. Сластенин және т.б. тәрбие әдістерінің психологиялық, ұйымдастырушылық, коммуникативті тәрізді үш тобын ажыратады.

Тәрбиенің психологиялық тәсілдері: сендіру, ынталандыру, тежеу, ауысу, эмоционалды резонанс, стресс және т.б. (И. А. Колесникова).

Тәрбиенің ұйымдастырушылық тәсілдері:

- 1) балалар ұжымымен (балалар тобымен) жұмыс істеу тәсілдері;
- 2) тәрбиеленушімен жеке жұмыс тәсілдері (И.А. Колесникова).

Тәрбиенің коммуникативті тәсілдері: белсенді тыңдау, кешіру, келісім-шарт, іс-әрекетті ауыстыру, достықтан айыру, таңдау ұсынысын жасау, өтініш, ұстанымдарды нақтылау, тыйым салынған мәселені шешу, байланысты үзу, жасырын нұсқау беру, проблеманың сызбасын құру, азғыруларды жою, "Мен-хабарлама" т.б. (В. И. Загвязинский, М.И.Рожков, Ю.С. Тютюнников): рөлдік маска, пікірлердің үздіксіз эстафетасы, өзін-өзі ынталандыру, еркін тақырыпты импровизациялау, берілген тақырыпты импровизациялау, қарама-қайшылықтарды әшкерелеу, нұсқау беру, рөлдерді бөлу, позицияларды түзету, педагогтың өзін - өзі шеттетуі, қызмет рөлдерімен алмасу және т. б.

Мұғалімнің өз іс-әрекетінде жасайтын тәрбиелік жағдайлары тәрбиенің жаңа әдістерін тудырады, оларды қолданудың тиімділігі оның педагогикалық шеберлігіне байланысты болады.

Тәрбие нәтижесі белгілі бір дәрежеде тәрбие технологияларын тиімді қолдануға байланысты. Білім беруші ұйым (тәрбиеші) өзін бір тәрбие технологиясын қолданумен шектемеуі тиіс, олар политехнологиялық тұрғыда жұмыс жасауы қажет.

Сонымен бірге, С.Д. Поляков "тәрбие технологиялары балаларды тек қарапайым бастапқы әлеуметтік тәжірибеге (өзара әрекеттесу, қарым – қатынас, бірлескен қызмет тәжірибесіне) қол жеткізуге ғана кепілдік береді" деп мәлімдейді [7]. Жеке тұлғаның қасиет сапалары тәрбие технологияларын кепілді қолданудың нәтижесі бола алмайды.

Осылайша, білім беру ұйымында жеке тұлғаны тәрбиелеу процесі аксиологиялық, жүйелік, іс-әрекеттік, процессуалдық, тәрбиеленушілерге жеке қарым- қатынас жасау қағидалары негізінде ұйымдастырылуы керек және бұл процестің тиімділігі қазіргі заманғы технологиялар мен тәрбие әдістерін қолдана отырып, мұғалімдердің шеберлігімен қамтамасыз етілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Технологии воспитательной работы: учеб. пособие /Сост. З.У.Колокольникова, С.В. Митросенко, О.Б. Лобанова, Е.М. Плеханова, Т.В. Газизова – Красноярск: Сиб. федерал. ун-т, 2016. – 150 с.
2. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Словарь по педагогике (междисциплинарный). – М.: Ростов-н/Д: Март, 2005. 448 с.
3. Колесникова И.А. Теория и практика модульного преобразования воспитательной среды образовательного учреждения: учеб.-методич. пособие. / под ред. акад. РАО З.И.Васильевой. СПб., 2009. 204 с.
4. Маленкова Л.И. Теория и методика воспитания: учеб. пособие. М.: Пед. о-во России, 2004. 480 с.
5. Селевко Г.К. Воспитательные технологии. М.: НИИ школьных технологий, 2005.с
6. Ходусов А.Н. Педагогика воспитания: теория, методология, технология, методика: учебник. М.: Инфра-М, 2017. 485 с
7. Поляков С.Д. Теоретическое введение: Воспитательные технологии // Классный руководитель. 2002. № 7. С. 37–40.
8. Новые технологии воспитательного процесса / Н.Е. Щуркова, В.Ю. Питюков, А.П. Савченко и др. М.: Творч. педагогика, 1994.
9. Педагогика.: учеб. пособие / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко, Н.Н. Шиянов. М: Школа-Пресс, 1997. 512 с.
10. Педагогика.: учеб. пособие / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко, Н.Н. Шиянов. М: Школа-Пресс, 1997. 512 с.

ОҚУ МАҚСАТЫНДАҒЫ WEB-САЙТТАРДЫ ЖАСАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖАСЫБАЕВА Гаухар Бактыкенқызы, А.О.АЛДАБЕРГЕНОВА

I.Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті КЕ АҚ
Талдықорған, Қазақстан
gaukhar.zhasybayeva@mail.ru

Аңдатпа

Қазіргі әлемде сіздің өміріңізді веб-технологиясыз елестету қиын. Олар қоғамның барлық салаларында қолданылады. Осыған байланысты мақалада оқу мақсатына арналған веб-сайт түсінігі, олардың жіктелуі, мүмкіндіктері, оларды құруға қойылатын талаптар және бағалау критерийлері берілген.

Түйінді сөздер: Қазіргі таңда Web-технологияларсыз өмірімізді елестету қиын. Олар қоғамның барлық салаларында қолданылады. Осыған орай, мақалада оқу мақсатындағы web-сайт түсінігі, олардың жіктелуі, мүмкіндіктері беріліп оларды жасауға қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері ұсынылған.

Кілттік сөздер: веб-сайт, білім беру ресурстары, білім беру сайты, білім беру порталы, білім базасы.

Бүгінгі таңда интернет кез келген жастағы және кез келген кәсіптегі адамдардың жаңа білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Егер бұрын кез келген тақырып туралы түсінік қалыптастыру немесе қажетті ақпаратты табу үшін көптеген ақпарат көздеріне (кітаптар, оқулықтар, энциклопедиялар, журналдар, газеттер, радио және теледидар) жүгіну қажет болса, бүгінде бір ақпарат көзін, яғни интернетті пайдалану жеткілікті.

Адамдар барлық ақпаратты, барлық білімдерін біртіндеп Интернетке ауыстырады. Интернет салынған ашықтық принципінің арқасында оның ресурстары (франц. *ressources* – қорлар, көздер, қаражат) үнемі жаңартылып, толықтырылып отырады. Кез келген адам ақпаратты интернетте орналастыра алады және сол арқылы білімі мен дағдыларымен бөлісе алады. Осылайша, интернеттің ақпараттық ресурстары таусылмайды деп айта аламыз.

«Жалпы, ақпараттық ресурстар – бұл ақпараттық жүйелердегі құжаттар мен құжаттар жиынтығы (кітапханалар, мұрағаттар, қорлар, мәліметтер базасы, ақпараттық жүйелердің басқа түрлері). Интернет арқылы қол жетімді электрондық түрдегі ақпараттық ресурстар интернет-ресурстар деп аталады. Интернет-ресурстар деп тек мәтіндік құжаттарды ғана емес, сонымен қатар графикалық, дыбыстық, бейне иллюстрацияларды, сондай-ақ бағдарламалық модульдерді де түсіну керек», - дейді өз еңбегінде В.М.Домненко [1].

Көптеген қолданыстағы интернет-ресурстарды оқыту үшін қолдануға болады. Ғылыми, ғылыми- танымал, анықтамалық, жарнамалық ақпарат білім беру мақсатында қызмет ете алады. Мысалы, бағдарламалық жасақтама жасаушылар мен техникалық қолдау қызметкерлері интернетте сұрақтар мен жауаптар түрінде берілген ақпаратты орналастырады. Интернеттегі презентацияның бұл түрі FAQ деп аталады (ағылшын тілінен. *Frequently Asked Questions* – жиі қойылатын сұрақтар). Бұл ақпарат, әрине, информатика немесе бағдарламалау сабақтарына дайындалу үшін білім беру мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Оларды пайдалану арқылы үйрену және үйрету үшін арнайы құрылған ресурстар білім беру ресурстары деп аталады. Жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектеп мұғалімдері өз бетінше, кейде тіпті студенттерімен бірге интернет-ресурстарды кейіннен оқу процесінде қолдану үшін жасайды.

Интернет-ресурстар, әдетте, мәтін, иллюстрациялар мен бағдарламалық модульдердің барлық түрлерін қамтитын ақпараттың тұтас кешені болып табылады. Білім беру Интернет-ресурстарының осындай кешендерінің келесі түрлерін ажыратуға болады:

- * білім беру сайты;
- * білім беру порталы;
- * білім базасы;
- * қашықтықтан оқыту жүйесі.

Оқу мақсатындағы *web-сайт түсінігі, жіктелуі*. Білім беру сайты ұғымына *sites.google.com* сайты келесідей түсінік береді: «Интернеттегі бір оқу пәніне, бөліміне немесе тақырыбына арналған ақпарат жиынтығы білім беру сайты деп аталады (ағылшын тілінен. сайт – орын). Білім беру сайттарына мұғалім тікелей сабақта қолдана алатын иллюстрациялық материалдар, сонымен қатар оқу материалының қысқаша мазмұны, жаттығулар мен тапсырмалардың мазмұны, оларды шешудің мысалдары және мұғалім оқушыға өзін-өзі зерттеу үшін ұсына алатын басқа да ақпарат кіреді» [2].

Білім беру мекемелерінің сайттары білім беру сайттары тобына жатады. Білім беру веб-сайты деп білім алушыларды аттестаттаумен қамтылуы мүмкін жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты процесін қамтитын, қайталанатын дизайны бар мағынасы бойынша біріктірілген, навигациялық және физикалық тұрғыдан бір серверде орналасқан веб-беттердің жиынтығы түсініледі [3].

Барлық пайдалы ақпаратты қамтитын жақсы сайт тәуліктің кез келген уақытында жұмыс істейтін коммерциялық компания мен білім беру мекемесінің ең жақсы үлгілік беті болып табылады. Бұл барлығына өз жетістіктерін паш етуге, қызығушылық танытқан адамдарға (студенттерге, талапкерлерге, оқытушыларға, басқа оқу орындарындағы әріптестерге) арналған өзекті ақпаратты орналастыруға тамаша мүмкіндік.

Оқу орнының, кафедраның, оқу жобасының немесе жекелеген педагогтың интернет-сайты білім беру қызметін ұйымдастыруда, студенттердің ақпараттық қолдауын қамтамасыз етуде, ұқсас оқу орындары мен мамандықтардың әріптестеріне әдістемелік көмек көрсетуде, кәсіби қоғамдастықты ақпараттандыруда және онымен тәжірибе алмасуда маңызды рөл атқарады.

Оқытушылар үшін сайт – бұл тәжірибе алмасуға, басқа қалалардан және тіпті елдерден келген әріптестерімен байланыс орнатуға, әдістемелік материалдармен, дайын сабақтармен және педагогикалық тәжірибемен алмасу бойынша қазақстандық және шетелдік білім беру бағдарламалары шеңберінде серіктестік бағдарламаларына қатысуға арналған алаң.

Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін сайт, ең алдымен, ақпараттық ресурс болып табылады. Әртүрлі білім беру мекемелерінің веб-сайттарын пайдалана отырып талапкерлер оларды салыстырып, олардың ішінен үздігінің пайдасына таңдау жасай алады.

Білім беру сайттарын бірнеше түрге бөлуге болады: оқу орындарының сайттары, ғылыми зерттеулер сайттары, анықтамалық сипаттағы сайттар, бәсекегелестік және ақпараттық интернет-жобалар сайттары, қашықтықтан білім беру сайттары, мәдени және білім беру ақпаратын таратуға арналған сайттар, виртуалды әдістемелік бірлестіктер түріндегі сайттар, кеңес беру сайттары, білім беру порталдары және т. б.

Оқу орындарының сайттары. Оқу орындарының сайттарын шартты түрде жалпы орта білім беру мекемелерінің сайттарына (бастауыш мектептер, мектептер, гимназиялар, лицейлер), ЖОО факультеттері мен кафедраларының сайттарына, жоғары оқу орындарының сайттарына, кәсіптік білім беру мекемелерінің (колледждер, техникумдар) сайттарына бөлуге болады. Мұндай сайттар ақпараттық қолдауды, сыртқы әлеммен байланысты қамтамасыз етеді және әртүрлі конкурстарды өткізуге ықпал етеді. Тіпті кейбір жалпы орта білім беру мекемелерінің веб-сайттардың көмегімен ата-аналардың қашықтан өткізілетін жиналыстарын ұйымдастырады.

Ғылыми зерттеулер сайттары. Ғылыми зерттеулердің тікелей нәтижелерін жариялау, зерттеу аналогтарына сілтемелер, осы зерттеулерге қызығушылық танытатын адамдармен кері байланыс жасау үшін жасалады.

Ақпараттық-анықтамалық сипаттағы веб-сайттар. Бұл топқа әртүрлі электронды энциклопедиялар кіреді (мысалы, www.kazenc.kz/ – «Қазақ энциклопедиясы» сайты); сайттар-сөздіктер (мысалы, www.sozdik.kz/ онлайн сөздік); сайттар-каталогтар (мысалы, мұғалімдерге арналған сабақтардың халықаралық ашық каталогы); мәліметтер базасы (www.zan.kz/ құқықтық ақпараттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі неғұрлым толық электрондық жиынтығы; өткізілетін конференциялар, конкурстар, ғылыми және білім беру бағытындағы семинарлар туралы, ұсынылатын гранттар туралы ақпаратты қамтитын сайттар (ғылыми конференциялардың, көрмелер мен семинарлардың ашық каталогы).

Бәсекеге қабілетті интернет-жобалардың веб-сайттары.

М.Н.Мысин Google Sites құралын қолданып құрған: студенттер мен оқытушылар, оқушылар мен мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар арасында байланыс орнатуға арналған сайттар; олимпиадалар мен викториналар сайттары; білім беру тақырыбындағы ақпараттық ойын-сауық жобаларының сайттары; білім беру конкурстарын өткізуге арналған ресурстар конкурстарға қатысу туралы куәліктер мен дипломдар алуға жағдай жасайды және де бұл мұғалімдердің портфолиосын байытуға мүмкіндік беретіндігін айтады [4].

Әлеуметтік желілердегі білім беру қауымдастықтары. Әлеуметтік желі – бұл интерактивті көп қолданушысы бар веб-сайт, оның мазмұнын желі қатысушыларының өздері толтырады. Әлеуметтік желілердегі қауымдастықтар – бұл мұғалімдердің кәсіби қызығушылықтары бойынша тақырыптық бірлестіктері (мысалы, мұғалімдерге арналған қауымдастықтар). Мұндай қоғамдастықтар әріптестермен қарым-қатынас жасауға, тәжірибе мен ақпарат алмасуға, өзін-өзі таныстыруға кең мүмкіндіктер береді.

Білім беру веб-қызметтері – бұл нақты уақыт режимінде білім беру өнімдерін (мысалы, презентациялар) құруға және сақтауға мүмкіндік беретін сайттар. Қызықты мысал, сызықтық емес презентациялардың веб-қызметі, мысалы, prezi.com сайты.

Білім беру міндеттері бойынша сайттар төрт топқа бөлінеді:

- қолда бар білім беру өнімдеріне кең және сапалы қолжетімділікті қамтамасыз ететін;
- инновациялық білім беру өнімдерін құру процесін ынталандыратын;
- білім беру процесін ұйымдастырудың модельдік формаларын ілгерілетуге ықпал ететін;
- білім беру процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ететін.

Оқу мақсатындағы веб-сайттарды жасауға қойылатын талаптар. Білім беру сайттарының негізгі сипаттамаларына мыналар жатады:

1. *Білім беру интернет-сайтының мазмұны* – веб-сайттар түрінде көрсетілген және дайындалған білім беру ақпаратының барлық негізгі элементтерінің (мәтіндік және графикалық) бірлігі, сондай-ақ осы негізгі элементтердің байланыстарының біртұтастылығы;

2. *Білім беру интернет-сайтының дизайны* – бұл эстетикалық немесе функционалды астарға ие болуы мүмкін және көбінесе осы екі мақсатты көздейтін белгілі бір мақсатқа жету үшін графикалық компоненттерді таңдау және ұйымдастыру процесі;

3. *Білім беру интернет-сайтын техникалық іске асыру* – компоненттерді таңдау, білім беру ақпаратын пайдаланушыға жеткізу үшін технологияларды, бағдарламалық өнімдерді және техникалық құралдарды интеграциялау;

4. *Білім беру интернет-сайттарының белсенділігі* – білім беру сайттарын пайдаланушылардың қолдануы туралы хабардар ететін сипаттамалар.

Мазмұнның тереңдігі қолда бар ақпараттың көлемімен, оның егжей-тегжейлі дәрежесімен және құндылығымен анықталады. Әрине, барлық осы көрсеткіштер барынша орындалуы тиіс. Веб-сайттардың ақпараттылығына барлық Интернет пайдаланушылары бола алатын виртуалды келушілер үшін үлкен қызығушылық тудыратын материалдарды орналастыру арқылы қол жеткізуге болады.

Навигацияның қарапайымдылығы әдетте иерархиялық құрылымы бар веб-сайты құру схемасының логикасына байланысты. Келушілерге бөлімнен бөлімге оңай өту, оңай оралу немесе анықтама алу мүмкіндігін қамтамасыз ету маңызды.

Мазмұн тұрақтылығы ұсынылған ақпараттың тұрақтылығымен анықталады. Пайдаланушылар кез келген техникалық және құрылымдық қайта құру кезінде өздерін қызықтыратын ақпаратты табатынына сенімді болуы керек. Тіпті өзектілігін жоғалтқан материалдар, мысалы өткен жылғы конференцияның баяндамалары немесе аяқталған көрменің материалдары жойылмауы керек, бірақ сайттың мұрағат бөліміне аударылуы керек.

Деректерді жаңартудың жеделдігі сайтты үнемі жаңартып отыруды қамтамасыз етеді. Мәліметтерді үнемі жаңартып отыру және толықтыру веб-сайтқа оның тұрақты келушілерінің қызығушылығын сақтауға ықпал етеді және тиісінше оның танымалдылығын арттырады.

Беттердің қол жетімділігі бірнеше факторлардан тұрады, олардың бастысы веб-сайттың техникалық "тұрақтылығы", бұл жүйелік әкімшілердің қамқорлығын құрайды. Алайда, ақпараттың қол жетімділігіне парақтың дизайны да әсер етуі мүмкін. Кәдімгі мәтіннен әлдеқайда көп "салмақ түсіретін" иллюстрациялық материалдарды, аудио және бейне үзінділерді теріс пайдалану деректерді беру жылдамдығын едәуір төмендетеді және осылайша оларды пайдалануды қиындатады немесе мүлдем мүмкін емес етеді. Графиканы, тіпті одан да көп дыбыс пен бейнені ақылға қонымды шектерде үнемі есте сақтап қолдану керек.

Веб-беттердің сыртқы дизайны түбегейлі маңызды емес, дегенмен талғампаз фон мен керемет анимацияны қарау, әрине, сұп-сұр беттерге қарағанда жағымды. Табиғи талап – бүкіл веб-сайтты жобалаудың біркелкі стилі. Түс шешімін таңдағанда, дизайнерлік шешімнің шамадан тыс өзіндік ерекшелігін іздемеу керек, веб-сайттың түс схемасы пайдаланушының қабылдауына ыңғайлы болуы керек. Дегенмен, сайттың талғампаз көрінісі өздігінен мақсат емес екенін және мазмұн үшін жұмыс істейтін дизайн ғана жақсы екенін әрдайым есте ұстаған жөн. Беттерді жасағаннан немесе жаңартқаннан кейін және беттерді тікелей веб-сайтқа жүктемес бұрын мәтінді қателеріне тексеру керек.

Я.А.Ваграменко оқу мақсатындағы веб-сайттарды жасауға қойылатын негізгі техникалық талаптар ретінде:

- тұрақты, үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету;
- ресурстың тікелей пайдаланушысын да, сондай - ақ желіден сыртқы әсерлерді де рұқсат етілмеген іс-әрекеттерден қорғау;
- ақпаратты өңдеудің және кезекті фрагментті ұзақ жүктеуге немесе пайдаланушының іс-әрекетіне компьютерді қайта іске қосуды күтуге байланысты пайдаланушылардағы жағымсыз

сезімдерді жою мақсатында ресурспен жұмыс істеу кезінде барлық рәсімдерді орындаудың жоғары жылдамдығы;

- ресурстармен жұмыс істеудің желілік әдістерінің мүмкіндіктері;
- ресурсты компьютерлік жүйеге орнатудың қарапайымдылығы;
- ресурс негізінің заманауи операциялық жүйелерге сәйкестігін ұсынады [5].

Оқу мақсатындағы web-сайттарды бағалау критерийлері.

Білім беру сайты үшін, одан басқа сайттар сияқты, оны пайдаланушылар алған алғашқы әсер маңызды. Мақсатты аудитория неғұрлым жас болса, алғашқы әсер жарқын, қызықты, тартымды болуы маңызды. Жасы ұлғайған сайын құндылықтарды қайта бағалау жүреді және жастар үшін қолайлы нәрсе үлкендер үшін тітіркендіргіш әсерге ие болады. Сондықтан, білім беру сайтының алғашқы әсерін бағалау кезінде алдымен оның қай аудиторияға арналғанын ескеру қажет.

Білім беру сайтының алғашқы әсерін бағалағаннан кейін келесі өлшемдерді ескеру қажет:

- * ақпараттық толтыру;
- * материалдарды құрылымдау;
- * гипермәтіндік ауысуларды ұйымдастыру;
- * бет орналасуы;
- * навигация панелін ұйымдастыру;
- * игерудің қарапайымдылығы.

Мәтіндік мазмұнды бағалау кезінде олар презентация стилінің бірлігіне, нақтылыққа, дидактикалық, логикалық және басқа да қателіктердің, қателіктер мен терулердің болуына назар аударады.

HTML тілінің гипермәтіндік мүмкіндіктерін пайдалану ерекше бағалануы керек. Қарапайым және сауатты құрылымдық HTML – белгілеу сайттың әртүрлі браузерлермен үйлесімділігінің кепілі, сондай-ақ сайтты одан әрі қарапайым қолдау мен жаңарту үшін негіз болады. Гипермәтіндік сілтемелерді бағалауды мұқият қарастырған жөн. Біріншіден, барлық сілтемелер жұмыс істеп тұруы керек, яғни бар беттерді көрсетуі керек. Мазмұнның екінші, бірақ маңызды бөлігі иллюстрациялардың барлық түрлерінен тұрады. Барлығы суреттелгенін, нені суреттеуге болатындығын, екінші жағынан, барлық суреттер қажет және орынды ма, қажет емес суреттер бар-жоғын бағалау керек.

Оқу мақсатындағы веб-сайттарды жасауға оның мазмұнына, сырт көрінісіне, техникалық және ең бастысы, қолдану ыңғайғылығына қатысты талаптарды сақтай отырып құрылған сайттардың пайдасы мол және өміршеңдігі ұзақ болады деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Домненко В.М., Бурсов М.В. Создание образовательных интернет-ресурсов. – СПбГИТМО(ТУ), 2002. – С.104.
- 2 sites.google.com [электронный ресурс]. URL: <https://sites.google.com/site/internetsatvaldinova/vopros-otvet>
- 3 А.О. Алдабергенова, И.Ж.Есенгабылов, Г.Б.Жасыбаева Қазіргі замандағы web-технологиялардың маңызы // XXI Международная научно-практическая конференция «Problems of practical application of innovations, methodology and experience», Лиссабон, Португалия, 15-16 сәуір, 2021., 114-117 б.
- 4 М.Н. Мысин. Практическое пособие для преподавателей «Создание образовательного веб-сайта с использованием технологического инструментария Google Sites» – Самара, 2012. – С.62.
- 5 Ваграменко Я.А. Методологические предпосылки формирования информационной образовательной среды // Информационные ресурсы в образовании: Всероссийская научно-практическая конференция, 14—16 апреля 2011 г. Нижневартовск, 2011. С. 15—16.

ИНФОРМАТИКАДАН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ: ТАПСЫРМА ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТАҚЫРЫП МЫСАЛДАРЫ

ЖИЕМБАЕВ Жомарт Тумарбекович, СЕЙЛЬБЕКОВ Н.Т.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Талдықорған, Қазақстан

jomart73@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың информатика пәнінен ғылыми-зерттеу жұмысын орындауда кездесетін мәселелер және оны шешу жолдары мен зерттеу жұмысының тақырыптарын таңдауға көмек көрсетіледі.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы с которыми сталкиваются учащиеся при выполнении научно-исследовательской работы по информатике, пути ее решения и помощь в выборе тем исследовательской работы.

Annotation

The article discusses the problems that students face when doing research work in computer science, ways to solve it and help in choosing research topics.

Кез-келген оқушының сабақтағы іс-әрекеті оның білім алуға деген қызығушылығымен ұйымдастырылуы керек. Сондықтан, мұғалім үшін оқушыларды күнделікті өмірде пайдалы және қажет болатын білімге қызықтыру өте маңызды. Ол үшін нақты өмірден алынған, оқушыға таныс мәселе қажет. Оның нәтижелі шешімдерін алу үшін алған білімдерін қолдана алулары керек.

Зерттеу жұмысы оқушылардың белгілі бір уақыт аралығында орындайтын өзіндік іс-әрекетіне бағытталған жеке, жұптық, топтық жұмыс. Ол қандай да бір мәселені шешуді көздейді. Мәселені шешу, бір жағынан, жиынтықты, әртүрлі әдістерді, оқыту құралдарын қолдануды, екінші жағынан, ғылымның, техниканың, технологияның, шығармашылық салалардың және талдаудың әртүрлі салаларындағы білімді, білімді қолдана білуді біріктіру қажеттілігін қарастырады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері «материалдық» деп аталуы керек, яғни, егер бұл теориялық мәселе болса, онда оның нақты шешімі, егер практикалық - қолдануға дайын нақты нәтиже (сабақта, мектепте, нақты өмірде). Зерттеу әдісін практикада қолдану мұғалімнің позициясының өзгеруіне әкеледі. Дайын білім тасымалдаушысынан ол өз оқушыларының танымдық, зерттеу қызметін ұйымдастырушыға айналады. Топтағы психологиялық ахуал да өзгереді, өйткені мұғалім өзінің оқу-тәрбие жұмысы мен оқушылардың жұмысын әртүрлі тәуелсіз іс-шараларға, зерттеу, іздеу, шығармашылық сипаттағы іс-шараларға қайта бағыттауға бейімделеді.

Мұғалім үшін оқушылардың ең күрделі және жан-жақты жалпы білім беру дағдыларын білу де, оларды игеру процесі де маңызды. Оқушыларды зерттеу және іздестіру-зерттеу қызметін орындау қабілетіне арнайы және мақсатты түрде үйрету қажет, атап айтқанда:

- әр түрлі нұсқаларда сұрақтар қою мүмкіндігі;
- оқушылардың сұрақ-жауап ойлауын дамыту;
- ақыл-ой амалдарының әртүрлі логикалық қозғалыстары туралы білімді игере отырып, ойлау қабілеті, осылайша оқушыларды ескілерге негізделген жаңа білімді іздеуге және дамытуға бағыттайды;
- оқушылардың ойлау іс-әрекетінің процесін реттеу, олардың ойлаудағы жеке ерекшеліктерін білу.

Зерттеу әдісі қазірдің өзінде шешілген мәселелерге негізделген, бірақ, әдетте, білімді игеруді тереңдетуді қажет етеді. Оқушылардың шығармашылық дербестігін дамытуға бағытталған шығармашылық тапсырмаларды (сұрақтарды, жаттығуларды, тапсырмаларды) мұғалім тарапынан оқушыларға көмек ретінде белсенді пайдалану. Бұл жағдайда дамудың әр кезеңімен оларға көмек көрсету деңгейі төмендейді. Әр сабақта бүкіл зерттеу циклын қажет ететін тапсырмалардың жоғары, жасырын және жоғары деңгейлі оқушыларына материал беру өте маңызды. Бұл ретте оқушыларды зерттеу барысында заңдылықтарды, тәуелділіктерді іздеуге және анықтауға және олардың үрдістерін анықтауға арнайы оқыту қажет.

Әрине, егер мұғалімнің өзі зерттеу жұмыстарына дағдыланбаған болса, онда ол оқушылар арасында мұндай әрекетті ұйымдастыра алмайды. Көптеген мектеп мұғалімдері ғылыми-зерттеу жұмыстарына тиісті көңіл бөлмейді, олар оны жасай алмайтындығына сенімді емес. Солай бола тұра, олардың кейбіреулері белгілі бір тақырыптар бойынша сабақ жүйелерін, басқалары жұмыс бағдарламаларын жасайды, ал енді біреулері әдістемелік кешендер жасайды. Мұғалімнің бұл қызметін қазірдің өзінде зерттеу, ғылыми қызметке жатқызуға болады.

Жұмысты неден бастау керек?

1. Ең алдымен, оқушыларды кез-келген пікірге, жағдайға, тұжырымдамаға күмәндануға үйрету керек.

2. Әрі қарай, өзіңіздің біліміңіз үшін жаңа, қызықты нәрсе таба алатын мәселелерді көруге үйрету. Оқушыларға информатика, математика және басқа ғылымдар саласындағы нақтылауды, бекітуді, қабылдауды немесе қабылдамауды қажет ететін бекітулерді көрсету қажет.

3. Әрі қарай, сіздің болжамдарыңызды тексеру қажет, бұл экспериментті жүргізу мүмкіндігімен байланысты, оны сауатты жүргізу ғана емес, сонымен қатар нәтижелерді жобалау және қорытындылау, дұрыс қорытынды жасау, оларды оқуда пайдалану мүмкіндігін көрсету қажет. Оқушылар арасында зерттеу жұмысын орнатудың маңызды сәті - олардың проблемаларды, оның «әлсіз» және «күшті» жерлерін, оларды шешудің мүмкін жолдарын көре білуге үйрету.

Оқушыларды ғылыми-зерттеу және ғылыми жұмыстарына тартудың бірнеше формалары бар. Бұл мақалалардың конспектісі, эссе жазу, белгілі бір сұрақтар шеңберіндегі әдебиеттерді таңдау және басқалар.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы тапсырмалар жүйесі қажет деп санаймыз, олардың орындалуы оқушыларды осындай жұмысты жүргізуге баулиды. Мүмкін, бұл «оқушы мен мұғалімнің шығармашылық зертханасының» қалыптасуы [1].

Біз мұндай зертханаларды құру жолында шешуді талап ететін объективті және субъективті сипаттағы мәселелер өте көп туындайтынын түсінеміз. Ең басты оның нәтижелілігі бүкіл жұмыс. Түрлі нұсқалар болуы мүмкін: шығармашылық тапсырмаларды ашық қорғау, оқушылардың ғылыми практикалық семинарлары мен конференцияларын ұйымдастыру, жарияланымдар және т. б.

Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына «тарту» формалары. Баланы зерттеу жүргізуге қалай үйрету керек?

Біз мұндай жұмыстың негізгі формаларын көрсетеміз, олардың кейбіреулері тәжірибелі мұғалімге таныс екеніне сенімдіміз.

- Мақалаларды конспектілеу. Мерзімді басылымдардағы мақалалар авторлық мәтінді басқа жұмыс түрін орындау кезінде пайдалану қажет болған кезде жинақталады. Конспект оқушыға сәйкес келетін стильде, бірақ осындай конспектілерге арналған арнайы дәптерде келтірілген. Бұл дәптерлерді мұғалім мезгіл-мезгіл қарап отырады. Оларға оқушылар пысықталған әдебиеттерден үзінділер, дәйексөздер, жиі кездесетін ұғымдар мен анықтамалар жазылады.

- Рефераттар жазу. Рефераттар мұғалім ұсынған немесе оқушылар өз бетінше тұжырымдайтын тақырыптар бойынша жазылады. Рефераттардың тақырыбы қазіргі уақытта зерттелген материалға сәйкес келеді. Әр оқушыға бір тақырып бойынша эссе жазуға рұқсат етіледі, ал олардың әрқайсысы өз тақырыбында жеке жұмыс істейді. Өзара кеңес алуына болу мүмкіндігі бар. Рефераттар жеке парақтарда жасалады, олардың біріншісі тақырып парағы болып табылады. Реферат - бірнеше мақалалармен жұмыс жасаудың нәтижесі. Рефераттардың жеке тарауларында оқушылар қарастырылатын мәселеге өз пікірлерін білдіреді, пайдаланылатын жарияланымдарды талдайды, қорытынды береді және қорытынды (ұсынымдар) тұжырымдайды. Жұмыстың соңында қарастырылған әдебиеттер тізімі беріледі. Ең құнды реферат оқушы өз бетінше ұсынған тақырып құнды болып саналады.

- Баяндамаларды дайындау. Баяндама бойынша жұмыс ұзақ дайындықты қажет етеді және оның тақырыбы кейбір тарихи оқиғалар мен фактілермен байланысты болуы мүмкін, танымдық сипатқа ие, оқытудың негізгі бағыттарын көрсетеді, информатиканы оқытуды басқа ғылымдармен байланыстырады, оқытудың әртүрлі жүйелеріне салыстырмалы сипаттама береді және т.б. баяндама бірнеше оқушыларды бір спикерге дайындай алады. Баяндаманың алдында баяндамада пайдаланылатын мақалаларды конспектілеу бойынша жұмыс жүргізіледі.

- Тезистер құрастыру. Тезистерді құрастыруға оқыту баяндама жасалғаннан кейін жүргізіледі. Бұл баяндаманың негізгі идеялары мен маңызды мәселелерінің қысқаша мазмұны [2].

- Әдебиеттерді іріктеу. Жұмыстың бұл түрі оқушылармен әдебиет таңдауда тақырыпты терең түсінуді талап етеді. Бұл жағдайда тізім негізгі және қосымша әдебиеттерге бөлінеді. Тізім библиография талаптарына сәйкес жасалады. Белгілі бір жарияланымды тарту мақсаттарына қажетті түсініктемелер беріледі.

- Пікірлер жазу. Мақала пікірі оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырады. Бастапқыда бір оқушыға оң пікір жазу, ал басқа оқушыға сол мақалаға теріс пікір жазу ұсынылады. Әр пікір дәлелді болуы керек.

- Тестілеу. Бастапқыда дайын тесттер сұрыпталады. Бұл ретте тестке енгізілген әрбір пункттің мақсаты анықталады. Болашақта оқушыларға тесттерді өз бетінше әзірлеу ұсынылады. Диагностика нәтижелерін өңдеудің әртүрлі әдістері қарастырылады.

- Шығармашылық тапсырмаларды орындау. Оқушылар тақырыптарды өздері таңдайды немесе мұғалім ұсынған тізімнен таңдайды. Шығармашылық тапсырмаларды орындау оқушыларды әдебиетпен жұмыс істей білуге, зерттеу белсенділігін көрсетуге, оны таңдау, өңдеу және сақтау туралы ақпаратпен жұмыс істей білуге мүмкіндік береді [3].

Интернет әр мектепте қол жетімді болғандықтан, зерттеу мен шығармашылықты онымен байланыстыруға болады.

Мысал ретінде біз Word редакторын зерттегеннен кейін, атап айтқанда, Word құжатына қойылатын стандартты талаптарды қарастырғаннан кейін мұғалім ұйымдастырған шығармашылық жұмыстың бір сәтін көрсетеміз.

Оқушылардың мәтінді құлықсыз теруінің орнына келесі тапсырмалар жиынтығы ұсынылады:

- 1 тапсырма. Төменде жарияланған тақырыптардың бірін таңдау. Біз ұсынған тақырыптарды қайта құруға, бірнеше тақырыпты бір тақырыпқа біріктіруге немесе кейбір тақырыптың бір бөлігін алуға болады. Тақырыпты түзету үшін мұғаліммен келісіңіз.

- 2-тапсырма. Интернетте таңдалған тақырып бойынша немесе таңдалған тақырыпқа жақын тақырыптар бойынша кемінде 5 түрлі мақала табыңыз. Барлық табылған жарияланымдарды жеке файлдарға көшіріп, осы құжаттарды стандартты түрге келтіріңіз.

- 3 тапсырма. Таңдалған мақалаға сүйене отырып, өз пікіріңізді қосу арқылы тақырыпты ашыңыз, сондай-ақ таңдалған мақалада талқыланған идеялармен келісу немесе келіспеушілік білдіріңіз, жарияланымдардың оң және теріс орындарын көрсетіңіз. Жұмыс көлемі — 30 000 символдан кем емес, бос орынсыз.

- 4 тапсырма. Шығармашылық жұмысты бөлек файлға салыңыз. Құжатты стандартты талаптарға сәйкес жасаңыз. Суреттер, сызбалар, кестелерді нөмірлеуі. Шығармашылық жұмысқа титулдық бетті, беттердің автоматты нөмірленуін, колонтитулдарды, автоматты мазмұн кестесін (мазмұнын), жарияланымдардың, олардың авторларының электрондық мекенжайларын және жарияланымдардың басқа да шығыс деректерін (беттер саны, баспа, жарияланымның шыққан жылы және т. б.) қосу қажет.

- 5 тапсырма. Барлық файлдарды жеке папкаға жинаңыз, оның атауын өзіңіздің тегіңіз бен «Шығармашылық жұмыс» деп атаңыз.

Жұмыстың үлгі тақырыптары

1. Автоматтандырылған басқару жүйелері.
2. Ақпаратты қорғау.
3. Жансыз табиғаттағы ақпараттық процестер.
4. Ақпараттық жүйелер.
5. Заманауи маманның қызметіндегі ақпараттық технологиялар.
6. Ақпараттық бизнес.
7. Ақпарат және сана.
8. Ақпарат және жабайы табиғат эволюциясы.
9. Ақпарат және энтропия.
10. Информатиканың даму тарихы.
11. Кибернетика - басқару туралы ғылым.
12. Компьютерлік революция: әлеуметтік перспективалар мен салдары.
13. Зат, энергия және ақпарат.
14. Үздіксіз және дискретті ақпарат.
15. Ақпарат беру.
16. Интеллектуалды жүйелерді құру.
17. Ақпараттық технологиялар саласындағы құқық бұзушылықтар.
18. Ақпаратты өлшеу мәселесі.
19. Қазіргі ғылымдағы ақпарат мәселесі.
20. Ақпараттық ресурстардың қасиеттері.

Оқушылар таңдалған тақырыптармен жұмыс жасай отырып, біріншіден, қажетті материалды таңдау технологиясын жетілдіреді, екіншіден, әртүрлі басылымдармен танысып, өздері тапқан мақалалардың таңдалған тақырыпқа сәйкестігін анықтау үшін кейбір критерийлерді жасайды.

Мұндай әрекет оқушыларды шығармашылық белсенділікке итермелейді, бұл оларды зерттеу қажеттілігіне әкеледі. Әрине, осы деңгейде қатаң ғылыми зерттеулер туралы айтудың қажеті жоқ, бірақ мұндай мақсат осы кезеңде мұғалімнің алдында тұрмайды. Бірақ балаларда бұл жұмысты орындау кезінде шығармашылық белсенділік пайда болады, танымдық қызығушылық қалыптасады, ішкі және сыртқы ынталандыру пайда болады [4].

Қазіргі уақытта білім беруді компьютерлендіру негізінен жағымды жағынан қарастырылады. Соның ішінде біз осы мақалада зерттеуші мұғалімнің шебер қолындағы компьютерлердің оң рөлін көрсеттік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Босова Л.Л., Босова А.Ю. Уроки информатики в 5-7 классах. — М.: «БИНОМ. Лаборатория знаний», 2007.
2. Лэнгдон Н., Снейп Ч. С математикой в путь: Пер. с англ. — М.: Педагогика, 1987.
3. Мельников О.И. Незнайка в стране графов: пособие для учащихся. — Мн.: Бел. Навука, 2000.
4. Босова Л.Л. Исследовательская деятельность на уроках информатики в 5-6 классах. «БИНОМ. Лаборатория знаний», 2013.

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

ЖУКЕНОВА Махабат Тулетаевна
СКО, Айыртау ауданы, Саумалкөл, Қазақстан
Саумалкөл қазақ орта мектебі
zhukenova75@mail.ru

«Бұған дейін жасалғандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады».

Генри Форд

Байқап отырсаңыздар, кейінгі кездері білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа қарым-қатынас пен көзқарас пайда бола бастады. Соған байланысты білім беру парадигмасы да өзгерді. Сондықтан мұғалімнің алдына қойылған маңызды мәселелердің бірі – өскелең ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі. Осыған орай, тәуелсіз мемлекетімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып, бұл жүйе әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт бұруда. Осындай бетбұрыстар оқу-тәрбие үрдісіндегі заман сұранысына сай елеулі өзгерістердің пайда болуына байланысты болып отыр. Білім беру мекемелерінің басты міндеті – ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту. Осы бағытта жоғары деңгейдегі нәтижелер мұғалімнің қажымас ізденімпаздығымен, шығармашылық жеңісімен келмек. Сондықтан да әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарап, оны шығармашылыққа, ізденімпаздыққа, дербестікке бейімдеп, тұлғаның жеке қабілетіне қарай білім беруді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру да жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру – мұғалімдердің алдына қойылып отырған ең маңызды деген міндеттердің бірі екенін ұстаздар қауымы жақсы біледі. Мұғалімдердің инновациялық және интерактивтік әдістемелерді сабақ барысында пайдалануы сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Енді «инновация» терминіне тоқталсақ: ғалымдар тарапынан оған әртүрлі анықтамалар берілген. Жалпы алғанда, инновация деген ұғым педагогикалық сөздік қорында ежелден қолданылып келе жатқан термин. Ғалымдардың бір тобы өз еңбектерінде «жаңа», «жаңа жаңалық енгізу» деген түсінік берсе, енді бірі бұл терминді «өзгеріс» деп пайдаланған. Ал латын тіліне жүгінсек, «инновация» термині «novus» – жаңалық, «in» – енгізу деп аударылған. Оның қазақша аудармасы да «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. «Инновация» термині туралы Энциклопедиялық сөздіктерде де әр түрлі анықтамалар берілген (мысалы, Үлкен энциклопедиялық сөздікте бұл термин «жаңаша білім беру» деген анықтамаға ие).

«Инновация» термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр (шындығына келсек, «инновация» деген термин әр елде әртүрлі кезеңде пайда болған, оның қолданылу кезеңі де әр түрлі).

Егемендікке қол жеткен 30 жылдың соңғы бес жылының ішінде елімізде кеңінен пайдаланылып келе жатқан «инновация» ұғымына ең алғаш қазақ тілінде анықтама берген ғалым – Немеребай Нұрахметов. Н.Нұрахметовтың айтуынша, «Инновация, инновациялық үрдіс дегеніміз – білім беру

мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі». Ғалым инновацияның білім саласындағы әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табатынын қарастырған. Ол инновацияны, яғни, қайта жанарту кеңістігін, үш түрге бөлген:

- жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған);
- модульдік түрі (жеке-ара кешені, бір-бірімен байланысқан);
- жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Ал қазіргі таңда «инновация» термині қана білім және ғылым саласында ғана емес, медицина, техника, өндіріс, салаларында өте жиі қолданылып жүр. Осындай инновациялық әдістер негізінде оқушының дербес қабілеті, белсенділігі қалыптастырылып, оқыту материалдарын өз мүмкіндігінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігінің артуда.

Мұғалім үшін инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдаланудың тағы қандай тиімділігі бар деген сауалға тоқталсақ, меніңше, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану барысында мұғалім сабақты дайын күйінде бағалап, білім беріп отырған оқушысының іс-әрекетін бақылай алады. Оның үстіне, әрбір білім алушы-оқушы өзі ізденіп, оқу материалдарын өз бетінше игеріп, ғылыми тұрғыдан зерттеуді көздейді.

Оқытудың инновациялық технологияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары қандай деген сұрақтың жауабын әдіскер С.Көшімбетованың өзінің зерттеуінде атап көрсеткен оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың ерекшеліктерінен табуға болады. Сол ерекшеліктерге тоқтала кетсек, олар төменде көрсетілгендей сипатқа ие:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады;

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеріледі;

- мұғалім таныс емес шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілетке ие болады;

- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс барысында іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады;

- ақпараттық бағдарламалар бойынша оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибе жүзінде бала – субъект, бала – объект тұрғысынан енгізіле бастайды да, алғылыми білім тұрғысынан баланы тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады

Негізінде, инновациялық әдіс-тәсілдер модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

1) Модификациялық инновация – осыған дейінгі пайдаланылып келе жатқан тәсілдерді дамытумен, түрін өзгертумен айналысу (мысалы, В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектiсі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануыосы арада мысал бола алады).

2) Комбинаторлық модификация – ешқашан пайдаланылмаған, бірақ белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру (бұл жерде пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесін айтқан дұрыс).

3) Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу тәсілі (мемлекеттік стандарттардың тиімділігі параметрлерді, мөлшерлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады).

Осыған орай мемлекетіміздің білім бері, оқу орындары өздерінің қалауы бойынша көпнұсқалық кез-келген үлгі бойынша жұмыс атқаруда. Көпнұсқалық тиімділігі берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы мен ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялардың қолданылуында. Сондықтан оқыту технологияларын әрбір оқушының жасына,оның жеке-дара психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып таңдап, іс жүзінде сынақ жүргізудің маңызы зор.

Инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі десек, оны меңгеру үшін мұғалімге педагогикалық аса зор тәжірибені пайдалана білу шеберлігі қажет (яғни, өз жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарайтын, бойында белгілі іскерлік қасиеті бар маманды қажет ететін тәсіл). Әрбір педагог оқытудың инновациялық технологиясын меңгеру барысында аянбай еңбек ететіні ұстаздар қауымына бұрыннан мәлім. XXI ғасырда кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы да болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелерін бірінші орынға қойып

отыр. Сондықтан да педагог-психологтар тарапынан педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалуда.

Мұғалімнің оқыту барысында инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары төмендегідей:

- инновация туралы білімі;
- инновацияны жан-жақты меңгеру;
- инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру;
- инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары;
- инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Білім сапасының төмендігі, білім саласына мемлекет тарапынан жүргізілген реформаларға қарамай, оқу нәтижесінің болмауы, мардымсыз шығарылған саны көп құжаттар, оқушының өздігінен білім алу дағдысының талапқа сай еместігі, мұғалім мен оқушының бірлескен шығармашылық еңбектерінің болмауы – міне, осы факторлардың бәрі бүгінгі таңдағы әрбір білім беру мекемелеріндегі белең алып келе жатқан кемшіліктер. Осы аталған тығырықтан шығудың бірден-бір жолы – оқу үрдісінде инновациялық тәсілдерді енгізу, әрбір оқушының білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттыруда жұмыс жасап, оның өз бетімен ізденуіне, шығармашылық еңбек етуіне жол ашу, бағыт-бағдар беру, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, аналитикалық ойлау қабілетін дамыту. Инновациялық оқыту, педагогикалық технологиялар білімді тереңдетумен қатар оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, оның оқуға деген ынтасын оятады. Білім алудағы, шеберліктегі, өнердегі түрлі амал-тәсілдердің жиынтығы деген ұғымды білдіретін инновациялық процестің негізі де мұғалім мен оқушы арасындағы жаңалықтарды қалыптастырып, жүзеге асырудағы тұтастық қызмет болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын тиімді түрде қалыптастыру тұтастық білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Осыған орай айта кететін жайт: мұғалім ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, педагогикалық инновацияларды тиімді пайдаланып, өндеп (қажетті тұстарын), нәтижелі пайдалана білуі керек. Міне, заман талабына сай қызмет жасаймын деген әрбір мұғалімнің негізгі міндеттерінің қазіргі таңдағы ең маңыздысы – осы.

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

ЖҮГІНІС Айша Сарбайқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Қызылорда, Қазақстан

aisha.zhuginis@mail.ru

Аннотация

Мақалада орта мектепте физиканы оқыту процесінде техникаға бейімі бар оқушылардың қызығушылықтарына орай политехникалық білім беру мақсатында элективті курс өткізудің қажеттілігі айтылған. Элективті курс оқушылардың политехникалық құзыреттіліктерін қалыптастыруға негізделген.

Аннотация

В статье рассматривается проблема о необходимости проведения элективного курса с целью политехнического образования в процессе обучения физике в средней школе, исходя из интересов учащихся. Элективный курс основан на формировании политехнических компетенций учащихся.

Annotation

The article notes the need to conduct an elective course for the purpose of polytechnic education in accordance with the interests of students with a technical aptitude in the process of teaching physics in secondary schools. The elective course is based on the formation of students Polytechnic competencies.

Кілт сөздер: физика-техникалық модельдеу, политехникалық білім беру, политехникалық құзыреттілік, элективті курс.

Еліміздің ғылыми және техникалық дамуы, өркениетке жол бастауы – мектептегі техникалық пәндердің негізі болып оқытылатын физика курсының еншісінде. Сондықтан да оқушыларға физика пәнін сапалы оқытуда теориялық материалдарды практикамен ұштастыра отырып, эксперименттік тәжірибелерді қолданудың маңызы зор. Мысалы, түрлі техникалық құрылғылар мен қондырғылардың

модельдерін жасап, оның кейбір бөлшектерін өз қолдарымен жасауға үйрету арқылы оқушыларға политехникалық бағытта кәсіби бағдар беруге болады. Техникалық мамандықтарға бейім оқушылардың мүмкіндіктерін ашу қазіргі заман талабы болып отыр. ҚР мемлекеттік білім беру стандартында да политехникалық құзіреттілікті қалыптастыру жалпы кәсіби құзіреттіліктің дамуына ықпал ететіндігі туралы айтылған [1].

Елімізге кәсіби шеберлігі жоғары мамандар даярлауды мектеп қабырғасынан бастау қажет, себебі оқушының қандай да бір пәнге қызығушылығының астарында сәйкесінше бір мамандыққа бейімділік байқалады. Соның ішінде техникалық тұрғыда қызығушылықтарын арттырып, техникалық мамандықтарға бейімдеу физика пәні мұғалімдерінің басты міндеті.

Мектеп физика курсына техникалық қондырғылар мен құралдардың жұмыс жасауының негізін түсіндіретін көптеген қарапайым тәжірибелер көп жағдайда пән мұғалімнің көрсетуі арқылы жүзеге асырылады. Орта мектепте физикалық тәжірибелерді оқушының өзі жасап, құрастырып көруіне, соның негізінде құрылғы жұмысының қандай физикалық заңға, болмаса құбылысқа негізделгенін түсінуге арналған тапсырмалар өте аз.

Физика пәні мұғалімінің эксперименттік шеберлігі жоғары, дағдысы қалыптасқанның өзінде техникалық құрылғылар мен құралдардың жұмысын демонстрациялық тәжірибелер арқылы толығымен жеткізе алмасы анық. Оның үстіне сабақ барысында теориялық материалдармен қоса қосымша материалдардың барлығын толығымен қамту үшін уақыт аз.

Осы мәселені шешу жан-жақты әдістемелік зерттеуді қажет етеді. Зерттеуіміздің барысында Қызылорда облысының тәжірибелі физика пәні мұғалімдерінің арасында сауалнама жүргізіліп, физиканы оқыту барысында қосымша техникалық сипаттағы материалдарды берудің бүгінгі күннің талабы екенін және оқушылардың қызығушылығына да сай екені анықталды. Себебі, ғылым мен технологияның дамуына сәйкес оқушылар да көптеген физикалық құбылыстар мен процестердің техникада қолданысы туралы кең көлемде ақпарат алғысы келеді. Жалпыға білім беретін орта мектепте оқушының политехникалық дайындығы жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Соның ішінде физиканың маңызы ерекше екендігін ескере отырып, зертхана, практикалық сабақтарда, өндіріс орындарымен, ауыл шаруашылығымен байланыстыра өткізілетін экскурсияларда, түрлі форматтағы сыныпта тыс іс-шараларда, факультативтік сабақтарда, элективті курстарда жүзеге асыруға болады. Орта мектепте техниканың негізі ретіне физика пәні оқытылатындықтан, оқушылардың политехникалық құзыреттіліктерін қалыптастыруда физика пәнінен элективті курстарды пайдалану өте тиімді деген ойдамыз. Осыған сәйкес физиканы 7-8 сыныптарда оқытуда «Физика-техникалық модельдер» элективті курсының бағдарламасын ұсынып, өткізуге болады. Элективті курстың мақсаты:

1. Оқушыларды алған білімдерін практикада, өмірде өз беттерінше тиімді қолдана алуға дағдыландыру;
2. Оқушыларға жастайынан қандай да бір техникалық құрылғылардың жұмыс жасау принциптерін, физикасын тереңірек түсіндіру;
3. Оқушылардың политехникалық құзыреттіліктерін қалыптастыру;
4. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін және конструкторлық шеберліктерін дамыту;
5. Өз қолымен түрлі техникалардың моделін жасай алуға, құрастыра алуға үйрету.

Элективті курс оқушының өзінің белсенді жұмыс істеуіне мүмкіндік жасауы керек. Ондағы ізденіс жұмыстары мен тапсырмалар теориялық материалдарды терең түсінуге және оқушылардың эксперименттік дағдыларының қалыптасуына (құбылысты бақылай алу, өлшеу, қорытынды жасау және т.б) және құрастырушылық қабілеттерінің дамуына тікелей әсер ететіндей болуы керек.

Оқушылардың политехникалық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін көптеген педагог-ғалымдар зерттеді. Жаратылыстану және қолданбалы ғылымдарды оқытуда «политехникалық білім» немесе «технологиялық білім» ұғымы енгізіліп, «Политехникалық білім – өндірістің барлық процестерінің негізгі принциптерімен таныстырады және сонымен бірге балаға немесе жасөспірімге барлық өндірістердің қарапайым құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын береді» деп тұжырымдалды [2]. Сонымен қатар, педагог-ғалымдар да П.П.Блонский, А.Г.Калашников өз еңбектерінде политехникалық оқытудағы мәселелерге арнады. Н.Хомский лингвистика саласында «құзыреттілік» ұғымын алғаш рет қолданғаннан кейін, оны педагогика ғылымы саласында да кеңінен қолдана бастады. «Құзыреттілік» ұғымын ғылыми категория ретінде А.К.Маркова, Л.М.Митина, А.В.Хуторской, А.А.Вербицки өз еңбектерінде қолданды [2].

Джон Равеннің, Ю.Г.Татурдың, И.А.Зимняяның, Д.П.Мучкиннің, Ш.Таубаеваның, С.Е.Шишовтың еңбектерін талдай отырып Э.Зеер мен Э.Сыманюк құзыреттілік ұғымына мынадай анықтама береді: «Құзыреттіліктер жалпыланған, әмбебап білімдерге қарағанда әрекеттік, практикалық-бағдарланған сипатқа ие. Сондықтан олар, теориялық және қолданбалы білімдер

жүйесімен қатар, когнитивті және операционалдық-технологиялық құрылымдық бөліктерін қамтиды. Яғни, құзыреттілік – бұл әрекет үстіндегі білімдер жиынтығының жүйесі» [3]. Қазақстандық ғалымдарда құзыреттілік ұғымын білім беру саласындағы зерттеулерінде кеңінен қолдануда (Н.Р.Шаметов, Б.Т.Кенжебекова, М.Жадрина, Г.Ж.Менлибекова, Ш.Құрманалина, К.Устемиров және т.б.).

В.Б.Брюховецкий, Л.А.Борисова, С.Г.Добротворская өз зерттеулерінде «политехникалық құзыреттілік» ұғымын біріктіріп, жаңа лепте, кең ауқымда зерттеді. Е.Ю.Левченко мен А.М.Мехнида өздерінің жариялаған [4] еңбектерінде жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту процесінде білім алушылардың политехникалық құзыреттіліктерін қалыптастыру қазіргі уақыттағы педагогика ғылымындағы ең өзекті мәселе екеніндігін қарастырды.

Сонымен, политехникалық құзыреттілік – білім алушыларды политехникалық біліммен, еңбек дағдыларымен қамтамасыз ететін, қоғамның игілігі үшін өнімді жұмысқа белсенді шығармашылықпен қатысуға дайындайтын, сонымен қатар дүниетанымды жоғары деңгейде қалыптастыратын, тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуына көмектесетін білім.

Өйткені, біздің пәніміз табиғи объектілер мен құбылыстардың жағдайын сандық бағалау қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Бұл табиғат ресурстарын сақтауға, адам денсаулығына, экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған тапсырмалар. Осы тапсырмалардың көмегімен табиғатқа, демек, өзімізге деген сүйіспеншілік қалыптасады, өйткені біз оның бір бөлігі саналамыз. Экологиялық түрлер тапсырмасы арқылы оқушылар қоршаған дүниенің әсемдігін көруге мүмкіндік алады.

Осы тапсырмаларды шешкеннен кейін шағын түсіндірме немесе талқылауға арналған сұрақтар қойылғаны дұрыс, талқылау барысында оқушылардың экологиялық санасы, онымен бірге туған жерге деген сүйіспеншілігі қалыптасады.

Экологиялық мәселелерді шешудің табыстылығы балалардың экологиялық білім деңгейімен анықталады. Өйткені, экологиялық сауат деңгейіміздің шектеулі болуымен байланысты проблемалардың бәрі болмаса да, көп бөлігі әлі күнге шешімін таппай келеді.

Қазіргі уақытта экология кең ауқымды мәселелерді қарастыруда: табиғатты ұтымды пайдалану, қоршаған ортаның ластануы, гербицидтер мақсатқа сәкес пайдалану, қатты қалдықтарды кәдеге жарату, Каспий теңізінің тайыздануы, Солтүстік және Шығыс Қазақстанның орман екпелерінің жағдайы, топырақ жамылғысының деградациялық процестері және басқалар.

Бастауыш сыныптарда экологиялық мазмұндағы жобалармен айналысамын. Бұл әдіс көп уақытты қажет етпейді, бірақ оны дайындау барысында балалар жоспарлауды, ұйымдастыруды, өзін-өзі бақылауды үйренеді. Олар өзін және жолдастарын бағалауға, әдебиетпен жұмыс жасауға, алған білімдерін талдауға, жүйелеуге үйренеді. Олар адам әрекетінің оң және теріс салдарын біледі.

Экологиялық проблемалар бүгінде жаһандық деңгейде болып отыр. Біз өз өркениетімізге төніп тұрған қауіпті болдырмауға қауқарсызбыз, бірақ айналамыздағы ортаға қатысты әрекеттердің векторын өзгерте аламыз. Егер әркім бүгін өзінен бастаса, экологиялық апатты болдырмауға болады.

Осындай проблемаларды шешу барысында экологиялық білім, экологиялық мәдениет қалыптасады. Экология мәселелері туралы ойлау қабілеті, алған білімдерін өмірде қолдана білу икемдігі дамиды. Қойылған міндеттерді шешкеннен кейін балалар экологиялық мазмұндағы мәселелерді ойлап табуға, құрастыруға, жобалауға және шешуге ұмтылады. Көбінесе мұндай міндеттер мәселе тақырыбындағы суреттермен бірге жүреді.

Экологиялық мәселелерге: суды, қағазды, энергияны үнемдеу, қалдықтар, шу проблемасы, қоршаған ортаны қорғау, гигиена және салауатты өмір салты жатады. Экологиялық проблемаларды келесі белгілері бойынша жіктеуге болады:

I. Мазмұны бойынша

- Ақпараттық

- Іс жүзінде бағытталған
- Қолданбалы
- Зерттеу

II. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы әсер ету тәсілі бойынш

- Демонстрациялық
 - Проблемалық
 - Сілтеуіш

Мәселелер тікелей қоршаған ортадан алынуы керек, содан кейін олар оқушылар үшін түсінікті және қызықты болады. Осы типтегі есептерді шешу математика пәніне қызығушылық тудырады.

Төменде жұмыста қолданатын кейбір тапсырмалардан мысал келтірмекпін.

1. 1 тонна қағаз шығару үшін 17 ағашты кесу керек. Бірақ тұрмыстағы қағаз қалдықтарының әрбір тоннасы бұл ағаштарды кесуден құтқарады. 34 ағашты сақтау үшін біздің мектеп оқушылары қанша қағаз қалдықтарын жинауы керек? Егер мектепте 500 бала болса, әр оқушы қанша килограмм қағаз қалдығын әкелуі керек?

2. Шағын жапырақты орман жылына шамамен 70 тонна шаңды, ал сондай қылқан жапырақты орман 35 тонна шаңды сүзеді. Жапырақты орман бір жылда қылқан жапырақтыға қарағанда шаңды қанша есе көп сүзеді?

3. Адам денсаулығына әртүрлі факторлар әсер етеді: экология және тұқым қуалаушылық - 20%. Денсаулық - 10%. Салауатты өмір салты - 50% және т.б. Осы факторлардың сіздің өміріңізге әсерінің салыстырмалы диаграммасын құрыңыз. Қандай қорытынды жасауға болады?

4. Біздің планетамызда жыл сайын 1,7 млрд. адам таза судан кемтарлық көреді; 3,6 млрд. адам антисанитарлық жағдайда өмір сүреді; шамамен 4,2 млн. - жыл сайын нашар суды пайдаланудан туындаған аурулардан өледі. Таза судың жетіспеушілігінен қанша адам зардап шегеді?

5. Бір айда (30 күн) сыйымдылығы 12 литр болатын қанша шелек су краннан (шүмектен) бекер ағып кетеді, егер бір күнде жуандығы бір сіріңкедей нашар жабылған кран (шүмек) арқылы 400 литр су ысырап болатыны белгілі болса?

6. Егер сыныптың әр оқушысы 5 данадан жұлып алса, қанша гүлді өсімдік өледі? Ал егер 10 данадан? Біз қандай қорытынды жасай аламыз?

7. Елді мекендерде улы өндірістік, ауылшаруашылық және тұрмыстық қалдықтардың көптеп жиналуы топырақтың ластануына әкеледі. Біздің климатта жерге тасталған банан қабығы 2 жылда шірйді. Ластанған темекі тұқылының шіруі 2 жылға ұзағырақ болады. Пластикалық пакеттердің (қаптама) шіруі банан қабығына қарағанда 4 есе көп уақыт алады. Қаптаманың шіруіне қанша жыл қажет? Бананның қабығы қанша жыл бұрын шіриді?

8. Автомобиль көлігі жылына 36 млн тонна зиянды заттар шығарады. Дизельді қозғалтқышы бар автомобильдер әсіресе қауіпті, бензопирен (канцероген) күйеге сіңеді. "КАМАЗ" қозғалтқышының бос жүрістегі 1 сағат жұмыс істеуінен 87 г көміртегі тотығы, 120 г азот оксиді, 7 г көмірсутек түзіледі. Кәсіпорын жанында тұрған автокөліктердің 100 қозғалтқышы жұмыс істемей тұрып қалса, 1 сағатта атмосфераға қанша зиянды заттар түсетінін анықтаңыз?

9. Жеңіл автокөлікке 1,4 литр бензин жағу үшін 2,5 кг оттегі қажет. 1 га аумақтағы орман жылына 280 кг оттегін шығарады. Бір автокөлік жыл бойына күніне 10 литр бензин жұмсауы үшін қанша гектар орман оттегін шығаруы керек екенін есептеңіз?

10. Сіздің алдыңызда сикырлы шаршы бар. Әр жолдан ең үлкен санды таңдаңыз. Осы үш санның қосындысы синица құсы тұқымдасының бір жылда қанша тонна зиянды жәндіктерді жейтінін көрсетеді.

2,8	4,5	1,7
7,3	2,4	1,2
3,7	5,2	4,5

Шешімі: $4,5+7,3+5,2=17$ (т)

Тұжырым: Синица тұқымдасы жылына 17 тонна зиянды жәндіктерді жейді.

11. Сандық әдіспен шешілетін экологиялық мәселелердің мысалы.

Тәулігіне орта есеппен адам терісінен 800 г, бүйректен 1600 г, өкпеден 400 г су бөлінеді.

Төмендегі өрнектермен есепті шығару үшін қандай сұрақтар қою керек?

- 1) $800+1600+400$
- 2) $1600-400$
- 3) $1600:400$
- 4) $1600:800$
- 5) $1600-(800-400)$

12. Энергия үнемдейтін бір шам ұзақ қызмет ету кезінде атмосфераға 200 кг-нан астам CO₂ бөлінуіне жол бермейді. Үш бөлмелі пәтердің әрбір бөлмесіне осындай бір шам қолданылса, атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын қалай болдырмауға болады (ванна, дәліз және дәретхананы ескеруді ұмытпаңыз).

Қорытынды: Экология мен математика өте өзара байланысты ғылымдар. Математиканы экологияландыру оқушылардың қоршаған әлем және оның экологиялық проблемалары туралы білім алуына ықпал етеді, оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыру және экологиялық білім беру мәселесін шешу, экологиялық мәселелерді шешудегі математиканың рөлі туралы түсінік қалыптастыру жүзеге асырылады. Тұлғаның интеллектуалды қасиеттері - құзыреттілік (мәселені көре білу, шешу тәсілдерін меңгеру және табысқа жету), қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, құрмет және патриоттық сана тәрбиеленеді.

Мәселелерді шешу кезінде оқушылар өмірде сандарды қолдану, экологиялық проблемалар туралы ойлау қабілеттерін дамытады. Мен қарастырған материал, әрине, экологиялық сипаттағы барлық міндеттер емес. Олар әлдеқайда көп. Мен оларды жинаққа (100 дана) жинап мектепте басып шығаруды жоспарлап отырмын.

Жинақ материалдарын мектеп мұғалімдері сынып сағаттарында және экологиялық сипаттағы мектептің сыныптан тыс шараларында пайдаланады деп үміттенемін.

Әдебиеттер

1. Метод-сборник. Журнал для работников образования.
2. Журнал "Современные проблемы науки и образования". – 2015. – № 1
3. Гирусов Э.В. Восхождение к экологической культуре: необходимость и сущность / Э.В. Гирусов // Библиотечное дело. – 2010. – № 3. – С.6-11.
4. Кушнир Т.И. Формирование творческой активности учащихся при решении математических задач // Вестник ТГСПА им. Д.И. Менделеева. – 2013. – № 5. – С. 49-57
5. Нефедова Н.Х. Дидактические условия формирования экологической культуры школьников на уроках математики//Журнал "Известия Самарского научного центра Российской академии наук". - 2010. - т.12, №5(3)
6. Акрстина Н.М. "Разработка заданий экологического характера, способствующих повышению интереса к экологии, мотивации к учению и познавательных способностей обучающихся в рамках курса математики в 5 классе средней общеобразовательной школы". -2014.-Москва
7. Интернет ресурс: <http://ru.wikipedia.org/wiki/экология>

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ НАҒАШЫБАЙ Данагүл Даниярқызы, АЛДАБЕРГЕНОВА А.О.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан
Dana.nagashybay@mail.ru

Әр елдің ұлттық білім беру жүйесінің ауқымы, құрылымы және экономикасының, ғылымының, мәдениетінің өзара әсері әртүрлі болғандықтан, білім беру жүйесі де әртүрлі. XXI ғасыр – ақпараттық қоғам ғасыры, мәдениет технологиясының ғасыры, адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау ғасыры.

Тәуелсіз Қазақстанда орта білім мазмұнының жаңаруында оқушының функционалдық сауаттылығын арттырудың маңызы аса зор. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Сондықтан да Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп, «Еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес. Президенттің бастамасымен өмірге келген функционалдық сауаттылықтың мақсаты – балалардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету» деген еді. Сондықтанда, болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ақпараттық-білім беру ресурстарын жан-жақты дамыту, әртүрлі әдіс-тәсілдер жүйесін пайдалану ең маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта білім беру саласын дамытудың маңызыд мәселелерінің бірі – жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда жеке тұлғаны дамыту мен оның өзіндік дамуына жауап беретін, жаңа типті білім беруді қалыптастыратын ақпараттық коммуникациялық технология құралдарын оқу процесіне енгізу болып табылады.

Қазіргі білім жүйесіндегі өзгерістер жаңаша сипатқа ие болып отыр. Соңғы уақытта оқытудың тиімді жолдары қарастырылып, ұстаздар жаңа модельдегі оқыту жүйесіне көшуде. Әлемдік деңгейде роботан және робототехника бойынша нанотехнологияны дамыту қолға алынуда. Сол себепті, оқытуда АКТ-ны пайдалану оқытудың бір ажырамас бөлшегі болмақ.

Білікті мұғалім теориялық және тәжірибелік білімін өзара тығыз байланыстыра алуы керек[2]. Себебі, АКТ-ны енгізген кезде теориялық және тәжірибелік білімдері оларды ойланып қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқыту оқу үрдісін жақсартуға жағдай жасайды. Қазіргі қоғамдағы балалар мобильді балалар, ал мұғалім олардың ұсынысына жауап беру үшін кез келген техникалық заманауи құрылғыларды жетік білуі керек.

Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі саласында бірқатар еңбектер жарық көрді. Оларда – университеттерде информатикамен ұштасқан профиль мамандарын информатикаға оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіру (Е.Ы.Бидайбеков), жалпы білім беретін орта мектептерде информатиканы оқытуды жетілдіру (С.Қариев), мектептер мен университеттерде информатика мен экономиканы біріктіріп оқыту жүйесін жетілдіру (Б.Бекзатов), мәліметтердің иерархиялық құрылымдары негізінде компьютерлендірілген оқытуды ұйымдастыру В.В.Гриншкун жан-жақты зерттеді.

Көптеген ғалымдар компьютерлік оқыту мәселесіне ерекше мән беріп келеді. Мысалы, Ж.А.Қараев оқытудың компьютерлік технологияларын пайдалану жағдайында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, А.Ә.Шәріпбаев компьютерлердің бағдарламалық және ақпараттық құралдарының дұрыстығын дәлелдеу, С.М.Кеңесбаев болашақ мұғалімдердің жаңа ақпараттық технология пайдалана білу мәселелерін, М.Ф.Баймұхамедов компьютерлік оқытудың бейімделген технологиясын құрастырудың модельдерін, әдістері мен құралдарын жасау мәселелерін Ж.Ж.Жаңабаев ақпараттық технологиялардың даму жағдайында мамандарды инженерлік-сызба дайындықтарын жетілдіру туралы қарастырған.

Жоғарыда аталған еңбектер елімізде информатиканы және информатикалық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі бойынша ғылыми ізденістер негізін қалауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл жұмыстарда болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жеткілікті зерделенбеген.

Білім беруді ақпараттандыру технологияларына білім беру қызметіне арналған ақпараттық ресурстарды дайындау әдістері мен сапасын бағалау, педагогтарды өзінің кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды тиімді қолдануға оқыту тәсілдері жатуы мүмкін.

Жалпы білім беретін орта білім беру саласында қолданылатын Ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдарының негізінде перифериялық құрылғылармен жабдықталған дербес компьютер жатыр. Компьютердің мүмкіндіктері оған енгізілген программалық қамтамасыз етумен анықталады. Программалық құралдардың негізгі категориялары жүйелік программалар, қолданбалы программалар және аспаптық құралдар.

Жүйелік программаларға компьютердің жабдықтарымен және пайдаланушымен өзара әрекетін қамтамасыз ететін операциялық жүйелер, сонымен қатар түрлі қызметтік немесе сервистік программалар жатады.

Қолданбалы программаларға ақпараттық технологиялардың құрал-саймандары болатын программалық қамтамасыз етулер – мәтінмен, графикамен, кестелік мәліметтермен және т.б. жұмыс технологиялары жатады.

Құрал-саймандық программаларға программалық қамтамасыз етуді дайындауға арналған программалар жатады [2].

Ж.Қараевтің деңгейлеп саралап оқыту технологиясында төмендегідей 4 деңгей көрсетілген:

Бірінші деңгей - «үйренушілік». (Репродуктивтік) Оқушылардың жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіту үшін, еске түсіріп, қайталау үшін және алған білімдерін практикада қолдана білуге жаттықтырады. Берілген есептер мен тапсырмалар өмірмен, қоршаған ортамен байланыстырылған болуы керек. Мұнда оқушының қызығушылығына, таным бірлігіне назар аударылады.

Екінші деңгей - «алгоритмдік». Мұнда кері байланысқан функцияларды орындау үшін тексеру тапсырмалары, іріленген материалдарды жүйеге келтіруге, реттеуге арналған, мазмұны өзгертілген жағдайға тапсырмалар беріледі. Сонымен қатар ұлттық негізде құрылған, көбінесе танымдық және үйренушілік мәні бар тапсырмалар, мысалы, сөзтізбектер, ребустар, ойлауға арналған тапсырмалар беріледі.

Үшінші деңгей - «эвристикалық». Бұл деңгейде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі

әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек.

Төртінші деңгей- «шығармашылық», Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың білімділігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу [3].

Енді, жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдеріне тоқтап өтсек. Дидактика мен жеке әдістерде оқытудың әдістерінің әртүрлі жіктелінуі бар. Қазіргі уақытта дидактикада біршама қабылданған топтастырулардың бірі - И.Я.Лернер ұсынған танымдық іс-әрекет сипаты бойынша әдістерді топтастыру болып табылады. Мұнда оқытудың бес әдісі бөлініп көрсетіледі [4]:

- 1) Түсіндермелік-иллюстративтік;
- 2) Репродуктивтік;
- 3) Проблемалық оқыту әдісі;
- 4) Эвристикалық;
- 5) Зерттеушілік.

Оқу-педагогикалық қызметтегі іс-әрекет тұрғысы негізінде Ю.К.Бабанский оқыту әдістерін үш топқа бөледі [5]:

1. оқу-танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың әдістері;
2. оқу іс-әрекетін ынталандыру әдістері;
3. іс-әрекетті бақылау әдістері.

Әдістердің бірінші тобына сөздік, көрнекілік және практикалық әдістер енеді. **Ынталандыру әдістерінің** тобына осы топқа тән әдістер: танымдық ойындар, пікірталас, мадақтау т.б. енеді.

Бақылау әдістері тобына ауызша және жазбаша тексерудің әр алуан әдістері – жеке және фронтальды сұрау, бақылау жұмыстары, диктанттар, рефераттар, дидактикалық карточкалармен жұмыс т.б. жатады.

Танымдық іс-әрекет сипаты, білім көзі, оқу-педагогикалық іс-әрекетті, ғылымның әдіснамалық тұрғыларының негізінде оқыту әдістерін кестеде көрсетілгендей топтастыруға болады:

Топтастыру негіздемесі	Әдіс топтары
Танымдық іс-әрекет сипаты	түсіндірмелік-иллюстративтік репродуктивтік проблемалық мазмұндау эвристикалық зерттеушілік
Білім көзі	сөздік көрнекілік практикалық
Оқу-педагогикалық іс-әрекет тұрғысынан	оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру оқу-танымдық іс-әрекетті бақылау
Ғылым методологиясы	теориялық эмпирикалық

Оқушылар ақпаратты әртүрлі білім көздерінен алады (Мұғалімнің тақырып бойынша материалды жеткізуінен, кітаптан, бақылау кезінде, практикалық іс-әрекет нәтижесінде). Осы тұрғыдан білім көзіне байланысты барлық оқыту әдістерін 3 топқа бөлуге болады:

1. Сөздік
2. Көрнекілік
3. Практикалық

Сөздік әдісте басты білім көзі-сөз. Әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу, лекция-сөздік әдістер. Сөздік әдіске оқушылардың кітаппен (оқулық, анықтамалықтар, ғылыми әдебиеттер) жұмыс істеуі де жатады.

Көрнекілік әдістер тобына білім көзі-бақылап, зерделеу болатын әдістер жатады. Оқушылар бақылап қарап, оның нәтижесіне эксперименттік фактыларға ой жүгіртіп, талдап, қорытынды жасап, жаңа білімге жетеді. Көрнекілік әдістер тобына демонстрациялық эксперимент пен иллюстрациялық әдіс (суреттер, сызбаларды, кестелерді, механикалық модельдерді, диапозитивтерді, кино-, теле-, видеофильмдерді т.б. көрсету) жатады. Бұл әдіске экскурсияны да жатқызуға болады.

Практикалық әдіс – информатика пәнінде берілген есептерді шығару мен оқушылардың жұмыстары (зертханалық жұмыстар мен ғылыми практикумдар, сайтпен жұмыс жүргізу, жаңа жоба жасап шығу). Осы әдісті қолдану барысында оқушыларда білімдерін есеп шығару үдерісінде қолдана білу білігі мен белгілі-бір экспериментальдық білім мен дағдылар (жан-жақты зерттеу жүргізген, жаңа

сайт ойлап тапқан т.б.) қалыптасады. Бұл жұмыстардың нәтижесі оқушылардың білімдері мен іскерліктерінің негізгі көзі болып табылады.

Информатика пәнін оқытуда «сыни тұрғыдан ойлау» жобасы стратегияларын қолдану тиімді болып табылады. Бұл – американдық ғалымдардың идеялары негізінде құрылған жоба. Сыни ойлау дегеніміз – оқушының қоршаған ортаға, ақпарат әлеміне, өзінің іс – әрекетіне сын тұрғысынан қарауын жетілдіру деген сөз.

«Сыни тұрғыдан ойлау» жобасының стратегияларын сабақтарда пайдалану тиімді, оқушылар бұдан өздерін бақылап, талдау жасап үйренеді. Білімді өз еңбектері арқылы ой елегінен өткізе отырып алады.

Бұл технологияны пайдаланудың тиімді тұстары мыналар:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді;
- оқушыларға сенімділік білдіріледі;
- талантты, қабілетті балалар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады;
- білім дәрежесі бірдей оқу топтарында оқу жеңілдейді.

«Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын пайдаланудың мұғалімге де берері мол, атап айтқанда:

1. Барлық баланы оқыту.
2. Оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу.
3. Білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару.
4. Оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену.
5. Оқушы үнемі үй тапсырмасын оқып, орындауға дағдыланады.
6. Оқушыда жылдам ойлап шешу әрекетін қалыптастырады.
7. Сұрақтарға қысқа, нақты жауап беруге машықтанады.
8. Сынып оқушыларының білім сапасын неғұрлым тез айқындауға мүмкіндік береді.
9. Оқушының қай тақырыпты меңгере алмағанын анықтауға болады.

Бұл бағдарламаның ерекшелігі баланың өзі ізденіп, дәлелдеуі. Ол бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан – жақты пікірлесу, қойылған мәселелерге талдау жасап отыру, яғни оқушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын жеткізу оны дәлелдей алу. Сонымен қатар, қасындағы оқушының пікірін тыңдау, сол пікірлерді салыстыру.

Қорыта келгенде, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі оқушылардың бойына өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті біліктілік пен дағдыларды дарытуға бағытталған.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындауда ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу технологиясын қолдану арқылы олардың кәсіби қызметінде ақпараттық-компьютерлік біліктіліктер жүйесін қалыптастыру мәселесін шешуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан-2030» . - сайт:www.akorda.kz
2. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: /Авторлар ұжымы: Е. Ы. Бидайбеков, В. В. Гриншкун, Г. Б. Камалова, Д. Н. Исабаева, Б. Ғ. Бостанов/ Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б.
3. «Ж.Қараев // « Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы» // Алматы, 2006, - 311б.
4. И. Я. Лернер о процессе обучения: современное прочтение // Отечественная и зарубежная педагогика. 2017. Т.1, № 3 (39). С.31-41.
5. Бабанский Ю. К. // Избранные педагогические труды. - 1989

ПРИМЕНЕНИЕ МАТЕМАТИКИ В ОБЛАСТЯХ ХИМИИ И БИОЛОГИИ

ОТАНБЕКОВА Назерке, ТАУАСАР Жаннұр Әлімханқызы

Ғылыми жетекші: Жанғалиева Айман Тұрсынбековна

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Семей, Қазақстан

otanbekovan@mail.ru

Аннотация

Математика – точная дисциплина, которую называют царицей всех наук. Принято считать, что первые числа появились тысячи лет тому назад, вместе с речью. Математика – это ключ к познанию. Целью данной работы является рассмотрение использования теории вероятности в биологии и изучение алгоритма решения систем линейных алгебраических уравнений методом Гаусса для применения в химии.

Annotation




Mathematics is an exact discipline, which is called the queen of all sciences. It is generally believed that the first numbers appeared thousands of years ago, along with speech. Mathematics is the key to knowledge. The purpose of this work is to consider the use of probability theory in biology and to study the algorithm for solving systems of linear algebraic equations by the Gauss method for use in chemistry.

Математика – удивительная и жизненно необходимая наука. Математика – основа всему. Начиная с глубокой древности люди, не могли обходиться без нее существовать. Что на счет современного мира? Конечно, ничего не изменилось, а наоборот – математика стала неотъемлемой частью жизни каждого человека. Ученые древности построили математику как целостную науку, тем самым провозгласив, что законы природы постижными для человеческого разума, а математика – это ключ к их познанию. «Царица всех наук» имеет большие возможности воздействия на выработку научного мировоззрения и достижения необходимого общекультурного уровня. Биология широко использует математический аппарат при проведении тех или иных исследований. Любое исследование предполагает статистическую обработку результатов: ранжирование, построение графиков и диаграмм, подсчет среднего арифметического, среднеквадратичного отклонения, процентной доли, коэффициентов корреляции. Целью данной работы является рассмотрение использования теории вероятности в биологии и изучение алгоритма решения систем линейных алгебраических уравнений методом Гаусса для применения в химии.

Пример-1. Для полного сжигания 10-литрового объема смеси газов, который в состав входят газы метан, пропен, и ацетилен, расходуется 32,5 литра кислорода. Рассчитайте объемные доли каждого газа в смеси исходных газов, если в результате реакции образовалось 23 литра углекислого газа.

Решение:

Запишем уравнения реакции горения углеводородов:



Обозначив объем каждого газа в смеси исходных газов, соответственно, x, y и z литрами, исходя из условия задачи мы получим систему уравнение:

$$\left| \begin{array}{l} x + y + z = 10 \\ 2x + 4,5y + 2,5z = 32,5 \\ x + 3y + 2z = 23 \end{array} \right|$$

Вычеркиваем коэффициенты в системе уравнений перед x в строках 2 и 3. Для этого проведем математические операции со строками в предыдущей системе и приведем в новую систему:

1-строка: без изменения; 2-строка: 2-строка- 2·1-жол; 3-жол: 3-жол-1жол.

$$\begin{cases} x + y + z = 10 \\ 0x + 2,5y + 0,5z = 12,5 \\ 0x + 2y + z = 13 \end{cases} \Rightarrow$$

Умножим 2 строку на 2, строку 3 на 2,5:

$$\begin{cases} x + y + z = 10 \\ 5y + z = 25 \\ 5y + 2,5z = 32,5 \end{cases} \Rightarrow$$

Теперь из строки 3 убираем строку 2:

$$\begin{cases} x + y + z = 10 \\ 5y + z = 25 \\ 1,5z = 7,5 \end{cases} \Rightarrow$$

То есть решение исходной системы выглядит вот так:

$$z = \frac{7,5}{1,5} = 5; \quad y = \frac{25 - z}{5} = 4; \quad x = 10 - y - z = 1$$

Кратные объемные доли каждого газа, образующего смесь:

$$\varphi(CH_4) = \frac{V(CH_4)}{V(смесь)} = \frac{1л}{10л} = 0,1;$$






$$\varphi(C_2H_2) = \frac{V(C_2H_2)}{V(смесь)} = \frac{5л}{10л} = 0,5;$$

$$\varphi(C_3H_6) = \frac{V(C_3H_6)}{V(смесь)} = \frac{4л}{10л} = 0,4.$$

Пример-2. В состав смеси газов входят оксид углерода (II), водород, пропан, метан, и ацетиленовые газы. Содержание в смеси газов оксида углерода (II) и водорода равны. Для полного сжигания 2,3 моль веществ смеси газов расходовали 4,1 моль кислорода, в результате реакции образовалось 60,48 л углекислого газа и 61,2 грамма воды. Определить молярную массу смеси исходных газов ее относительную плотность по газу водоорода.

Решение:

Запишем уравнения реакции горения каждого газа, входящего в состав смеси исходных газов:



Находим количество вещества углекислого газа и воды, образующегося в результате реакции:

$$\nu(CO_2) = \frac{V(CO_2)}{V_m} = \frac{60,48л}{22,4 \frac{л}{моль}} = 2,7 моль;$$

$$\nu(H_2O) = \frac{m(H_2O)}{M(H_2O)} = \frac{62,2г}{18 \frac{г}{моль}} = 3,4 моль$$

Назовем количество вещества каждого газа в смеси исходных газов соответственно молями x, y, z и t, как показано в уравнении реакции. Поскольку количество вещества в смеси оксида углерода (II) и газообразного водорода равны, мы получили количество вещества обоих как t моль. Исходя из условия задачи и уравнений реакции, составим систему уравнений, как показано ниже:

$$\begin{cases} x + y + z + 2t = 2,3 \\ 2x + 2,5y + 5z + t = 4,1 \\ x + 2y + 3z + t = 2,7 \\ 2x + y + 4z + t = 3,4 \end{cases}$$

Вычеркиваем коэффициенты перед x в строках 2, 3 и 4 системы уравнений. Для этого проведем математические операции со строками предыдущей системы и приведем к новой системе:

1-строка: без изменений; 2-жол: 2-жол- $2 \cdot 1$ -жол; 3-жол: 3-жол-1-жол; 4-жол: $2 \cdot 1$ -жол-4-жол.

$$\begin{cases} x + y + z + 2t = 2,3 \\ 0x + 0,5y + 3z - 3t = -0,5 \\ 0x + y + 2z - t = 0,4 \\ 0x + y - 2z + 3t = 1,2 \end{cases} \Rightarrow$$

Теперь вычислим из коэффициентов перед y в строке 3 и 4. 1-жол: без изменени; 2 строка: без изменений; 3-строка:

$$\begin{cases} x + y + z + 2t = 2,3 \\ 0x + 0,5y + 3z - 3t = -0,5 \\ 0x + 0y + 4z - 5t = -1,4 \\ 0x + 0y + 0z + t = 0,6 \end{cases}$$

Теперь избавляемся от коэффициента перед z в строке 4: 1-строка: без изменений; 2-строка: без изменений; 3-строка: без изменений; 4-строка: 4-строка- $2 \cdot 3$ -жол.

$$\begin{cases} x + y + z + 2t = 2,3 \\ 0x + 0,5y + 3z - 3t = -0,5 \\ 0x + 0y + 4z - 5t = -1,4 \\ 0x + 0y + 0z + t = 0,6 \end{cases}$$

То есть решения исходной системы выглядит вот так:

$$t = 0,6; \quad z = \frac{-1,4 + 5t}{4} = 0,4; \quad y = \frac{-0,5 + 3t - 3z}{0,5} = 0,2;$$

$$x = 2,3 - y - z - 2t = 0,5$$

Как только мы найдем количество вещества каждого газа в смеси исходных газов, мы также можем легко найти их массу:

$$m(\text{CH}_4) = \nu(\text{CH}_4) \cdot M(\text{CH}_4) = 0,4 \text{ моль} \cdot 16 \frac{\text{г}}{\text{моль}} = 8 \text{ г};$$

$$m(\text{C}_2\text{H}_2) = \nu(\text{C}_2\text{H}_2) \cdot M(\text{C}_2\text{H}_2) = 0,2 \text{ моль} \cdot 26 \frac{\text{г}}{\text{моль}} = 5,2 \text{ г};$$

$$m(\text{C}_3\text{H}_8) = \nu(\text{C}_3\text{H}_8) \cdot M(\text{C}_3\text{H}_8) = 0,4 \text{ моль} \cdot 44 \frac{\text{г}}{\text{моль}} = 17,6 \text{ г};$$

$$m(\text{H}_2) = \nu(\text{H}_2) \cdot M(\text{H}_2) = 0,6 \text{ моль} \cdot 2 \frac{\text{г}}{\text{моль}} = 1,2 \text{ г};$$

$$m(\text{CO}) = \nu(\text{CO}) \cdot M(\text{CO}) = 0,6 \text{ моль} \cdot 28 \frac{\text{г}}{\text{моль}} = 16,8 \text{ г};$$

Масса смеси исходных газов равна сумме масс газов, образующих эту смесь газов:

$$m(\text{смесь}) = m(\text{CH}_4) + m(\text{C}_2\text{H}_2) + m(\text{C}_3\text{H}_8) + m(\text{H}_2) + m(\text{CO}) = 44,8 \text{ г}.$$

Молярная масса смеси исходных газов:

$$M(\text{смесь}) = \frac{m(\text{смесь})}{\nu(\text{смесь})} = \frac{44,8 \text{ г}}{2,3 \text{ моль}} = 19,48 \frac{\text{г}}{\text{моль}}$$

Относительность смеси этих газов по газу водороду:

$$D(H_2) = \frac{M(\text{смесь})}{M(H_2)} = \frac{21,22}{2} = 10,61$$

Теория вероятностей в биологии

Выборочные пространства и пространства равных вероятностей

Общей чертой всех ситуаций, включающих вероятности, является некое действие или явление, которое может происходить несколькими способами. Дождь может пойти завтра или нет. Мы анализируем эти ситуации, сравнивая правдоподобие осуществления различных альтернатив.

Теория вероятностей развивалась как изучение исходов испытаний в эксперименте. Эксперимент - это некое явление, которое мы должны наблюдать согласно четко определенной процедуре. Он может и столь же сложным, как выбор 1000 человек из большой популяции и проверка их на определенное заболевание.

Определение. Испытание: испытание - есть единичное исполнение эксперимента, а определение - выборочное пространство эксперимента. Выборочное пространство S эксперимента (или пространство выборок) есть множество всех возможных исходов $N = 6$ одного испытания. Если эксперимент имеет конечное число исходов, то выборочное пространство называется конечным.

В типичном эксперименте с конечным выборочным пространством имеется N возможных исходов. Например, при бросании одной шестигранной кости имеется возможных исходов. Здесь естественно допустить, что любой из шести возможных исходов одинаково правдоподобен. Это выражается словами: «вероятность каждого из исходов есть один из шести, или $1/6$ ».

Введем теперь некоторые дополнительные термины, которые будут полезны для определения вероятности в общем случае.

Определение. Элементарное событие. Элементарным событием в выборочном пространстве S называется любой из возможных исходов эксперимента. Иными словами, элементарное событие - это любой элемент множества S .

Определение. Событие. Событие E есть любое подмножество выборочного пространства S .

Поскольку элементарное событие является одноэлементным подмножеством S , можно дать альтернативное определение: событие E есть объединение элементарных событий.

Например, при бросании шестигранной кости типичным событием является событие $E = \{2,4,6\}$, состоящие в том, что выпадает четное число. Выборочное пространство S является событием, состоящим в том, что при бросании кости выпадает либо 1, либо 2, либо 3, либо 4, либо 5, либо 6. Разумеется, это происходит всегда, и по этой причине S называется *достоверным событием*. Другим особым событием является \emptyset , пустое подмножество S . Это событие соответствует исходу, который невозможен при испытании, и потому \emptyset называется *невозможным событием*.

Пример-3. Описать выборочные пространства следующих экспериментов.

- 1) Наблюдать, в какой последовательности подойдут к озеру архар, олень и лось.
- 2) Из плазмы, содержащей красные и белые кровяные клетки, выбрать четыре клетки и отметить, сколько из них оказалось красными.
- 3) Обследовать трех человек на рак и установить, у скольких из них кажется это заболевание.

1) Архар, лось и олень могут подойти к озеру в $3! = 6$ различных последовательностях. Выборочное пространство этого эксперимента есть $S = \{OLA, OAL, LOA, LAO, AOL, ALO\}$.

2) Возможны следующие исходы: 0, 1, 2, 3 и 4 (возможное число красных клеток). Пространством выборок служит $S = \{0,1,2,3,4\}$.

3) Число людей, у которых обнаружился рак, может быть равно 0, 1, 2 или 3. Выборочным пространством этого эксперимента является $S = \{0,1,2,3\}$.

Из выборочных пространств легче всего поддаются анализу с помощью вероятностей пространства равных вероятностей.

Определение. Пространство равных вероятностей. Если в эксперименте все элементарные события выборочного пространства S могут появиться с одинаковой вероятностью, то говорят, что S является пространством равных вероятностей. Пусть эксперимент имеет N исходов; тогда вероятность каждого элементарного события есть $1/N$. Это записывается как

$$P(A) = 1 / N$$

где А – любое элементарное событие в S.

Пример-4. Лабораторная крыса помещена в лабиринт и должна избрать один из шести возможных путей. Лишь один из них ведет к поощрению в виде пищи. В предположении, что крыса с одинаковой вероятностью избирает любой путь, какова вероятность выбора пути, ведущего к пище?

Пространство выборочных результатов этого эксперимента есть $S = \{\text{путь}1, \text{путь}2, \text{путь}3, \text{путь}4, \text{путь}5, \text{путь}6\}$, и вероятность выбора любого пути равна $1/6$. Так как лишь один ведет к пище, то $P(\text{крыса находит пищу}) = \frac{1}{6}$.

Итак, применение математики для биологии и химии состоит не только в практическом приложении, но и в возможности абстрактно подойти к решению сложнейших проблем и обнаружить связи между принципиально различными явлениями и процессами. Каждое явление реального мира можно исследовать математически. Математические методы анализа и синтеза, помогают изучать законы развития живой природы. История науки говорит о том, что именно на границах различных областей знания происходят очень интересные события, открытия. Отсюда можно сделать вывод, что область применения математики при изучении биологии и химии чрезвычайно велика.

Список литературы:

1. Химия есептерін математикалық теңдеулер мен теңсіздіктер арқылы шығару: оқу құралы. Бекішов Қ. Қарағанды: ЖК «АҚНҰР баспасы», 2013.-236б
2. Сидоров А.М. Математические вычисления в биологии. Учбн. Издание. М. Энтропос-2013г.
Stanley I. Grossman Department of Mathematics University of Montana, 1983

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ
ӨМІРБЕК Азамат Аманкелдіұлы, БАЙКЕНЖЕЕВА Айнур Турдыбаевна
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда қаласы,
omirbekazamat22@gmail.com

«Соңғы ағаш кесілген кезде, соңғы балық ауланған кезде, соңғы өзен уланған кезде ғана, сіз – банктегі шоттың байлық болмайтынын, ақшаның тамақ болмайтынын түсінесіз, бірақ ол кезде бәрі кеш болады»

Канадалық режиссер, сценарист Аланис Обомсавин

Экологиялық сауаттылық дегеніміз табиғатқа деген жанашырлықты адам бойына сіңіру. Қазіргі кезде кейбір көшелерде қоқыстан аяқ алып жүру мүмкін емес. Санаулы шақырым жерге жүріп барып қоқыс жәшігіне тастауға ерінетін адамдар көптеп кездеседі. Бұл экологиялық тәрбиенің нашар деңгейде дамуының кесірі. Қазіргі дамыған заманда экологиялық сауаттылықтың төмендеуі ол жалғыз біздің ғана елде емес, бүкіл әлемдегі болып жатқан жағдай. Оның себебін ғалымдар әр түрлі жағдаймен байланыстырады. Біздің мемлекетте ғалымдар, педагогтар осы мәселені шешу үшін түрлі амалдар жасауда. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы да 2020жылғы жолдауында бұл мәселені де атап өткен. "Осы жыл ішінде біз адамдардың қоршаған ортаға және жануарларға деген жабайылық қатынастарының куәсі болдық. Өкінішке орай, Қазақстанның әлемдік экологиялық антирейтингте жетекші орынға ие" деп бұл мәселені дереу көтеру керек екенін көрсетті. Қазақстан Республикасының экология,геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлына да осы мәселені шешуді тапсырған болатын.

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Төретам кенті Темірбек Жүргенов атындағы №80 мектеп-гимназия география пәні мұғалімі С.У.Ниязовтың жүргізген сауалнамасы бойынша экологиялық мәдениеттіліктің деңгейін анықтады. Мектеп қызметкерлері мен оқушыларды «кейс-стади» әдісімен зерттеу жүргізіп, олардан алынған экологиялық мәдениеттілік деңгейін экологиялық сананы, экологиялық құндылықтар мен экологиялық білімді және экологиялық іс-әрекетті анықтауға бағытталған сұрақ-жауап арқылы экологиялық мәдениеттілікке жіктейміз. Бұл жіктеуде субъектінің экологиялық мәдениет деңгейін 3 типке: «Экологиялық мәдениеті жоғары тип», «Экологиялық

мәдениеті орташа тип» және «Экологиялық мәдениеті төмен тип» деп топтастырамыз. «Экологиялық мәдениеті жоғары тип» - өзі тұрып жатқан аймақтың экологиялық жағдайына қатты абыржытын, экологиялық білімі жоғары субъект, Олар табыстарының біраз бөлігін қоршаған ортаны қорғауға беруге, қоқыс жәшіктеріне әйнек, қағаз, пластик және т.б. бөліп салуға, сонымен қатар үнемі экологиялық сенбіліктер мен акцияларға қатысуға дайын субъектілер. «Экологиялық мәдениеті орташа тип» - тұрғылықты жердің экологиялық жағдайымен шамалы абыржыған, экологиялық білімі орташа субъект. Олар барлық көрсеткіштер бойынша жоғарыда берілген екі типтің араласып келуін көрсетеді. «Экологиялық мәдениеті төмен тип» - тұрғылықты жерінің экологиялық жағдайына мүлдем алаңдамайтын, экологиялық білімі төмен субъект. Олар қоршаған ортаны қорғау үшін өз қаражатының ешқандай бөлігін бөліп бермейтін, экологиялық мәдениет құрылымдарының барлық көрсеткіштері бойынша төменгі нәтиже көрсетеді. Жасыратына жоқ тек өз аулам, өз сыныбым таза тұрса сол экологиялық мәдениет деп ұғатын топтар көптеп кездесті. Сұралғандардың ішінде 220 адам, яғни 61 пайызы «Экологиялық мәдениеті жоғары типке», 82 адам, 36 пайызы «экологиялық мәдениеті орташа типке» және 18 адам, 3 пайызы «экологиялық мәдениеті төмен типке» жататыныны байқалды. Экологиялық мәдениетті қалай түсінесіз деген сұраққа сауалнама берушілердің көпшілігі тазалық (42,5%) деп жауап берсе, 30 пайызы жауап бере алмады. Оқушылардың аз бөлігі (5%) ғана «қоршаған ортамен мәдениетті түрде қарымқатынас жасау» деп, дұрыс жауап берді. Бұдан көретініміз, қоғам арасында экологиялық мәдениет түсінігі айтарлықтай деңгейде қалыптаспаған.

Экологияға байланысты ақпаратты қайдан аласыз деген сұрақ сауалнама барысында қойылды. Сұраққа жауап беру нәтижесінде сауалнамаға қатысушылар экологиялық мәліметті көбінесе бұқаралық ақпарат құралдарынан, әлеуметтік желіден алатындығы белгілі болды. Осы орайда Фейсбук әлеуметтік желісінде «Экологиялық мәдениет» тобына ашып экологиялық ақпараттандыру жұмыстарын жасаудамыз. Міне осындай жұмыстарды жасағанда еліміздегі азаматтарда экологиялық мәдениет қалыптаса бастайды. Сонда ғана бұл мәселе өзінің дұрыс шешімін таппақ. Адам тек табиғатпен үйлесімді өмір сүргенде ғана экологиялық мәдениетіміз ілгері басады деп айта аламыз.

Білім беру мәселесіне келсек, барлығымыздың ойымызда «білімді мектеп беру керек» деген ұғым қалыптасқан. Иә, расында мектептің білім берудегі орны өте үлкен. Дегенмен экологиялық білімді ерте жастан балаға ата-анасы берген жөн. Себебі жастайынан табиғатқа қамқор бола білген бала, болашақта саналы азамат болары сөзсіз. Сондықтан экологиялық сауаттылықты қалыптастыру ата-анадан басталғаны – жөн. Ал мектептің білім беру жүйесіне келсек, экологиялық білім тек теория жүзінде қалыптасқан. Сондықтан экологиялық сауаттылықты қалыптастырудың бірден бір жолы танымжорықтар ұйымдастырып, оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Экологиялық сауатты ұрпақ болашақтағы экологиялық проблемалардың алдын алары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек
2. «Экологиялық мәдениет пен сананы қалыптастыру» атты республикалық ғылымтәжірибелік конференциясының материалдары Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019
3. Қазақстанда экологиялық мәдениеттің қалыптасуы мен даму үрдістері мен негізгі бағыттары. Каупенбаева Самал Мухаметкалиевна Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ДИЗОРФОГРАФИЯСЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ

ӨМІРБЕК Аружан Мұратбекқызы, БОРАНБАЕВА А.Р.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан
aruzhan.omirbek.99@bk.ru

Аңдатпа

Мақалада психикалық дамуы тежелген балалардың дизорфографиясын диагностикалау және түзету мәселесі зерттелінген. Дизорфографияны жоюда жазу және жазбаша сөйлеу бұзылыстарын ерте анықтау жолдары мен салдары анықталынған. Дизорфографияны жеңу үшін логопедиялық түзетудің төрт кезеңіне сипаттама берілген.

Түйін сөздер: ПДТ, дизорфография, диагностика, түзету, орфография.

Аннотация

В статье исследуется проблема диагностики и прерывания дизорфографии у детей с задержкой психического развития. Выявлены пути и последствия раннего выявления нарушений письменной и письменной речи при ликвидации дизорфографии. Дана характеристика четырех этапов логопедической коррекции для преодоления дизорфографии.

Ключевые слова: ЗПР, дизорфография, диагностика, коррекция, орфография.

Abstract

The article examines the problem of diagnosis and discontinuation of dysorthography in children with mental retardation. Methods and consequences of early detection of writing and written speech disorders in the elimination of dysorthography have been identified. To overcome dysorthography, a description of four stages of speech therapy correction is given.

Keywords: Mental retardation, dysorthography, diagnosis, correction, spelling.

Бүгінгі күні баланың физиологиялық жетілмегендігі немесе әлеуметтік, педагогикалық немқұрайлылықтың салдарынан туындайтын жазбаша тіл дағдыларын қалыптастырудағы қиындықтармен қатар, дизорфографиясы бар оқушылардың саны өсуде. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі (бұдан әрі – ПДТ) дизорфографиядан зардап шегеді. Дизорфографияны диагностикалау және түзету процесі бүгінгі күні логопед, дефектолог мамандары үшін өзекті мәселелердің бірі болып отыр [1, 87 б.].

Жазбаша тіл мидың өте күрделі құрылымдық және жүйелік ұйымдастырылуын талап етеді, сондықтан әртүрлі қолайсыз биологиялық және әлеуметтік факторлар балалардағы оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға теріс әсер етуі мүмкін.

Қазіргі жағдайда қолайсыз және патогендік факторлардың сандық құрамы артып, сәйкесінше балалардың дамуындағы ауытқулардың өзгеріштігі артып келе жатқанына қарамастан, жазбаша тіл қабілеті бұзылған төменгі сынып оқушыларымен түзету жұмыстарының маңызды қағидаларының бірі жеке жұмыс жасау принципі болып табылады. Оқу процесін ұйымдастыру оқушылардың ана тілін үйренудегі білімдерін, дағдыларын игеру сипатына, оқу-танымдық іс-әрекеттің негізгі бөлігі ретінде оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға әсер ететін жеке ерекшеліктерін ескеруді талап етеді.

Бастауыш буынның өзекті мәселелерінің бірі-қалыптасу қиындықтары мен жазбаша сөйлеу қабілеті бұзылған оқушылар санының тұрақты өсуі. Бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу дағдыларын игерудегі әртүрлі қиыншылықтарын өз жұмыстарында И.В. Прищепова, Р. И. Лалаева, А. В. Китикова, Е. А. Николаева, О. В. Елецкая, В. П. Смирнова, О. А. Хвостова, Н. С. Куликова және т. б. зерттеушілер көрсеткен.

ПДТ төмен сынып оқушыларында дербестіктің қалыптасуына бірқатар факторлар кедергі жасайды. Сонымен, сөйлеудің фонетикалық-фонемалық және лексикалық-грамматикалық құрылымының дамымауы, үйлесімді сөйлеу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуы коммуникативті белсенділікті қиындатады, бұл оқу және жазу дағдыларын игеруге кедергі келтіреді [2, 58 б.].

Жазбаша тілді меңгерудегі тұрақты қиындықтар, оқу және жазу процесінде тұрақты қателіктердің болуы жалпы мектептегі үлгерімге теріс әсер етеді, балалардың бейімделмеуіне әкелуі мүмкін - мұндай жағдайларда олар өздерін дәрменсіз сезінеді, көбінесе бастамашыл емес және жұмыс нәтижелеріне немқұрайлы қарайды. Сондай-ақ, балалардың осы санатының психикалық саласының дамымауы көбінесе олардың мотивациялық, эмоционалды-еріктік, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бақылау дағдыларының жеткіліксіз деңгейімен біріктірілетінін атап өткен жөн.

Ауызша және жазбаша сөйлеудің, ПДТ бар бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетінің аталған кемшіліктері белгілі бір дәрежеде әртүрлі сөйлеу, ақыл-ой және практикалық іс-әрекеттерді орындау кезінде балалардың дербестігінің көріністерін шектейді, себебі оқушылар үнемі өз жұмыстарының қанағаттанарлықсыз нәтижелеріне тап болады, бұл олардың іс-әрекеттерін бағалау сипатына теріс әсер етеді, ал кейде өздері, құрдастары, ата-аналары тарапынан да, өзін бағалаудың жеткіліксіздігіне әкеледі [3, 112 б.].

Дизорфографияны жоюда жазу және жазбаша сөйлеу бұзылыстарын ерте анықтау, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімі, логопед және ата-аналардың жақсы үйлестірілген, бірлескен жұмысы үлкен рөл атқарады. Уақытылы басталған, күрделі, жүйелі және нақты жоспарланған түзету процесі дизорфографияны жеңуге және мектеп бағдарламасының сәтті игеруіне ықпал етеді.

Логопедиялық сабақтарда орфографиялық зейінді белсендіру қажет. Ол үшін оқушыларды өз беттерінше қателерін табуға, қателері бар сөздерді тексеру нұсқаларын таңдауға және өзара тексерулер жүргізуге («Сен мұғалімсің» ойыны) тарту керек. Мұндай жұмыс түрлерінде ойын элементтері бар, шаршауға жол бермейді, танымдық қызығушылық пен орфографиялық қырағылықты арттырады. Өздеріңіз білетіндей, қызықты нәрсені есте сақтау оңайырақ.

Дизорфографияны түзетуде тиімділікке жету үшін когнитивтік функцияларды дамыту бойынша жұмыс істеу өте маңызды: сөйлеу, есту және көру жады, зейін, ойлау, аналитикалық және синтетикалық белсенділік. Бұл психикалық процестер оқу процесінің өзін-өзі бақылауын қалыптастыруға қатысатындықтан, жазудың негізгі принциптерін меңгеруге қатысады [4, 118 б.].

Дизорфографияны жеңу үшін түзету логопедиялық жұмыс төрт кезеңде жүзеге асырылады.

1 - ші кезең-диагностикалық:

1. Орыс тілі мұғалімдерінің көмегімен фронтальды диктанттар өткізу; қателерді тексеру және талдау.

2. Диктантта нақты қате жіберген балалар тобымен қайталап жазбаша жұмыс жасау, оның ішінде буындарды, сөздерді, сөйлемдер мен мәтіндерді көшіріп, диктант жазу; сюжетті суреттер тізбегіне негізделген тірек сөздерден ауызша әңгіме немесе эссе жазу.

3. Топтық тест әдісі арқылы сөйлеудің лексикалық-грамматикалық жағының жағдайын тексеру (жазбаша).

4. Біріктірілген сөйлеуді тексеру. Әңгімелесу түрінде әр оқушымен жеке жүргізіледі.

5. Зерттеу нәтижелерін талдау. Топтарды жинақтау.

2 - кезең-дайындық:

1. Бастауыш мектепте оқу процесінде құрылған орфографияны игерудің қарапайым алғышарттары нақтыланады (визуалды гнозис, мнезис, оптикалық - кеңістіктік бейнелер).

2. Жүргізілетін жұмыс:

- талдау, синтез, салыстыру, салыстыру сияқты ойлау операцияларын дамыту бойынша;

- зейінді, есте сақтауды дамыту бойынша;

- қолжазбаны түзету үшін (ұсақ қол моторикасын дамытуға бағытталған белгілі бір жасқа бейімделген жаттығуларды қолдану).

3. Баламен психолог қатар жұмыс жүргізу мүмкін болса, тапсырмалар мен жаттығулардың бір бөлігі "жазудан қорқуды", белгісіздікті, алаңдаушылықты, теріс реакцияларға бейімділікті жоюға бағытталған.

3 кезең - түзету:

Дизорфографиялық бұзушылықтарды еңсеру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Ол фонетикалық, лексикалық және синтаксистік деңгейде қателердің негізгі түрлеріне сәйкес бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Дизорфографияны түзетуге арналған бұл әдістеменің кешенді тәсілі қажет болған жағдайда дыбысты айту, оқу және жазу бұзылыстарын жоюға бағытталған бірқатар жұмысты қамтиды.

4 кезең - бағалау:

1. Түзету жұмыстарының тиімділігі бағаланады.

2. Жазу дағдыларын қайта тексеру жүргізіледі.

3. Балалардың жазбаша жұмыстарының әртүрлі түрлері талданады.

Егер оқушыларда дыбыстық айтылымның бұзылуы болса, осы жасқа бейімделген сөйлеу материалында жалпы қабылданған схема бойынша жеке және кіші топтық жұмыс жүргізіледі. Дизорфографтарда дисграфиялық сипаттағы қателер анықталған жағдайда түзету жұмыстары қатар жүргізіледі: «дисграфия-дизорфография» аралас диагнозының топтары қалыптастырылады, олар үшін ақаудың нысаны мен айқындылық дәрежесіне байланысты перспективалық және сабақ бойынша жұмыс жоспарлары құрастырылады [5, 87 б.].

Біздің ойымызша, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, психикалық дамуы тежелген балалар үшін орфографиялық қателерді жою мәселесі айтарлықтай күрделі және оны шешудің жаңа жолдарын іздеуді талап етеді деген қорытынды жасауға болады.

Көптеген авторлардың еңбектерін талдау психикалық дамуы тежелген мектеп оқушыларының орфографиялық дағдыны меңгеру үшін сөйлеу функциясының қалыптасу деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді, бұл бала сөздігінің шектеулі көлемінен көрінеді; сөздің дыбыстық және морфологиялық құрамы туралы түсініксіз ойлар; жалпылаудың жеткіліксіздігі, сөйлеуді талдаудың әртүрлі түрлерінің, салыстыру операцияларының қалыптаспауы және т.б.

Алайда, көптеген зерттеулер дизорфографиялық қателіктердің негізгі себептерінің бірі тілдің морфологиялық және лексикалық жүйелерінің қалыптасуының жеткіліксіздігі екенін көрсетеді. Морфологиялық жүйенің дамуы тілдік бірліктерді талдау, жалпылау және ажырата білуге негізделген сөзжасамдық механизмдерді қалыптастыруды қамтиды. Сөзжасамдық әдістерді қолдана алмау сөздермен әрекет ету мүмкіндіктерінің шектелуіне, соның салдарынан туынды сөздерді таңдауда қиындықтарға әкеп соқтырады, бұл жазудың морфологиялық принципін меңгерудің қажетті шарты болып табылады.

Осылайша, қазіргі заманның өткір мәселелерінің бірі - жазбаша сөйлеуді қалыптастыруда қиындықтар мен бұзылыстары бар балалар санының көбею тенденциясы болып табылады. Себептер мен қолайсыз факторлардың күрделі жиынтығы осындай қиындықтар мен бұзушылықтарды тудырады.

Экзогендік органикалық фактор дизорфографияның пайда болуының негізгі факторы болып табылады, бірақ биологиялық және әлеуметтік факторлардың тұтас жиынтығы психикалық дамуы тежелген оқушылардағы оқу және жазу кемшіліктерінің күрделі және өзгермелі құрылымын анықтайды.

Осыған байланысты дизорфографияны ерте анықтау және алдын-алу қажеттілігі, сондай-ақ оны бастауыш білім беру сатысында жеңудің кешенді тәсілін ұйымдастыру туралы мәселе туындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Власова Т.А. Задержка психического развития детей и пути ее преодоления. – М., 2016.
2. Кобзарева Л.Т., Резунова М.П., Юшина Т.Н. Коррекционная работа со школьниками с нерезко выраженным или общим недоразвитием речи на первом этапе обучения. - ТЦ «Учитель», 2001.
3. Козырева Л.М. Логопедическое пособие. - М.: Издат-Школа, 2000.
4. Певзнер М.С. Дети с временными задержками развития. – М., “Педагогика“, 2011.
5. Лалаева Р.И., Венедиктова Л.В. Дифференциальная диагностика и коррекция нарушения чтения и письма у младших школьников. - СПб.: Образование, 1997.

ТҰТЫҚПА ЖАЗЫЛМАЙТЫН ДЕРТ ЕМЕС

ПОЛАТ Әсем Бауыржанқызы, БОРАНБАЕВА А.Р.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Шымкент, Қазақстан

polat.aseм@bk.ru

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңда тұтықпаның қандай кері әсерлері бар екендігі туралы айтылды. Жалпы заманауи аспектіде тұтықпаның пайда болу мен оның емдеу әдістері мен бағыттары қарастырылды. Мақалада тұтықпаның негізгі себептері қарастырылады. Сонымен қатар негізгі этиологиялық факторлардың сипаттамасы берілген.

Түйін сөздер: тұтықпа, заманауи аспект, әдіс, дидактикалық ойын, кері байланыс.

Аннотация

В статье рассматриваются негативные последствия заикания на сегодняшний день. В целом рассмотрено возникновение заикания в современном аспекте и методы и направления его лечения. В статье рассматриваются основные причины возникновения заикания. Дается характеристика основных этиологических факторов.

Ключевые слова: заикание, современный аспект, метод, дидактическая игра, обратная связь

Annotation

The article discusses the negative consequences of stuttering today. In general, the emergence of stuttering in the modern aspect and the methods and directions of its treatment are considered. The article discusses the main causes of stuttering. The characteristic of the main etiological factors is given.

Key words: stuttering, modern aspect, method, didactic game, feedback.

Қазіргі таңда тіл бұзылысы туралы ғылымның тарихында әрбір баланың тұтығып сөйлеу мәселелері ежелден орын алып келетіндігінде болып тұр. Тұтығу – сөйлеудегі ең ауыр тіл кемістігі деп айта кетсекте болады. Ол баланың ойлау қабілетін зақымдап ғана қоймай, оның дұрыс тәрбие алуында кешеуілдетіп, сонымен қатар қарым-қатынаста кедергі ұшырап, өзімен жасты балалармен және де қоршаған ортамен ортақ тіл табуында қиындатып, бірден келе қоймайтын тіл бұзылысы [1].

Жалпы тұтықпа дегеніміз – сөйлеу аппаратының бұлшық еттерінің тырысу салдарынан, сөйлеудің жылдамдығы мен ырғақтылығының бұзылуы. Әдетте бұл сырқат 2-6 жастар шамасында басталады. Тұтығу – сөйлеу қабілеті тез дамыған балаларда сөйлеу функциясына күш түсуден, жарақаттанудан немесе, сөздік дамуы тежелген балаларда орталық жүйке жүйесінің белгілі бір құрылымдарының зақымдануынан болады. Жалпы тұтықпа адамдардың сөйлеуі дыбыстардың, буындардың немесе сөздердің қайталануымен, дыбыстардың ұзартуымен немесе сөздер мен

дыбыстардың үзік-үзік болуымен, сондай-ақ сөз арасында қосымша дыбыстар мен сөздердің қысқартылуымен сипатталады. Тұтықпаның түйілген сөзі, әдетте, соған сәйкес түрлі қимылдарымен қосарласа жүреді.

Тұтығудың пайда болу себептеріне тоқтала кетсек. Тұтығудың этимологиялық белгілері бойынша екіге бөлінеді. Біріншісі [2]:

- Функционалды тұтығу. Бұл жиі кездеседі. Ол 2 жастан 5 жасқа дейінгі балаларда сөз тіркесінің байланыстырып сөйлеу тілі қалыптасу кезінде пайда болады. Көбінесе ашуланшақ, күйгелек және тағы да басқа осындай сипаты бар балаларда кездеседі. Жалпы тұтығудың бұл түрі орталық және перифериялық шеткі жүйке жүйесінде сөйлеу механизмінің органикалық зақымдануы болмаса да пайда болады.

- Ал екінші түрі бұл органикалық тұтығу орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануынан жаракаттану, нейроинфекция т.б болады. Бұл барлық жастағы адамдарда кездесуі мүмкін.

Сонымен функционалды тұтығудың себептері әртүрлі болып келеді. Жиі тараған себептерінің бірі олар үшін әлі келмейтін сөйлеу жүктемесі, қиын сөздер мен түсініксіз сөздерді қайталау, көлемі үлкен, мазмұны ауыр өлеңдер, баланың жасы мен дамуына сәйкес келмейтін әңгімелер мен ережелерді есте сақтау болып табылады. Мұндай жағдайда баланың жүйке жүйесіне шамадан тыс салмақ түсіру және сөздерді қиындық пен айтылуы қосылып сөйлеуінің тосынан толуына немесе дыбыстар мен буындарды қайталауына әкеп соғады. Одан балаларда әрқашан солай болуы керек деген сенімділік пайда болады.

Жалпы тұтығудың байқалуы яғни білінуі бұл кейде аяқ астынан пайда болады, кейде білінбей жүріп, бірте-бірте күшейе береді. Баланың сөйлеу жағдайы жалпы денелік және эмоционалды ортасымен тығыз байланысты. Сөйлеу кезінде тыныс алу, дыбыстық немесе артикуляциялық аппаратында пайда болған тырысу тұтығудың негізгі сыртқа белгісі болып табылады [3].

Тұтығудың белгілеріне тоқтала кетсек. Бұл тұтығудың негізгі белгісі сөйлеу процесі кезінде тырысу болып табылады. Тырысу формасы бойынша клоникалық, тоникалық, аралас, таралуы бойынша дем алуы, дыбыс шығару, артикуляциялық, аралас және жиілігіне қарай сипатталады. Ал тоникалық тарауда бұлшықеттердің жиырылып тырысуының салдарынан сөз басында немесе ортасында ұзақ тоқтап қалуы байқалады.

Тұтығу күшейіп ауыр түріне айнала бастаған кезде ілеспелі жалғас қимылдар байқалады. Ілеспелі жалғас қимылдар дегеніміз – бұл баланың сөйлеу кезінде бет-әлпетінде, мойында, денеде, аяқ-қолда пайда болатын дірілдеп тырысу құбылыстары.

Баланың сөйлеу тілі толық жетілмеген болса, ол өз ойын айту үшін грамматикалық сөз тіркестері мен элементарлы сөздік қорының жетіспеушілігінен тұтығуы жиі көрініс табады. Сөйлеуі тез және тосынан болғандықтан да тұтығу болуы мүмкін, бұл баланың өз ойын тез жеткізуге асығуында, сөйтіп кейбір тыбыстарды кідіріп қалып, тұтығудың басталуына алып келеді. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі бұрыс жағдайлары, түрлі қатал жазалауы, сонымен қатар қорқытуы да тұтығуға душар етеді. Қазіргі таңда тұтығудың өзекті белгісі бұл – сөйлеу алдындағы қорқыныш пен үрейлену тән. Тұтығу кезінде адам өз ойын жеткізу үшін қиын сөздер мен дыбыстарды айтар алдында үрей пайда болады. Жалпы бұл құбылыс логофобия деп аталады. Сонымен қатар тұтығу 3 дәрежеде ажыратылады. Олар: жеңіл, орташа, ауыр түрі. Тез сөйлегенде немесе орташа сөйлеген кезде ғана тұтықса бұл – жеңіл түрі болып табылады. Ал тұтыққанның орташа дәрежесінде бала сөзіне таныс ортада жеңіл сөйлеп аз тұтығады. Ал балаға мүлдем таныс емес ортада тұтықпа көбейе түседі. Яғни тұтығудың ауыр дәрежесінде бала барлық сөйлеу түрінде тұтығады және де ылғи да қимыл-қозғалыстары көрініс береді [4].

Қазіргі таңда баланың тұтығуы пайда бола салысымен оны түзету ұсынылады. Себебі тұтығу басталған сәттен бастап, қанша уақыт өтседе, соншалықты дәрежеде баланың психологиясына әсер етіп, ауыр да тұрақты кемістікке айналатыны бәрімізге мәлім. Одан бөлек баланың қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасай алуы мен оқу үлгеріміне де кері әсерін беретіндігінде. Сондықтан әрбір баланың тұтығуын мектепке дейін жою маңызды. Мұндай баланың тек қана сөйлеуінде ғана емес, жеке тұлғасы мен жалпы моторикасына ықпал ете білу қажет. Тұтығатын баламен жұмыс жүргізген түрлі ғалымдардың іс-тәжірибесі мен емдік педагогикалық комплекті ықпал ету әрекетіне қарай емдік сауықтыру және түзету тәрбиелеу деп екіге бөліп қарауды ұсынған болатын. Емдік-сауықтыру іс шараларына емдік процедуралар, дәрі-дәрмектер, емдік дене шынықтыру (ЕДШ) және тағы да басқалары жатады. Ал түзету тәрбиелеу процесіне – логопедиялық сабақтар, логоритмика, тәрбиешілік іс-шаралар жатады.

Емдік сауықтыру жұмысының негізгі мақсаты: тұтығатын баланың денсаулығы мен жүйке жүйесін сауықтыру мен оны нығайту, потологиялық белгілер мен ауытқуларды емдеу мен оны жою болып табылады.

Ал тұтығуды қалпына келтірудегі емдік педагогикалық әдістің ішінде түзету тәрбиелеу жұмысы өте маңызды. Бұл жұмыста негізгі орында логопед көрінеді. Қазіргі кезде тұтығуды жоюдың бірнеше логопедтік ықпал ету арқылы әдіс-тәсілдері бар. Әлбетте, оның барлығы баланың дұрыс та, емін-еркін тұтықпай сөйлеуін мақсат етеді. Баланың емін-еркін сөйлеуге тәрбиелеу үшін, алдымен оны асықтырмай, жаймен сөйлеуге үйретуге қажет. Жалпы асықпай сөйлеу темпі баланың барлық жағынан асықпай қимыл қозғалыс жасауымен бірге жасалады. Баланы дұрыс сөйлеуге тәрбиелеуде сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуды қалыптастыруы да маңызды.

Тұтықпа бұл емделмей кемістік емес. Тұтығуға кешенді әсер ету бағыттарына тоқталып өтсек:

Біріншісі бұл – дәрігерлік әсер ету. Бұл баланың жүйке жүйесін қалыпты жағдайда болуына үлкен мүмкіндік жасайды және психотерапия мен логопедиялық жұмыстар үшін қолайлы жағдай жасайды.

Екіншісі – психотерапиялық әсер ету барлық логопедиялық жұмыс кезінде жүргізіледі. Ол баланы тұтықпасызда сөйлей алатынына сендіру болып табылады.

Үшіншісі – логопедиялық тексеру. Бұл тексеру ұзақ уақыт бойына яғни 8-9 ай, жүргізілетін жүйелі сабақ болып табылады. Негізгі мақсаты – жай ғана тексеріп қана қоймай, өмірдің кез-келген жағдайында тұтығудың жеңіл түрінен бастап, күрделі, қиын түрлеріне дейін балаларды дұрыс және емін-еркін сөйлеуге дағдыландыру болып табылады. Әрбір сабақ барысында берілген тапсырмаларды оңайдан бірте-бірте күрделендіре отырып, балалардың дұрыс сөйлеу қабілетін қалыптастыруға болады.

Төртіншісі – логопедиялық ритмика (ырғақ) болып табылады. Бұл әр түрлі жаттығулар мен ырғақтар және де баланың сөйлеу қабілетіне байланысты қозғалыс ойындарынан тұрады. Бұл жаттығулар мен ойындар тек қана сөйлеу қабілетін ғана дамытып қоймай, баланың моторикасы және сигнал бойынша әрекет ете алуына, өзін-өзі меңгере білуге, ритмиканы сезінуге тәрбиелейді.

Бесіншісі – бұл тұтығатын баланың жеке басына қоршаған ортаның әсер етуі. Бұл түзету жұмысында – тәрбие жұмыстарының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады.

Енді бәрімізге белгіле болғандай тұтықпа сөйлеу кемістігінің ішінде ең күрделісі болғандықтан тексеруді жан-жақты, кешенді жүргізу маңызды. Олар тек қана дәрігерлік емес, сонымен қатар логопедиялық, психологиялық жағынан тексеру жүргізу керек.

Логопедиялық тексерудің өзіндік бағыттары да бар. Олар [5] :

Ең бірінші тұтығудың себептері мен түрін анықтау қажет (дәрежесі, түрі, логофобия, қимыл-қозғалыстың болуы, болмауы және т.б.).

Екіншісі – баланың сөйлеу жылдамдығын анықтау (баяу немесе шапшаң).

Үшіншісі – ата-анасымен сұхбат жүргізу барысында баланың сол қолымен істеуімен тиым салғаны, оң қолымен істеуге үйретуі туралы мәліметтер алу.

Төртіншісі – баланың сөйлеу тілі мен жалпы дамуының тарихын білу қажет.

Бесіншісі – баланың қоршаған ортасымен сөйлеу ортасын білу (жақындары, жанұясы, туысқандары, достары).

Алтыншысы – тұтығудың басталған мерзімін, дамуын, барысын анықтау.

Жалпы қорытындылай келе, баланың тұтығып сөйлеуі – бұл жазылмайтын дерт емес. Бірақ, әрбір баланың жекелеген ерекшеліктері мен дәрежесіне қарай тұтығу кезінде алғашқы сатысынан бастап рационалды жолды тандау өте маңызды болып табылады. Тұтығуды тек қана баланың өзі жояға алады деген қағидамен тоқтап қана қоймай, білікті мамандар мен бірлесе отырып, мақсатты жұмыстың нәтижесі ғана оңтайлы көрініс береді. Тұтықпасы бар баланың ары қарай қадам басуына ең бірінші ата-анасының себеп болатынын есте ұстаған жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Айтбаева А. Коррекциялық педагогика негіздері оқу құрал – 2008 Алматы.
2. Тебеннова К.С Дамуында ауытқуы бар балалар, әдістемелік құрал. Қарағанды - 2003.
3. Основы специальной психологии / Л. В. Кузнецова, Л. И. Переслени, Л. И. Солнцева и др. М., 2005. - 480 с.
4. Өмірбекова Қ., Серкебаев Қ. Логопедия. – Алматы, 1996. – Б. 36.
5. Багель О. А. Индивидуальный подход при коррекции речевых нарушений у младших школьников // Школьный логопед. – 2007. – №1(16). – Б. 43-48.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ МОТИВАЦИИ ИЗУЧЕНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА

РАЗИХОВА Асылжан Талгатовна

Научный руководитель - Л.Б. Алекешиова

Атырауский университет им.Х.Досмухамедова

Атырау, Казахстан

razikhova_asyzhan@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада орыс тілін үйренуге тұрақты оң уәжді қалыптастыру мен дамытудағы лингвистикалық және аймақтық материалдардың рөлі қарастырылады. "Лингвострантану"түсінігі ашылды. Оқу үрдісінде лингвострантану материалдарының пайдасы туралы түсініктеме берілді. Білім алушылармен жұмыс істеу нысандары тізбеленеді. Лингвострантану материалдарын қолдану. Мақсатты тілді лексикалық меңгеруді ғана емес, сонымен бірге орыс тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде қолдануды қарастыруға баса назар аударылады.

Түйінді сөздер: лингвострантану, тарих, ғылым, орыс тілі, әдістеме.

Аннотация

В данной статье рассматривается рассмотрен вопрос о роли лингвострановедческих материалов в формировании и развитии устойчивой положительной мотивации к изучению русского языка. Раскрыто понятие «Лингвострановедение». Дано объяснение пользы лингвострановедческих материалов в учебном процессе. Перечисляются формы работы с обучающимися, в которых можно применять материалы лингвострановедения. Основное внимание уделено рассмотрению не только лексического владения целевым языком, но и использованию русского языка в качестве средства межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: лингвострановедение, история, наука, русский язык, методика.

Человеческий язык, представляя собой социальное явление, являясь важнейшим средством человеческого общения, вполне закономерно несет на себе отпечаток духовной и материальной культуры определенной нации. Поэтому для каждого языка характерны национально-культурные особенности, обусловленные жизнью и развитием конкретного общества, то есть то, что составляет его национально-культурное содержание.

История становления лингвострановедения имеет четко выраженные временные и авторские параметры: впервые эта проблема была заявлена в 1969-1971 гг. в публикациях Е. М. Верещагина и В. Г. Костомарова. Было очевидно, что знание русского языка невозможно без знакомства с его страной, в связи с этим во главу угла было поставлено изучение языка в связи с культурой страны, обслуживаемой этим языком, то есть было признано, что наряду с обучением русскому языку как таковому, необходимо формировать у учащихся культурологические знания и способность понимать ментальность носителей другого языка.

Лингвострановедение – это метод ознакомления обучаемого с современной действительностью страны языка, который он изучает. В ходе процесса данного метода на уроке русского языка обеспечивается развитие и формирование коммуникативной компетенции в актах межкультурной коммуникации. В результате обучаемым охватывается представление об обычаях и традициях страны. В практике преподавания русского языка необходимо обучить не только языковым структурам, но и тому, что "лежит за языком", т.е. культуру страны изучаемого языка. В научном понимании культурой называют совокупность результатов и процессов любой социальной деятельности человека и противопоставляют ее природе, т.е. совокупности внешних, не зависящих от человека условий его существования.

Таким образом, окружающая человека действительность дана в виде природы и культуры.

Первооткрывателями понятия лингвострановедения в России считаются В. Г. Костомаров и Е. М. Верещагин.

Термин «лингвострановедение» был впервые использован в работе упомянутых ученых «Лингвистическая проблематика страноведения в преподавании русского языка иностранцам».

Активно он начал использоваться после выхода книги В. Г. Костомарова и Е. М. Верещагина «Язык и культура». Речь в ней шла об использовании страноведческих фактов в процессе изучения языка и приемах ознакомления, учащихся с новой для них языковой культурой.

Первоначально лингвострановедение считали областью методики, которая связана с исследованием путей и способов ознакомления, учащихся с действительностью страны изучаемого языка в процессе изучения языка и через посредство этого языка. Позже произошло переосмысление и

уточнение содержания данного термина, и лингвострановедение стало трактоваться как методическая дисциплина, воспроизводящая в учебном процессе сведения о национально-культурной специфике речевого общения носителя языка с целью обеспечения коммуникативной компетенции студентов, изучающих русский язык. [1]

А. Н. Щукин определяет лингвострановедение как страноведчески ориентированную лингвистику, изучающую иностранный язык в сопоставлении с родным. При этом объектом рассмотрения выступает язык как носитель культуры изучаемого языка. [2]

Лингвострановедческие вопросы делятся на два вида: методические и лингвистические.

Лингвистические вопросы – это анализ языка, выявления национального смысла. К ним относятся, безэквивалентная лексика, невербальные средства общения, фоновые знания, характерные для говорящих на русском языке, языковая афористика и фразеология, которые рассматриваются с точки зрения отражения в них культуры и национальных особенностей людей, говорящих на изучаемом языке.

Методические вопросы касаются приемов введения, закрепления и активизации специфичных для русского языка единиц национально-культурного содержания, извлекаемых из изучаемых текстов.

В методике преподавания иностранных языков издавна существуют понятия «страноведческий материал», «страноведческие темы (тексты)», «страноведческие учебные пособия» и т.п.

Во многих высших учебных заведениях в настоящее время к курсу собственно языка прибавляются специальные курсы страноведения. В высших учебных заведениях большое внимание уделяется страноведческим темам: в ходе изучения языка студенты знакомятся с географией страны (или ряда стран, обслуживаемых данным языком), ее экономикой, историей, государственно-политическим строем, системой образования, культурой, бытом, нравами, обычаями. Рабочие программы по дисциплине в число целей обучения русскому языку на базовом уровне включает воспитание у учащихся «положительного отношения к иностранному языку, культуре народа, говорящего на этом языке. Образование средствами иностранного языка предполагает знание о культуре, истории, реалиях и традициях страны изучаемого языка (лингвострановедение, страноведение) включение студентов в диалог культур знакомство с достижениями национальных культур в развитии общечеловеческой культуры, осознание роли родного языка и культуры в зеркале культуры другого народа».

Обратимся к рассмотрению основных возможностей использования страноведческого материала в системе обучения русскому языку. Итак, его значение в учебно-воспитательном процессе заключается в том, что он:

- способствует раскрытию и расширению возможностей воспитательного воздействия преподавателя на студентов;
- обеспечивает адекватное ситуации и коммуникативным целям понимание и употребление русского языка;
- удовлетворяет информационные потребности иностранных учащихся и способствует использованию полученной информации в речевых высказываниях на русском языке;
- способствует адаптации студентов к жизни и учёбе в России;
- соответствует личным потребностям учащихся и усиливает мотивацию к изучению русского языка как иностранного;
- повышает эффективность учебно-воспитательного процесса.

Следует отметить, что для эффективного применения страноведческого материала в процессе обучения РКИ необходимо соблюдать ряд условий.

Во-первых, характер страноведческой информации, способы и методы формирования страноведческих знаний должны оптимально соответствовать индивидуальным особенностям, возможностям и потребностям, а также языковым знаниям иностранных учащихся. [3]

Во-вторых, необходимо, чтобы содержание страноведческого материала и способы его введения соответствовали целям обучения и воспитания иностранных студентов, развиваемым умениям и навыкам.

В-третьих, страноведческий материал должен преподноситься наглядно, конкретно, в соответствии с личностными особенностями иностранных учащихся, а также способствовать повышению их активности. Известно, что лишь активный характер взаимодействия учащегося с учебным материалом приводит к его усвоению, поэтому эвристические методы, проблемная постановка задач без заранее предложенных решений должны интенсифицировать развитие речевой инициативы студентов.

Кроме этого в процессе лингвострановедческой работы в системе обучения РКИ следует:

- учитывать родную культуру иностранных учащихся;

- семантизировать слова с культурным компонентом как языковые носители страноведческой информации;
- обеспечивать достоверность аудиовизуальной информации,
- использовать принципы системности и концентризма в формировании страноведческих знаний;
- соблюдать органическое единство аудиторной и внеаудиторной страноведческой работы. [4]

Использование страноведческой информации является успешным в учебном процессе. Создает в учебном процессе доверительные отношения с учениками, а также комфортные условия для повышения мотивации. Повышается мотивация к предмету. Основная цель - развитие личности учащегося в неразрывной связи с преподаванием культуры страны изучаемого языка, способствуя желанию участвовать в межкультурной коммуникации и самостоятельно совершенствоваться в овладеваемой деятельности. Основная функция учителя - корректировать процесс работы, контролировать, создавать комфортные условия для реализации, раскрытия способностей каждого ученика.

Этот предмет имеет собственный материал исследования, который, по мнению Г. Д. Томахина, является дисциплиной сугубо лингвистической, так как предметом лингвострановедения являются факты языка, отражающие особенности национальной культуры, которая изучается через язык, и для отбора, описания и презентации лингвострановедческого материала используются лингвистические методы.

Е.М.Верещагин и В.Г.Костомаров основоположники лингвострановедения. Они написали, что культуроведение ориентировано на задачи изучения иностранного языка.

Диалог культур позволяет студентам погрузиться в пространство и время, осмыслить формы одновременного бытия и общения людей различных культур и взаимопроникновение последних. [5]

Избирательность интересов студентов предьявляет особые требования к обеспечению мотивационной стороны обучения, которая определяет готовность студентов к восприятию материала и последующей работе на его основе. Помимо выбора материалов, соответствующих интересам и уровню языковой подготовленности, необходима соответствующая целевой установке система заданий, которые бы подкрепляли желание работать в данном направлении.

При проведении занятия по культуре страны изучаемого языка необходимо помнить, что их успешность определяется не только соблюдением таких требований, как необходимость, познавательность, современность, занимательность, связь с изучаемым по программе материалом, соответствие интересам учащихся и их уровню владения языком, но и их нравственной направленности. Помимо знакомства с городами и достопримечательностями, будоражащими воображение народными традициями и интересами, историями, культурами, ученики должны знать разные материалы. Именно какие? Материалы, которые заставляют их задуматься о жизни народа страны изучаемого языка, то есть материал связанный с культурой народов, и роль в современном мире.

На уроке можно использовать активные методы, соответствующие тематике «Путешествие в страну русского языка»: «группа студентов знакомится с жизнью сверстников за рубежом», «иностранцы рассказывают о своей стране и помогают составить наиболее интересный маршрут». Во время урока можно применить интересные задания. Например, задания связанные с расшифровкой географических реалий. Эти задания представлены в виде пословицы. И представлены в фразеологизмах и поговорках. Если урок интересный, то у них повышается мотивация к обучению. Во время практики мы поняли, что ученики бывают разными. Они различно усвоят тему.

Группирование учащихся хороший метод. И было выявлено, что учащиеся любят работать в группе, поэтому применение групповой работы будет эффективным в учебном процессе. Данный способ способствовал повышению мотивации учеников к предмету, во время работы, то есть в группе все ученики были активными,

Создание благодаря изучению литературы страны изучаемого языка культурно насыщенной среды втягивает активный познавательный процесс, ставит в позицию сотрудничества, соавторства.

Культ знаний, диалог с книгой, многократное прочтение, вдумчивое отношение к слову как средству связи характеризует ту среду. Культурологический подход к изучению темы личности дает возможность привлечения не только взглядов художников, философов, психологов, но и художественные произведения. [6]

Следует отметить, что обучение, построенное с применением лингвострановедческих и страноведческих материалов, повышает интерес учащихся к изучению русского языка, развивает внутреннюю мотивацию, способствует переносу учебного процесса с учителя на ученика, обеспечивая ученику возможность самостоятельной деятельности. Более того, можно с уверенностью утверждать,

что введение лингвострановедческой информации на уроках является беспроигрышным средством от однообразия и скуки и помогает развитию творческих способностей обучающихся.

Благодаря использованию лингвострановедческих и страноведческих материалов занятия по русскому языку отличаются коммуникативно-прагматической направленностью, самостоятельностью и творчеством учащихся, их высокой активностью и заинтересованностью в изучении языка, а также равно-партнерским сотрудничеством учащихся и учителя.

Итак, в наше время знание русского языка необходимо. А для того, чтобы хорошо знать русский язык, нужно знать базовые подходы культуры и строя страны, для которой данный язык является родным. Именно этим и занимается лингвострановедение. Эта дисциплина знакомит с историей и культурой народа.

Использованная литература:

1. Верещагин Е. М., Костомаров В. Г. Лингвострановедение и принцип коммуникативности. М.: МОПИ им. Н. К. Крупской, 1983.
2. Щукин А. Н. Методика преподавания русского языка как иностранного. М., 1990, с. 32-35. 2003
3. Коростелева Ю. Е., Макарова Е. В. Введение лингвострановедческого аспекта в обучении иностранному языку // Молодой ученый. — 2016. — №7.5. — С. 51-52.
4. Миролубов, А.А. Культуроведческая направленность в обучении ИЯ // Иностранные языки в школе. – 2001. - №5.
5. Тынышбаева А., Нурмаханбетов А. К проблеме модели студента новой формации // Педагогика (РК). А., 2005. № 4 (3). С. 94-98.
6. Алексеева Л.Б. «Культуроведческий аспект обучения русскому языку в национальных группах вуза (содержание, пути реализации). Автореферат на соискание ученой степени к.п.н. –М., 1996.-24с.

ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖЕТКІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ҮШІН КӨП АГЕНТТІ ИМИТАЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУДІ ҚОЛДАНУ

САДЫБАЕВ Әлихан Әбілханұлы, АБДУВАЛОВА Айнур Джумабаевна

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті

Тараз, Қазақстан

Abduvalova_AD@mail.ru, sadybayev_a@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада көп агентті имитациялық модельдеуді әдістерін логистикалық мәселелерде қолдану қарастырылған. BPsim.MAS жүйесін пайдалана отырып, дүкендер желісінің логистикалық тізбегінің түзілуін зерттеген. Мақалада көп агентті имитациялық модельдеу әдістері мен қолдану мысалдары келтірілген.

Логистикалық мәселелерді шешу табысты бизнестің негізі болып табылады. Жолдардағы көліктер санының және жүк көлемінің артуы ең жақсы маршрутты анықтай алатын, жүкті жөнелту уақытын бөлетін, жүкті түсіру кезінде есептеп, кезектерді болдырмайтын тиімді шешім қабылдау жүйесін құрудың негізі болып табылады [1].

Барлық сауда желілері бір дәрежеде бұл проблемамен бетпе-бет келеді, бірақ ол саудамен айналысатын дүкендердің ортасында әсіресе өткір. Әдетте, дүкендер желілерінде қоймалардың үлестірілген жүйесі, бөлшек және көтерме сауда нүктелерінің кең ауқымы бар. Модельдің алдында тұрған негізгі міндет - жеткізу тізбегін имитациялау (дүкендер жасаған тапсырыс пункттеріне сәйкес жүк көлігіне қажетті тауарларды тиеу, жеткізуді орындау, содан кейін жүкті түсіру және автомобильді базаға қайтару).

Логистикалық бөлімшенің мультиагенттік моделі.

BPsim.MAS жүйесін [2] пайдалана отырып, дүкендер желісінің логистикалық тізбегінің жұмысы операциядан, ресурстар мен агенттерден тұрады. Модель мынадай параметрлерді қарастырмайды: тауарлардың толық ассортименті, сұраныстың маусымдылығы. Әртүрлі дүкендердегі сұраныс пен ассортимент желінің орташа сұранысы бойынша статистиканы талдау негізінде 5 кеңейтілген топқа бөлінеді.

Модельде қолданылатын қосымша фактор - қойманы өніммен толықтыру үшін, КамАЗ қоймаларының біріне келу және заттарды түсіру болып табылады. Оның үстіне КамАЗды түсіру операциясы қойманы толығымен жауып тастайды.

Логистика бөлімі қоймалардың, дүкендердің және көліктер паркінің жұмысын бақылайды. Тәжірибеге сүйенсек, 1 дүкен желісін жабдықтауға 1 жүк көлігі бөлінген. Орташа алғанда, өтінімнің ассортиментіне байланысты жүк көлігі оны орындау үшін 2 рейс жасайды, бұл көлік құралының жүк сыйымдылығына, өтінімнің жүк тасымалдауының орташа көлеміне және жүктерді тасымалдау, тауарлардың жекелеген санаттарына қойылатын талаптардың шектеулермен байланысты болады.

Модельге мынадай талаптар айқындалған: 1) жүк көлігінің тиелуін есепке алу; 2) уақытты бөлу – тапсырманы «терезелер» болмайтындай етіп жоспарлау, яғни жүкті тиеу және түсіруде кешігудің болмауы керек.

Жоспарды талдау және жетілдіру (тиімді жоспарды іздеу) үшін сауда индустриясында қолданылған көп агенттік жоспарлау әдісі [3] қолданылады. Келесі тәсілдерді біріктіруге негізделген: үрдістің көп агенттілігі, ресурстарды түрлендіру ықтималдық желілердің операциялық талдауы [4], қосалқы мердігерлік бағдарламалық агент технологиясы және критикалық жол әдісі.

Жүктерді тасымалдау бойынша жұмыстарды мультиагенттік имитациялық жоспарлау әдісін енгізу.

Жүктерді тасымалдау бойынша жұмысты мультиагенттік жоспарлау әдісі BPsim бағдарламалар тобының (BPsim.MAS, BPsim.DSS) көмегімен бағдарламалық қамтамасыз етілген. Әдіс көп агентті имитациялық модельге негізделген, бұл жағдайда модель жеткізу тізбегін және қойма терминалын қамтиды.


Модельде тапсырыстардың (транзакциялардың) бірнеше түрі қолданылады. Модельдік жұмыс процесінде шағымдардың бір түрінің даналары басқа шағымдарды жасайды. Осылайша, дүкеннен өтініш қабылдау жүк көлігінің қойма терминалында жұмыс істеуіне өтінімді, ал қоймадағы қажетті тауарларға өтінімді қалыптастырады. Терминалда тауарлардың 5 тобының әрқайсысы үшін (ерекшеліктері мен сақтау шарттарына байланысты) жеке қойма бөлінгендіктен, бұл қосымша қоймалар үшін 5-ке дейін қосымшаны құра алады. Бірқатар қойма терминалдарында дүкеннен тапсырыстарды «бөлу» қойма меңгерушілерімен жүзеге асырылады, ал тапсырысты «бөлу» және оны рейстерге (яғни жоспарлау) бөлудің орташа уақыты тапсырыс үшін 2 сағат болуы мүмкін. «Бөлінген» қойма сұраныстары жөнелтуге арналған тауарларды қалыптастыратын қоймашыларға беріледі.

Модель эксперименттің шарттары мен параметрлерін егжей-тегжейлі көрсетуді қарастырады: КАМАЗ-ның пайда болу ықтималдығы, жұмыс істейтін жүк көліктерінің саны, белгілі бір аймақтағы тауарларға сұранысты арттыру немесе азайту.

Қолдану технологиясы бойынша жасалған N-көлік құралдары арқылы жүк A нүктесінен B нүктесіне тасымалданатын екі мысалды қарастырайық. 1-суретте көлік құралының жұмысы және BPsim.MAS имитациялық жүйесіндегі тиеу нүктелерін айналып өту принципі көрсетілген (бірінші ауыр габаритті жүк тиелген кезде автомобильді тиеудің енгізілген ережелерінің бірі).

Қойманың 9 күн 14 сағат жұмыс істеуін имитациялау эксперименті жүргізілді. Қойма жүк көліктеріне таңғы сағат 6-дан кешкі 14-ке дейін қызмет көрсетеді - одан әрі жөнелтудің мағынасы жоқ, өйткені кейбір дүкендерге жеткізу жабылғаннан кейін болады. Мақсат 18 топтағы тапсырыстарды толтыру үшін қанша жүк көлігі қажет екенін анықтау болды. Көлік құралдарын тиеу нұсқаларының ерекшелігі екі ықтимал нұсқамен шектеледі: тиеу габаритті қоймалардан («1-қойма» және «2-қойма») басталады.

Сурет 1. «Қоймалар» функционалдық блогының декомпозициясы



Осылайша, қоймада бір тиеу посты болған кезде алғашқы рейсте екі жүк көлігіне артық параллель тиеуге болмайды. Ауыр габаритсіз жүк тиеу аяқталғаннан кейін машина басқа қоймаға жіберіледі. Қоймадағы орташа тиеу уақыты 1 сағатты құрайды. Эксперимент нәтижелері 1 кестеде берілген.

Кесте 1. Бір жүк тиеу посты

Жүк көліктерінің саны	Орындалған тапсырыстар	t _{жал} , сағ.	T _{жал} күту, сағ.	t ₁ / t _{күту} , сағ.	t ₂ / t _{күту} , сағ.	t ₃ / t _{күту} , сағ.	t ₄ / t _{күту} , сағ.	t ₅ / t _{күту} , сағ.	t ₆ /t _{күту} , сағ.
1	3	84	0	84/0	-	-	-	-	-
2	6	163	0	81/0	82/0	-	-	-	-
3	10	249	13	84/2	85/4	80/7	-	-	-
4	13	331	31	84/6	83/5	86/14	78/6	-	-
5	15	372	50	80/6	78/5	80/18	71/15	70/6	-
6	18	448	63	69/12	71/12	71/15	71/8	67/10	61/6

Мұндағы:

жүк көліктерінің саны – жұмыс істеп тұрған жүк көліктерінің саны; орындалған тапсырыстар – калалардан тапсырыстардың аяқталған топтары;

t_{жал}, сағ. – жүк көліктерінің тәжірибе кезінде жұмыс істеуінің жалпы уақыты;

T_{жал} күту, сағ. - жүктеуді күтудің жалпы уақыты;

t_n/ t_{күту}, сағ. - жүк көлігінің жұмыс уақыты / жүк тиеуді күту уақыты;

1-кестеден келесі қорытындыларды жасауға болады:

- жүк көліктерінің саны 2-ден асқанда тиеуді күту пайда болады;
- орындалған тапсырыстар саны жүк көліктерінің санына пропорционалды өседі;
- күту уақыты жүк көліктерінің саны 2-ден көп болғанда және барлық 18 тапсырыс орындалғанда, әрбір жүк көлігі үшін орташа есеппен 10 сағаттан асады;
- барлық тапсырыстарды орындау үшін 6 жүк көлігі қажет.

Әрбір қоймада екі жүк тиеу посты мен екі жүп тиегіштің параллель жұмыс істеуімен қойманың жұмысын көрсететін тәжірибе жүргізілді, нәтижелері 2 кестеде келтірілген.

Кесте 2. Екі жүк тиеу орны

Жүк көліктерінің саны	Орындалған тапсырыстар	t _{жал} , сағ.	T _{жал} күту, сағ.	t ₁ / t _{күту} , сағ.	t ₂ / t _{күту} , сағ.	t ₃ / t _{күту} , сағ.	t ₄ / t _{күту} , сағ.	t ₅ / t _{күту} , сағ.	t ₆ /t _{күту} , сағ.
1	3	82	0	82/0	-	-	-	-	-
2	6	159	0	79/0	80/0	-	-	-	-
3	11	259	0	90/0	89/0	80/0	-	-	-
4	14	352	0	89/0	94/0	86/0	83/0	-	-
5	16	366	31	82/6	77/5	66/9	69/3	72/8	-
6	18	435	35	79/1	76/5	72/8	72/10	72/6	64/5

2-кестеден келесі қорытындыларды жасауға болады:

- жүк тиеуге кезек күту жүк көліктерінің саны 4-тен асқанда басталады;
- 1-2 жүк көлігі жұмыс істегенде қойма өнімділігі бойынша алдыңғы тәжірибеден ерекшеленбейді;
- орындалған тапсырыстардың саны жүк көліктерінің санына пропорционалды өседі, бірақ олардың саны алдыңғы тәжірибеден жоғары;
- барлық тапсырыстарды орындау үшін 6 жүк көлігі қажет.
- күту уақыты жүк көліктерінің санына пропорционалды түрде ұлғаяды, олардың саны 4-тен көп болса, себебі тоқтап қалулар болады. Барлық тапсырыстар бойынша жүк тиеудің орташа күту уақыты әрбір жүк көлігі үшін орташа есеппен шамамен 6 сағатты құрайды, бұл бірінші тәжірибеге қарағанда айтарлықтай жақсырақ.

Қосымша жоспарлау стратегиясы - күту уақытын қысқартуға тырысу және күту уақытын қысқартуға тырысу үшін 5-ші жүк көлігінің қойма терминалында бір сағат ішінде, алғашқы төртеуін

жүктегеннен кейін жарты сағат ішінде пайда болу мүмкіндігімен алдыңғы қатардағы эксперименттердің шарттарын ұзарту және қойма жұмысының тиімділігін арттыруға болады. Тәжірибе нәтижелері 3 кестеде берілген.

Кесте 3. Екі жүк тиеу тірегі және қосымша көлік

Жүк көліктерінің саны	Орындалған тапсырыстар	tжал, сағ	tжал күту, сағ.	t1/ tkүту, сағ.	t2/ tkүту, сағ.	t3/ tkүту, сағ.	t4/ tkүту, сағ.	t5/ tkүту, сағ.	t6/ tkүту, сағ.
5	18	400	14	84/4	82/1	87/5	75/2	72/2	-
6	18	407	45	79/4	66/9	71/6	65/8	64/7	62/11

4 жүк көлігі бар қойманың өнімділігі бұрынғы режимнен ерекшеленбейтіндіктен, жұмысты 5 жүк көлігімен қарау туралы шешім қабылданды.

3-кестеден мынадай қорытынды жасауға болады:

- 5 жүк көлігі жұмыс істегенде тапсырыстар орындалады;
- 6 жүк көлігін пайдалану орташа күту уақытын бір жүк көлігіне 7,5 сағатқа дейін арттырады;
- 5 жүк көлігі үшін жүк тиеуді күту уақыты ең қысқасы, бір жүк көлігіне 3 сағаттан аз, бұл өнімділікті арттыру тұрғысынан шешімнің оңтайлылығын көрсетеді.

VPsim бағдарламалық пакеттері негізінде жүзеге асырылған логистикалық бөлімнің мультиагенттік имитациялық моделінің көмегімен қосымшаны өңдеуге арналған уақыт интервалында үш бағытталған эксперимент жүргізілді. Барлық 18 топтағы өтінімдерді толтыру үшін әр қоймада 1 посты бар 6 жүк көлігі қажет екені анықталды. Сонымен қатар, әрбір қоймадағы екі посттың қатарлас жұмыс істеуі тапсырыс топтарын орындауда өнімділікті айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретіні, сонымен қатар жүк көлігінің жалпы уақытын және жүк тиеу үшін күту уақытын қысқартатыны анықталды. Әр қоймадағы екі посттың және бір қосымша жүк көлігінің параллель жұмыс істеуі 5 жүк көлігінен тұратын паркпен тапсырыстардың бүкіл пулына қызмет көрсетуге мүмкіндік береді, ал соңғы 5-ші жүк көлігі 30 минут кешігумен кетеді, жүк тиеу үшін кезекте күту уақыты орта есеппен 3 сағатқа қысқарды.

Көп агентті имитациялық модельдеуді қолдану бағытталған эксперименттер жүргізу үшін икемді және оңай қондырылатын модельді жасауға мүмкіндік берді. Көлік құралдарының, қоймалар мен дүкендердің санын, нүктелер арасындағы қашықтықты өзгерту арқылы дүкендердің қолданыстағы желісін сипаттайтын және уақыт бойынша ең көп шығын болатын «әлсіз буындарды» нақты көрсетуге болады. өте келе пайда болады. Тәжірибе барысында алынған мәліметтер ең жақсы нәтижелерге 4 жүк көлігін және біреуін 30 минуттық кідіріспен бір мезгілде пайдалану арқылы қол жеткізілетінін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Сергеев В. и. Логистика: Ақпараттық жүйелер және технологиялар : оқу-практикалық құрал / Сергеев В. И., Григорьев м. Н., Уваров С. А. – М.: "Альфа-Пресс" баспасы, 2008. – 608 б.
2. Аксенов К.А., Аксенова О.П., Ван Кай Планирование портфеля проектов в строительстве на основе мультиагентного имитационного моделирования // Научно-технические ведомости СПбГПУ № 6 (162) 2012. Информатика. Телекоммуникации. Управление. г.С.-Петербург С.171-174.
3. Ван Кай, Аксенов К.А., Аксенова О.П., Киселева М.В. Использование аппарата операционного анализа вероятностных сетей для определения среднего количества приборов обслуживания мультиагентной модели // Современные проблемы науки и образования. – 2012. – № 3
4. Томашевский В., Жданова Е. Имитационное моделирование в среде GPSS. М.: Бестселлер. - 2003. - 416 с.

**ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ
САРКЕ Аружан Ибадуллақызы**

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Каргин С.Т.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан
sarkeeva_aruzhan@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада толық емес отбасы жайлы мағлұмат беріліп, оның пайда болу себептері қарастырылған, сонымен қатар отбасының осы түрімен жүргізілетін әлеуметтік педагогтың жұмыс барысы көрсетілген. Толық емес отбасына баланы тәрбиелеуде әлеуметтік-педагогикалық көмектің мақсаты баланың әлеуметтену процесіне көмектесу және оның қоғамда өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау болып табылатындығы айтылған. Әлеуметтік педагогтың толық емес отбасымен жұмыс кезіндегі мақсаты, міндеті және жұмыс барысында қолданылатын жұмыс әдістері жекеше талқыланды.

Аннотация

В статье представлена информация о неполной семье, рассмотрены причины ее возникновения, а также показан ход работы социального педагога с данным видом семьи. Отмечается, что целью социально-педагогической помощи в воспитании ребенка в неполной семье является содействие процессу социализации ребенка и создание условий для его самореализации в обществе. Обсуждались цели, задачи и методы работы социального педагога при работе с неполной семьей.

Отбасы – адам дамуының негізгі институты. Қоғамның моральдық, физикалық және психикалық кемелденуі көп жағдайда отбасы институтының кемелденуіне байланысты. Осыған байланысты үйлесімді, адамгершілігі жоғары, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыратын дұрыс отбасы тәрбиесін дамытудың кезек күттірмес қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі уақытта заманауи отбасы институты дағдарыс жағдайында. Қазіргі қазақстандық қоғамның мәселесі отбасы құрылымын бұзуға немесе толық емес отбасылардың үлкен санын қалыптастыруға айналды. Қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың өзгеруі отбасылық қатынастардың жаңа формаларын тудырады. Туудың жалпы үлесінде некесіз туылғандар саны өсуде, белсенді бала туатын, еңбекке жарамды жастағы ерлер арасындағы өлім-жітім көрсеткіштерінің жоғары болуына байланысты кейінгі некелермен өтелмейтін ажырасулар саны артуда. Отбасы ішілік қарым-қатынастың әлсіреуі, некеден тыс қарым-қатынастың кенеюі, бала туу деңгейінің төмендеуі, ажырасудың көбеюі толық емес отбасылардың өсуі болды.

Орын алған өзгерістер отбасының дәстүрлі функцияларын, отбасындағы міндеттерді бөлудегі жыныстық моральдың реттеуші сипатын әлсіретіп, әйелдің әлеуметтік жағдайына әсер етті, оның жауапкершілігін, тәуелсіздігін арттырды. Толық емес отбасындағы ана болу бірқатар өмірлік қиындықтармен байланысты, оларды жеңу көп жағдайда жалғызбасты аналардың әлеуметтік жағдайларына, жеке және рухани-адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Жалғызбасты аналардың ерекше категориясын, әдетте, әлеуметтік және тұлғалық жағынан жетілмеген, білімі мен кәсібі жоқ, ана болудың әлеуметтік мақсаты туралы түсініктері, бала тәрбиелеу дағдылары жоқ жас әйелдер құрайды [1, 256]. Бұл әйелдердің мінез-құлқына және олардың балаларға деген көзқарасына айтарлықтай әсер етеді.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай туғызатын келеңсіз процестер, әсіресе, толық емес отбасы балаларын тәрбиелеуде айқын байқалады. Ата-аналардың ажырасуы, мұндай отбасылардағы тұрақсыз, қайшылықты қарым-қатынас стилі ерте әлеуметтену жағдайларын бұзады. Іс жүзінде толық емес отбасылардың барлығы мемлекеттің әлеуметтік қолдауына тәуелді және халықтың аз қамтылған топтарына жатады. Мұндай отбасылар тек мемлекеттік қолдауды ғана емес, әлеуметтік-педагогикалық көмекті де қажет етеді.

Толық емес отбасылар санының өсу себептеріне ажырасулар санының артуы, некесіз туылған балалар санының көбеюі және де ерлер өлімінің артуы жатады.

Толық емес отбасы қоғамда өмір сүретіндіктен, оның мәселелерін әлеуметтік-педагогикалық қолдау және әлеуметтік қорғау жүйесінде шешкен жөн. Бұл – толық емес отбасынан шыққан баланы қорғау мен қолдауды қамтамасыз ететін әлеуметтік педагог қызметінің саласы. Толық емес жанұясы бар әлеуметтік педагог қызметінің негізгі бағыттары отбасымен өзара әрекеттесудің тиімді жолдарын таңдау, сонымен қатар отбасына және отбасының осы санатында тәрбиеленген балаға тікелей әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету болып табылады.

Толық емес отбасылардың мәселелері, олардың қалыптасу себептері, сондай-ақ толық емес отбасылармен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралар Е.В. Андрушина, Т.А. Василькова, Ю.В. Василькова, С.И. Аштық, Т.А. Гурко, Н.Дружинина, И.Е. Калабихина, М.Киблицкая, Т.Лодкина, И.М. Марловская, Л.Е. Никитина, Б.Нусхаева, Н.В. Шакурова және т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Для достижения выше сказанного на уроках применяются различные методы и формы обучения, современные технологии: это и обучение в сотрудничестве, и проблемное обучение, игровые технологии, технологии уровневой дифференциации, групповые технологии, технологии развивающего обучения, технология модульного обучения, технология проектного обучения, технология развития критического мышления учащихся. Специфика образовательной технологии развития критического мышления в том, что во-первых, учебный процесс строится на научно обоснованных закономерностях взаимодействия личности и информации. Во-вторых, фазы этой технологии (вызов, осмысление, рефлексия) инструментально обеспечены таким образом, что учитель может быть максимально гибким и адекватным каждой учебной ситуации в каждый момент времени (речь идет о разнообразных визуальных формах и стратегиях работы с текстом, организации дискуссий и процессах реализации проектов). В-третьих, рассматриваемая технология позволяет проводить все обучение на основе принципов сотрудничества, совместного планирования и осмысленности.[4]

Развитие техники и технологии идет очень быстрыми темпами, и востребованный современный специалист должен быть готов к самостоятельному, быстрому и экономному поиску и использованию новых научных данных, получаемых из всевозможных источников информации.

Самостоятельная работа учащихся над разрешением поставленной проблемы, получение конкретного результата и его публичное представление – это уже характер проектной деятельности. Разработка проектов – это путь к саморазвитию творческой личности через осознание собственных потребностей и реализацию в практической деятельности. А именно на этом акцентирует внимание компетентностный подход в обучении. В процессе творческой работы дети получают глубокое удовлетворение от сделанного, если работа ведётся по определённому плану, намечена последовательность различных этапов работы, ощущается видимый результат. При таком подходе определяется социальная позиция ребёнка, выясняется его эстетический вкус, развивается творческая активность.[1]

Для реализации познавательной и творческой активности школьника в учебном процессе используются современные образовательные технологии, дающие возможность повысить качество образования. Данные технологии ориентированы на индивидуализацию, вариативность образовательного процесса, прикладную направленность.

Одной из наиболее распространенных педагогических технологий является игровая технология и ее разновидность квест-технология. Практика показывает, что использование технологии проведения урока в форме квеста позволяет влиять на процесс получения новых знаний путем самостоятельного поиска, анализа и систематизации новой информации. Использование квестов способствует воспитанию и развитию качеств личности, отвечающих требованию информационного общества, раскрытию способностей и получению необходимых практических навыков. Но на уроке информатики

хочется, чтобы и квест был не совсем обычным. Для этого можно предложить провести квест с использованием гаджетов, которые в обычной практике на уроках не только не используются, но и находятся, как правило, под запретом. Но в ситуации квеста гаджет может быть использован для считывания закодированной информации, представленной, например, QR-кодом. И тогда тема учебного предмета «Кодирование информации» будет прочувствована учащимися на практике. Гаджеты помогут им проникнуть в тайны задания, проведут по ссылкам к нужным источникам информации при выполнении заданий. Квест, как правило - командная игра. И это позволяет, сочетая технологию игры и групповую форму работы, усилить эффект урока, направленный на формирование коммуникативных навыков и их развитие. Это отличная возможность вовлечь детей через сюжетные линии главных персонажей игр, упражнения и творческие задания, отражающие не только тематические разделы курсов информатики и математики, но и затрагивающие аспекты логического и алгоритмического мышления.[2]

Интерес к предмету можно повышать, используя разные методы, но самым привлекательным для детей является занимательность. Даже у самых слабых учеников можно вызвать интерес к предмету, используя на уроках занимательный материал. А особенно интересны детям игровые уроки. Вот тут-то мы и имеем возможность в увлекательной, игровой форме дать детям тот материал, который в традиционной форме усваивается очень слабо и без интереса, провести неординарно обобщающий урок по теме. В процессе игры можно выработать у детей умение сосредотачиваться, мыслить самостоятельно, развивать внимание и стремление к знаниям. Увлечшись, ребенок и не замечает, что учится — он познает, запоминает новое, ориентируется в необычной ситуации.[3]

К современным технологиям относятся и те, которые направлены на сохранение здоровья детей. Здоровье – это состояние полного физического, духовного и нравственного благополучия. Но, известный факт, что огромный процент обучающихся в образовательных учреждениях теряют своё здоровье, если процесс обучения организован неправильно или недостаточно органично. Поэтому, большое внимание, с моей точки зрения, следует уделять здоровьесберегающим технологиям. [1]

Также очень важны уроки-конференции, когда предлагаются вниманию одноклассников самостоятельно подготовленные доклады детей. При такой форме проведения уроков достигается их развивающая цель, а именно – самостоятельность мышления, умение выступать перед аудиторией, отделение от главного второстепенного, ответственность за свою работу. А это отражает коммуникативная образовательная компетенция. [1]

Сотрудничество учителя и ученика, их активность, творчество, сочетание современных педагогических и информационных технологий, позволит воспитать всесторонне развитого человека.

Электронные ресурсы:

1. Дзлиева Э.Х. Современные образовательные технологии на уроках информатики. <https://nsportal.ru/shkola/informatika-i-ikt/library/2016/01/08/statya>
2. Жебровская О.О. Международный вебинар «"Живые" квесты в образовании (современные образовательные технологии)» <http://ext.spb.ru/index.php/webinars/2209-22012013-qq-q-q.html>.
3. Никитичева А.С. Применение игровых технологий на различных этапах урока информатики. <http://liceum2.ru/index.php/metodicheskaya-rabota/95-stati/108-primeneniye-informatiki>
4. Попыванова О.А. Применение технологии критического мышления на уроках информатики. <https://e-koncept.ru/2013/53057.htm>

СУРЕТШІ – ГРАФИК И.ИСАБАЕВТЫҢ ГРАФИКАСЫНА ТӘН ПОЭТИКАЛЫҚ САРЫН БЕРІСТЕНОВ Жанарбек, ИСКАЛИЕВА Шолпан, ШАЛҚАР Бердикож

О.Таңсыкпаев ат. АСҚӨК, Т.Жүргенов атҚҰӨА

Алматы, Қазақстан

beristen@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада суретші график Исатай Исабаев туралы кеңінен сараланады. Суретшінің жеке стильіне, техникасына, композициялық шешіміне, көркемдік әдісіне, ұлттық мәнерге, тарихқа көз жібере отырып зерттеу және жұмыстарына талдау жүргізілді.

Түйін сөздер: графика, сызық, түс, эстетика, эпос, кітап, сурет, метафора, стил, образ.

Аннотация

В статье подробно рассказывается о художнике-графике Исатае Исабаеве. Проведен анализ исследований и работ художника с оглядкой на его индивидуальный стиль, технику, композиционное решение, художественный метод, национальный стиль, историю.

Ключевые слова: графика, линия, цвет, эстетика, эпос, книга, рисунок, метафора, стиль, образ.

Annotation

The article is widely distributed about the artist graphic artist Isatai Isabayev. The research and analysis of the artist's work was carried out with an eye to the individual style, technique, compositional solution, artistic method, national style, and history.

Keywords: graphics, line, color, aesthetics, epic, book, Picture, metaphor, style, image.

Бейнелеу өнерінде, әр ғасырда өз жаңалығымен енгізген ұрпақтарымен танылады. Солардың ішінде қазақ графика өнерінде ХХ ғасырдың 80 – 90 жылдардың идеялық жаңалығымен танылған суретшілердің бірі -Исатай Исабаев[1].

Суретшінің жұмыстары эпикалық романтикалық стильде және ұлттық нақышта салынған. Суретшінің көптеген жұмыстарын монументалды шешімдегі шығарма деуге болады.

Солардың ішінде ерте дүние классиктерінің шығармаларын, қазақ эпостары орта ғасырдағы шығыс поэзиясы қазақ совет жазушыларының романдары мен повестері ерекше орын алады. Көркем шығарма табиғатын тап басып, оқығанынан алған әдемі әсерін образбен бейнелеу Исатай Исабаев тән ерекшелік еді. Суретші артына республика кітап өнерінің алтын қорына қосылған өшпес мұра қалдырды.

Графикалық өнердің табиғатына тән сызықтарды еркін де батыл түсуі суретшінің, әсіресе, кітабында анық ерекше байқалады. Әсем де әдемі суреттер осынау өлеңдер жинағына ғажап әр берген. Шығыстың жан тебіренер бұл тамаша туындылары суретші И.Исабаевтің графикасында жаңа қырынан жарқырай түсіп бүгінгі шығыс еліне тән ерекшелігімен дараланды. Сондай-ақ қазіргі заман ақындарының шығармаларын көркемдеуде безендіру тілінің бай метафорасын қолдана білген. Бүршік жарған ағаш, көктем лебінің самал желін әкеп, күн шарасының әлі қыза қоймаған, жарық сәулелері жерге қуаныш гүлін екендей. Графикада жиі қолдана берілмейтін, оның өз ерекшелігіне ғана тән метафоралары суретші шығармасының әлеміне өзіндік әуеніне еніп, етене жарасылымдық табады. Дәлірек айтқанда, графикшы И.Исабаевтің қолтаңбалары адамзат баласының өмір тіршілігіне, ұлттық мәнерге, халық мәдениетіне шығармаларында негізгі орын тепкен. Негізгі композициялық тақырыптарында ел – жер тағдырына, адамның аумалы – төкпелі әрекет тіршілігіне, тарихи оқиғаларға байланыстыра отырып ерекшелігін үйлестірген.

Суретші-график И.Исабаевтың графикалық туындыларының пластикалық-көркемдік шешімінің басты көрінісі екендігі талай зерттеулерде баса көрсетіліп айтылды. Оның жыр-эпостар мен линогравюралық сериялы жұмыстары пластикалық бейнелілігімен қатар көркем құрылымымен де қызықты. Ол негізінен суретшінің қазақ тұрмысына етене таныстығы және әдетте өзі де осы мәдениеттің өкілі болғандықтан туған елін асқақтата, сан қырлы бояумен жырлауды мақсат тұтқанынан байқауға болады. Бұдан да басқа көптеген кітаптарға сурет салып, бас суретшісі болған.

Суретші-график И.Исабаевтың кітаптарға жасалған иллюстрацияларына толықтай анализ жасай отырып, көптеген ерекшеліктерді аңғарамыз, кітапта суретші суперобложкадан бастап әрбір дастанның оқиғасына көркемдік бейнелер жасап шығады. Суретші еңбегінен Шығыс миниатюрасының көптеген ізденістері мен ұқсастықтарын көре аламыз. Тақырып пен сюжет шығармада біртұтас мағыналы шешіліп, көркем суреттелінеді. Әрбір тақырыпқа үлкен дайындықпен иллюстрацияларында өзіндік стиль қалыптастырып отыруға тырысып отырды. Әр ізденісінде графикасына тән поэтикалық сарын, лиризм ерекше көрінеді.

Салыстырып қарастырсақ, «Хан Кене», кітабының негізгі мазмұны тарих желісінде болса да, шығарманың сюжетінде екі түрлі көрініс беріледі. Ортақ бейнелер ғимарат ішіндегі көрініспенен жай сарындағы лирикаға үндескен батыр тұлғаларын атап өтуге болады. Иіріле түскен штрихтардың композицияларда қайталанып отыруы суретші шмуцтитулдерінде әрдайым оқиғаның кезекті бір бөлігін суреттеп, кейбірінде символық мәні бар бейнелер арқылы шешеді.

Абайдың "таңдамалы" жинағына жасалынған иллюстрацияларына қатаң сызылған композициялық құрылымдарды көреміз. Олардың динамикалық сюжетке сай орын алуы көркемдік шешімдегі жарық епн көлеңкенің контрастты түсуі оқиғалардағы зұлымдық күштерінің құлауы, бір-біріне ұқсас орындалып отырған (Сурет-1).



Абайдың бейнесуреті 1976. Сурет-1.

Суретші шығармасындағы Шығыс миниатюрасының күмбезді аркаларды, өрнектерді композицияларда жиі қолданып отырады. Сонымен қатар, Абай тұлғаларын салу барысында ерекше нәзіктікпен, штрихтың иірімдерімен әсемдеп отырған. Абай үсітіндегі киімдер, иілген кітап ұстаған саусақтар, әсем көзқарастар суретші назарынан тыс қалмаған дүниелер.

Суретші көріністің артқы планда, панорамалық көрініске бой алдырғанын байқауға болады. Бұл да шығарманың философиялық оты алаулаған ақын сезімдерін көрсеткендей символ екенін ұғамыз. Абайдың бейне суреті И.Исабаевтің үздік шығармаларының бірі. Дала көрінісі, ауыл мен бал бал тастар, мазарлар суретті ерекше сөйлетіп тұр. Абайдың терең шатқал ішінде қайғырыя тұрғанды бейнесінің шешімі өте сәтті шыққан.

И.Исабаевтың шығармашылығын «Абай» кітабын қорытындылай келсек, әр туынды ерекше көрінісіменен көрушісіне ой салары анық.



Сурет-2.

М.Әуезов кітабына жасаған иллюстрацияларына ұтымды шешілген композициялар, динамикаға толы қызықты іс-әрекеттері суретшінің өмірінің ең үздік еңбектері болды. (Сурет-2.)

Мұндағы кейіпкерлердің әрбірінің мінез құлқын ашуы оқиға мазмұнына тікелей еруге мүмкіндік береді. Ортада жазушы М.Әуезовтің өзі бейнеленген. Зерлі шапан киген жазушы кітабын қолына ұстап тұр. Бүкіл планда Абай жолы романының түрлі көріністерін аса ыждағаттылықпен бейнелеген. Тіпті Құнанбайдың бір көзін соқыр етіп те бейнелеген. Алдына жазаға тартылған Қамқа мен Қодар бейнеленген.

Абайдың жас шағындағы Зере әжесінің ақылдарын тындап тұрған көріністері оң жақ планда қамтылған. Сол жақ планда Абайдың ағарту жұмыстары мен шәкірттері көрсетілген. Сол замандағы Тұрмыстық көріністер суретшінің қазақ этнографиясын терең білетінін көрсетеді. Білген түйген білімді шеберлікпен көрсете білген. Бұл жұмыстың монументалдық сипаты басым. Үлкен панорамалық монументалды жұмыс ретінде талай уақыттар бойы үлгі болып келе жатқаны да шындық.

Барлық эпос жырларды бейнелегенде суретші И.Исабаев иллюстрациялардан қаһармандық, ерлік салттары бір-бірімен қиюласып, үндестік тапқанын көрсетіп келеді. Бұл әр шығармалар жинағы дүниетанымдық әрі жүйелік тұтастығымен суретшінің тақырыптық иллюстрациясының композициялық бірлігінде айқын көрініс береді. Асқан күш-қуатқа толы батырлар бейнесі арқылы

суретші қазақ жігіттерінің батылдығын, батырлығын, табандылығы мен ерлігін айрықша көрсетсе, ғашығын күткен жас арулар бейнелерінен, қазақ қыздарының хас сұлулығын, көркемдігін ерекше назар аударатындай шебер суреттей білген.

Шығармаларынан шығыстық мәнерді қазақ бейнелеу өнерімен ұштастырып отыруын атап өтуге болады. Қазақ кітап графика өнеріндегі И.Исабаевтың еңбектерін бірқатар суретшілер шығармашылығымен қатар зерттеуге тұрарлық туындылар жасағанын атап өту маңызды. Осы тұрғыда суретші-график Исатай Исабаев шығармашылық туындыларында халық ауыз әдебиетіндегі батырлар жырының мән-мазмұнын тереңінен толғап, ашуына мүмкіндік беретін иллюстрациялардан тұрды.

"Ат бұғаулау" жұмысы сондай стилде жасаған жұмыстардың бірі. Қарасаңыз формалық ізденістің қиялына таң қаласыз. Ерекше күшпен образ есіп тұрған жұмыстың жоғары шеберлікпен орындалғанын көресі. Кейін И.Исабаев Тәуелсіздік жылдарында кескіндеме саласымен айналысқанда осы кубистік стилдік бағытта бірқатар шығармалар жазды.

Сондай – ақ кешегі социалистік дәуірде 70 жыл бойы тар қоршауда баяндалып келген тарихи шежіреміз, дініміз, өнер тіліміз дәстүрлі - мәдениетіміз бүгінде еліміз егеменді, тәуелсіз алғаннан кейін қайта жаңғырып, «жаңашыл» стильде танылып жатқанын жергілікті музейлерде, жеке галереяларда өтілген көрмелерден куә болудамыз.

Суретші-график Исатай Исабаев өзінің мәдениетін жетік білгенін оның бейнеленген туындыларынан байқаймыз. Өзінің сансыз ойларын тамаша шығармалары бетіне маржандай төгілдірді, оның әрбір бетінен, әр жеке топтамасынан бізге ыстық, жақындық сезіледі. Бұл жақындық леп болып өткен заманның ұрпақтан – ұрпаққа қалдырған асыл мұрасы. Сондықтан кешегі өткен дүниенің соққан тынысын әртүрлі материалдық пен жүрегімізге қонымды лебінен жеткізіп отыр.

Суретші-график Исатай Исабаев кейінгі ұрпаққа беретіні замана тіршілігінің әдемі көркеюі ауыл тұрмысы мен еңбектің, жайылымның, көшіп – қонудың, табиғат тынысының көріністері, бала, ана және кәрілікті суреттеуге арналған мәңгілік графика туындыларынан айқындалады.

Шынайы өмірді, ежелден келе жатқан халықтың мәдени тарихты, сондай – ақ халықтың философияны көркемөнерде сипаттап, көркемдеп көрсету және оны композициялық шешімдегі көркемдік рәсіммен жүрекке жеткізу әрбір туындының мән – мағынасын түсіндіру өзіндік идеялық ізденістерінен және жалпы зерттеулерден айқындап барып жарыққа шығарады. Графика өнеріндегі суретші Исатай Исабаев шығармашылық өмірінің қай кезеңінде болмасын, жан дүниесінен шарықтатқан туындылары өзіндік сипатымен, идеялық ізденісімен, тақырыбымен, композициялық көркемдік шешімімен көрермендерін тамсандырып келеді. Қазіргі кезде суретшінің қолтаңбаларын біздер байқап жүрген өзгерістер шығармашылығының 1980 – 90 жылдар аралығының Қазақстан бейнелеу өнерінің барлық бағыттарының бастау кезі десек қателеспейміз.

Қорытындылай келе, қазақ көркемөнер мәдениетіндегі график Исатай Исабаев графикасының қазіргі таңдағы маңыздылығын саралай отырып, оның бүгінгі жаһандану жағдайындағы Қазақстан үшін рухани игілігі көрнекті болар деп есептейміз. Бұл бағытта графикалық сериялы туындылары назар аударуға лайық. Өнердегі ескерткіштер бір демдік сүйініш болып қалмай, қабылдаушы қауымның жан азығына айналары сөзсіз. Ата баба көркемөнер мәдениетіндегі адамның адамгершілік, әлеуметтік қадір-қасиетінің жалпы дүние құбылыстарымен сан-салалы сабақтастығы арқылы ғана өмірге көркем көзқарастың, табиғатты аялаудың үйлесімділігі мұратына жете алды.

Міне, осы мұратта бүкіл әлем тынысымен біртұтас, бірегей жарастықты көксеген әрбір тірі пенденің әмбебап ұлы мұратына жету жолындағы күллі талпыныс талабы жатыр. Исатай Исабаев графикасының ұлттық пластикалық өнерінде кездесетін әртүрлі саздағы элементтер шеберлік шыңында сұрыпталудан өтіп, әрі шебердің өзінше өзгеріс ендіруінің арқасында ерекше көркемдікке ауысып отырған Исатай Исабаев шығармашылығы қазіргі кезде Қазақстан графикасының жауһары десе де болады.

Бүгінгі таңда суретшінің жұмыстары Қазақстанның алтын қорына енгізілді. Сонымен қатар қазақ мәдениетін өзге елдерге көрсете білді. Исатай Исабаев графикалық сериялары қазақ халқының батырларына арналған. Сондай – ақ адам бейнелерін өзінің жан дүниесімен түсіне отырып сомдайды. Исатай Исабаев өзекті тақырыптарға дер кезінде үн қосып отыратын суреткер. Туындыларының сюжеті тарихқа толы, мәнерлі өзекке бай. Суреткер кесек туындыларында көркем бейнені психологиялық терең толғаныс үстінде шынайы мүсіндейді.

Әрбір туынды суретші үшін бірнеше жылға созылған ізденістердің жемісі. Сондықтан суретші кез – келген шығармашылық адамы секілді шабытты күндердің нәтижесін, жемісін көруге асығады. Суретші үшін әрбір туынды іштен шыққан перзент. Ертең оны суретшіге бақ әкелері, қажытар реніш әкелері белгісіз. Суретші де ана сияқты өз перзентіне өзі баға бере алмайды. Исатай Исабаев қай жұмысына мән беріп қараса да қазақ халқының тағдырына арналып салғанына көзіміз жетеді. График суретшінің өз қырынан келген туындыларына қарай отырып, олардың өткен өмір жұрнағын өз

шығармаларында ұтымды пайдалана білген. Суретші өз туындыларында тарихты, эстетиканы, этнографиялық аспектілерді, дүниетанымдық қасиеттерді, көркемдік құндылығын байланыстыра отырып, ондағы ой мен көзделген мақсатқа сүйенеді.

Исатай Исабаев мұрағияты өнер туындысында өз негізінен, шеберлік, тереңдік іргетасын қалаған бейнелеу құрал-тәсілдерін, көздеген мұратына жету жолында адамзат ұрпағы ғасырлар бойы жинақтаған сұлулық тәжірибесін, ізденіс үлгілерін кезең-кезеңге бөліп, кеңірек талдау, бұл еңбектің өзекті арқауы болып отырған ғылыми, көркемдік таным ерекшеліктерінің мәнісін қорыту біздің зерттеуіміздің басты нәтижесі болады.

Суретші график Исатай Исабаев туралы кеңінен дәріптелген ғылыми зерттеу еңбектерінің саны шамалы. Болғандықтан, суретшінің жеке стилине, техникасына, композициялық шешіміне, көркемдік әдісіне, ұлттық мәнерге, тарихқа көз жібере отырып зерттеу және жұмыстарына талдау жүргізілді.

Жалпы айтқанда, жұмыстың негізгі қорытындылары мен нәтижелерінің практикалық, теориялық маңыздылығы құнды деп айта аламыз. Суретші график Исатай Исабаев шығармашылығын қорытындылай келсек, әр туынды ерекше көрінісіменен көрушісіне ой салары анық. Мұндағы кейіпкерлердің әрбірінің мінез құлқын ашуы оқиға мазмұнына тікелей еруге мүмкіндік береді. Шығармаларынан шығыстық мәнерді қазақ бейнелеу өнерімен ұштастырып отыруын атап өтуге болады. Тақырыптық жағынан қарағанда туындылардың мазмұны шынайы көріністен алынған. Мұнда біріншіден, заман ағымына байланысты болса, екіншіден әрбір заман толқынысында дүниеге келеген композициясында ұлттық дүниетанымдылық байқалды[2].

Әлемдік мәдениеттің үздіксіз дамуының бір себепшісі болған қазақ ұлттық өнерінің ұлттық мәдениетте алар орны ерекше. Болашақта да дәстүрлі ұлттық өнердің көркемдік, әсемдік, қызығушылықты тудыратын сөзсіз. Бұл ұлттық өнерді, ұлттық мәдениетті бағалауға баулиды. Ал ұлттық өнер, ұлттық мәдениет – болашақтың күн шуағы, тілі, ділі, рухани байлығы.

Қазіргі уақытта халқымыздың өркендеп өскен мәдениетіне лайықты бейнелеу өнерінің соны элементтері аз десек те болады. Бұл жадай қазіргі заманда графикада да өзіндік құнын жойғаны емес, керісінше, жаңа өмірге лайық жаңа бағыталып, жаңаша өріс тапқанын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Бердикова Ш. М. «И. Исабаев графикасының бейнелік пластикалық тілі» 6М041400 «Графика» мамандығы «Станоктік графика» мамандандыруы бойынша өнертану ғылымдарының магистрі дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертация. 81 бет. 2019.

2. Берістен Ж. Буркитбаев Б, Бердикова Ш, Адильбек Д. Қазақстан көркем өнерінің графика саласының жаңа даму кезеңінде туындаған мәселелер. Хабаршы. Абай ат ҚҰПУ. "Көркем өнер білім беру" сериясы. №2(55) 2018. 54-593 бб.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚҰЖАТАЙНАЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

ШОРМАНОВА Айгуль Ибрагимовна

Ғылыми жетекші: Т.Ә. Төлебаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

nto_astana@mail.ru

Аннотация

Электрондық құжат айналымы мен архив ісі қызметінің заңнамалық негіздері, ғылымның теориялық түсініктеріне және электрондық құжаттармен жұмыс тәжірибесінің әдіснамалық нормаларына көзқарастар, электрондық құжаттық мұраны қорғау мен сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері – құжаттанушылар мен архивтанушылар үшін ғана емес, құжатпен жұмыс жасайтын барлық мамандарға елеулі ғылыми және практикалық қызығушылық тудыруда. Электрондық құжаттарын, оның қалыптасуын, түрлерін және ерекшеліктерін зерттеу арқылы мемлекеттік органдарда электрондық құжатайналымы жүйесінің тиімділігін арттыру жолдарын, электрондық құжаттарды қалыптастыру, сақтау, есепке алу және пайдалануды қамтамасыз ету әдістерін, жүйедегі ақаулы не жағымсыз жағдайларды болдырмау үшін шешімдерін табуға мүмкіндік беретініне күмән жоқ.

Кілт сөздер: электрондық құжат, электрондық құжат айналымы, электрондық цифрлық қолтаңба, жүйе, ақпараттық технологиялар, ақпараттық жүйелер, мемлекеттік органдар, құжаттау, құжаттама.

Электронды түрде деректермен алмасу бүгінгі күннің шындығы болып табылады. Ол ақпараттық жүйелер, компьютерлік желілер, интернет, электронды пошта және басқа да көптеген ақпараттық құралдар арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен, соңғы жиырма жылдың ішінде басқару процестерін тиімді қамтамасыз етудің жаңа құралдары - бағдарламалық қамтамасыз ету, атап айтқанда, электронды құжат, электронды цифрлық қолтаңба, электрондық құжатайналымы сияқты түсініктердің айналымға кіргені байқалады[1].

Электрондық құжатайналымы электронды түрде ұсынылған құжаттармен жұмыс процесінің, «қағазсыз іс жүргізу» тұжырымдамасын іске асырудың бірыңғай механизмі болып табылады. Электронды түрде ұсынылған құжат немесе электрондық құжат – бұл ақпаратты компьютерлік өңдеу құралдары көмегімен жасалған, электронды цифрлық қолтаңба қойылған және тиісті нысанындағы файл ретінде машина тасығышында сақталған құжат.

Электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электронды құжаттың тұтастығын бақылау мен шынайылығын дәлелдеу мүмкіндігін беретін ақпаратты қорғау құралы болып табылатын қолжазба аналогы [2].

Биттің кибернетика саласында ақпарат бірлігі ретінде саналғандай, құжат құжатайналымы жүйелерінде ақпарат бірлігі болып табылады. Құжатайналымы жүйесі құжаттарды сақтайды, олардың тарихын жүргізеді, ұйым бойынша қозғалысын қамтамасыз етеді, құжаттарға қатысты процестердің орындалуын қадағалауға мүмкіндік береді [3]. Қазіргі қоғамда ақпарат өндірістің толыққанды ресурсына, қоғамның әлеуметтік-саяси өмірінің маңызды элементіне айналды. Ақпараттың сапасы басқару сапасын анықтайды. Осы жағдайда басқару сапасын арттыру үшін құжаттармен жұмысты жақсартуға жеткілікті көңіл бөлу қажет, өйткені басқару шешімі әрқашан тасымалдаушы әртүрлі негіздегі құжат болып табылатын ақпаратқа негізделеді [4].

Қазақстан Республикасында «электрондық құжат» термині 2000-жылдары ғана белсенді түрде қолданыла бастады. Бұған дейін «машинада оқылатын құжат», «машинадағы (магниттік) ортадағы құжат», «машина-бағытталған құжат» және «машинограмма» жалпы қабылданған терминдер қолданылды. Ақпараттық технологиялардың дамуы нәтижесінде өмірінің барлық кезеңдерінен (жасалуынан жойылуына немесе тұрақты архивтік сақтауға ауысуына дейін) электронды түрде өтетін құжаттарға қатысты жаңа тұжырымдамаға қажеттілік туындады. Осылайша, «электрондық құжат» термині пайда болды. Оның нормативтік анықтамасы алғаш рет «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңында берілді: «электрондық құжат - өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда табыс етілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат». Осы анықтамада басты назар ақпаратты ұсыну тәсіліне аударылды. Электрондық құжат электронды түрде, яғни электрондық есептеу машиналарды қолдану көмегімен адамның қабылдауы үшін, сондай-ақ ақпараттық-телекоммуникациялық желілер арқылы тарату және ақпараттық жүйелерде өңдеу үшін қолайлы нысанда ұсынылған құжатталған ақпарат ретінде қабылданады.

Осы түсініктерге орай электрондық құжаттарға:

өмірлік циклі тек электронды түрде өтетін нақты электрондық құжаттарды;

қағаз және басқа да ұқсас құжаттардың электрондық көшірмелерін;

күрделі құжаттар түріндегі мәліметтер қорын (тізімдер, кадастрлар

және т.б.);

Интернет құжаттарын (әлеуметтік желілердің, веб-сайттардың құжаттамасы және т.б.) жатқызуға болады.

Электрондық құжаттар технологиялық тұрғыдан ерекше. Олардағы ақпаратты адам материалды тасымалдағышта жазылған физикалық түрде қабылдай алмайды. Тек декодтаудан кейін бұл ақпарат пайдаланушыға түсінікті пішінді алады (монитор экранындағы сурет, принтердің басып шығарылуы және т.б.).

Бұл ерекшелік «электрондық құжат» ұғымы төңірегінде пікірталастар туғызады. Бұл терминнің өзі әлі Мемлекеттік стандартта жоқ екені кездейсоқ емес. Оның орнына СТ РК 1037-2001 «Іс жүргізу және мұрағаттық іс. Терминдер мен анықтамалар» мемлекеттік стандартында бұрынғы термині сақталды – «машина тасығыштағы құжат», ол «ақпаратты өңдеуін электронды-есептеу машинасының көмегімен қамтамасыз ететін тасымалдаушылар мен жазу әдістерін қолдану арқылы жасалған құжат» ретінде анықталады.

Ұйымдардың көпшілігі электронды құжатайналымының келесі артықшылықтарын мойындайды:

құжаттарды көпөлшемшартты іздеу;
құжаттардың орындалуын бақылау;
құжаттарды тіркеу;
құжаттарға қарарларды енгізу;
желідегі құжаттарды үлестірілген өңдеу;
әртүрлі құжаттар мен жүйелер функцияларына қол жеткізу құқықтарын бөлу;
құжаттардың бірнеше картотекасын жүргізу;
құжаттардың жобаларымен жұмыс істеу;
құжаттың орындалу сатысына байланысты қабылданған, орындауда, бақылауда және басқа «папкалар» бойынша орындауындағы құжаттарды үйлестіру;
стандартты есептерді қалыптастыру;
электрондық пошта арқылы құжаттар алмасу;
құжаттарды іске есептен шығару;
құжаттардың қағаз түпнұсқалары мен көшірмелерінің қозғалысын қадағалау, құжаттарды ішкі тарату тізілімдерін жүргізу;
лауазымды тұлғалардың, ұйымдардың, тақырыптық айдарлардың, құжаттар топтарының пайдаланушы тізімдерін жүргізу;
шығарылатын баспа нысандарының үлгілерін өңдеу [5].

Біздің ойымызша, электронды құжатайналымын енгізу құжаттармен жұмыс істеуге қатысты қызметтердің санын (курьерлер, кеңсе қызметкерлері және т.б.) қысқартуға мүмкіндік береді. Қағаз негізіндегі процесті цифрлық нысанға ауыстыру кезінде құжаттармен жұмыстың жекелеген кезеңдерінің уақыты қысқартатыны байқалады.

А.Сабановтың айтуынша: «Электрондық құжат ақпаратты жасау, өңдеу, сақтау тарату және қабылдау үшін қажетті бағдарламалық және техникалық құралдар қолданылатын қызметтің барлық салаларында пайдаланылады. Электрондық құжаттар арқылы мәмілелер жасалатыны, есеп айырысулар жүргізілетіні, хат алмасу жүргізілетіні және құжаттарды және басқа ақпаратты таратылатыны мүмкін».

Алайда, электрондық құжатайналымының барлық артықшылықтарына қарамастан, кейде электрондық және қағаз құжат айналымы жүйелерінің өзара әрекеттесуін, құжаттарды электронды түрден қағаз түрге және керісінше түрлендіруін ұйымдастыру қажет болады. Классикалық мысалды А.Сабанов келтіреді: «...электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, ұйымдық-әкімшілік құжат айналымын электронды түрде жүзеге асырайтын ұйым... Егер кез келген құжатты қызметкерге қолға немесе уәкілетті мемлекеттік органның талабы бойынша беру, сондай-ақ қағазды құжатты ұйымның электрондық құжат айналымы жүйесіне енгізу қажет болса, мұны қалай жасауға болады деген сұрақ туындайды».

Техникалық тұрғыдан алғанда, айтарлықтай проблемалар жоқ, өйткені тапсырма мәтінді басып шығару/сканерлеу арқылы шешіледі. Бірақ мәселенің техникалық жағымен қатар, тағы заңды жағы бар. Құжатайналымының қатысушылары үшін құжат бір түрден екіншісіне өткеннен кейін ол өзінің заңды күшін сақтап қалатыны маңызды [6].

Электронды құжаттардың қасиеттері қағаз құжаттардың қасиеттерінен айтарлықтай ерекшеленеді.

1. Электрондық құжат бір жерге байланбайды. Телекоммуникациялық байланысты қолдана отырып, электрондық құжат кез келген кітапханадан, архивтен сұрауға болады, ал пайдаланушы сұралған құжаттың қай жерде орналасқанына мән бермейді.

2. Бір мәліметтер қорын бір уақытта көптеген адамдар қолдана алады. Кез келген желіге қосылған компьютерден, егер құжат шифры белгілі болса, оған кіруге, қарауға, ақпаратты компьютерге жүктеуге және онымен жұмыс жасауға болады.

3. Электрондық құжатты көшіруге оңай.

4. Электронды түрде жазылған құжаттарға өзгерістер енгізуге болады. Оларды өңдеуге, қайта форматтауға, басқа құжаттармен біріктіруге болады.

5. Электронды түрдегі мәтіндер жинағы баспа басылымдарына қарағанда әлдеқайда аз орын алады, сондықтан жинақы болады.

Электрондық құжаттың бар болуы мен қолданылуы компьютерлік технологиямен байланысты. Бір жағынан, компьютерлік желілердің дамуы қағаз ақпаратының ағынын азайтуға мүмкіндік береді. Алайда, қазіргі уақытта керісінше жағдай байқалады: компьютер құжатты құру процесін едәуір жеңілдетті - шаблонның болуы және оған өзгертілетін деректерді енгізу жеткілікті, бірақ сонымен бірге

үштен беске дейінгі кез келген хабарлама. жолдар қағазға көшіріледі. Осылайша, жағдайдың парадоксы қағаз құжаттарының көлемі азаймай қана қоймай, керісінше ұлғаюында. Электрондық құжаттаманың кәдімгі қағаз тасығыштан артықшылығы - оны сақтаудың қарапайымдылығы: архивтерге арналған бөлек бөлмелердің орнына жадының сәйкес көлемі бар бір немесе екі компьютерді немесе дискілер жиынтығын қолдануға болады. Мұндай архивтендірудің жағымсыз жағы – осындай ақпарат тасығыштардың сенімсізділігі, әлсіздігі және, демек, деректердің едәуір көлемін бірден жоғалту ықтималдығы. Осылайша, электрондық құжаттарды қолдану, бір жағынан, құжаттаудың ыңғайлы және заманауи құралы болса, екінші жағынан, оның бірқатар маңызды кемшіліктері де бар. Интернеттің мағынасыз чаттар, қарақшылық фильмдер мен музыкалық шығармалар кеңістігі ретіндегі түсінігі электрондық құжаттардың сенімсіз екендігіне әкеледі. Ұйым үшін электронды құжаттаманы қолданудың артықшылықтары мынада: салыстырмалы түрде төмен (қағаз құжаттармен салыстырғанда) тарату құны; қалпына келтірудің жоғары жылдамдығы; іздеу жылдамдығы және нәтижесінде ұйымдардағы ішкі және сыртқы байланыс тиімділігінің артуы. Алайда электрондық құжаттарды қолданудың таралуына, біріншіден, мұндай құжаттармен жұмыс істеу мәдениетінің жоқтығы, екіншіден, олардың құқықтық және құқықтық мәртебесінің түсініксіздігі кедергі келтіруде. Осындай жағымсыз жағдайларды болдырмау, жоққа шығару мақсатында Қазақстан Республикасында талай шаралар жоспарланып, көп іс атқарылды.

2000 жылдардан бастап Қазақстанда «электрондық үкімет» қалыптастыруға, мемлекеттік басқару жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу және мемлекеттік органдардың түрлі ақпараттық жүйелерін құруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қатары жүзеге асырылды. 2017 жылы басты мақсаты экономиканың негізгі салаларының цифрлық трансформациясы, мобильді мемлекетті дамыту, креативті қоғам қалыптастыру және жаңа инфрақұрылымды құру болып табылатын «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. «Электрондық үкімет» порталы арқылы 2019 жылы мемлекеттік қызмет көрсетудің 82 %-ы автоматтандырылған, қызмет көрсетудің 54 млн-нан астамы халыққа электронды түрде ұсынылды.

Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы, «Smart City», «Smart Data Ukimet» және тағы басқа секілді жобалар жүзеге асыруда. 2005 жылдан бастап республикада мемлекеттік органдардың Бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесі қосылған. 2013 жылы қағаз жеткізгішке шығармай қалыптастырылған құжаттардың 50,86 %-ы электронды түрде дайындалып, 2015 жылы бұл көрсеткіш 62 %-ға, 2019 жылы – 76 %-ға жетті. Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану кең таралды. Соңғы он жыл ішінде электрондық құжаттар ақпаратты сақтау мен алмастырудың маңызды құралына айналды.

Электрондық құжаттарды қолдану аясының тез кеңеюі оларды сақтауды ұйымдастыру мәселелерін және келесі пайдалану мүмкіндіктерін, әсіресе тиісті нормативтік базасының қалыптастыру бөлігінде шешу басымдылығын айқындайды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда электрондық құжатты және электрондық құжат айналымын пайдаланумен байланысты қарым-қатынастар іс жүзінде ұлттық заңнаманың барлық салаларының (әкімшілік, азаматтық, банк, салық, қаржы, кеден, экология, қылмыстық, қылмыстық-әрекеттік, т.б.) нормативтік құқықтық актілерде бекітілген. Сонымен, электрондық сот ісін жүргізу мен сот қызметінде ақпараттық технологияларды пайдалану тәртібі реттелген, азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарда қағаз жеткігіштегі құжаттармен тең электрондық құжаттарды және электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану заңдастырылды, электрондық сайлау жүйесінің жұмыс тәртібі нақтыланды, және т.б.

Электрондық құжаттарды басқару және сақтауға байланысты қарым-қатынастар «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы», «Ақпараттандыру туралы» үш заңнамалық актінің негізгі мәселесі болып табылады.

Әрине, электрондық құжаттармен жұмыс үдерістерін стандарттау аса маңызды мәнге ие. Соңғы жылдары республикада мемлекеттік стандарттардың бірқатары қабылданды, олардың арасында:

ИСО 690-2-2007 «Ақпарат және құжаттама. Библиографиялық сілтемелер. Бөлім 2. Электрондық құжаттар және оның бөліктері» ҚР СТ;

ГОСТ Р ИСО 23081-1-2010 «Ақпарат және құжаттама. Жазбаларды басқару үдерістері. Жазбалар үшін метадеректері. Бөлім 1» ҚР СТ;

ИСО 19005-1-2016 «Құжаттаманы басқару. Ұзақ мерзімді сақтауға арналған электрондық құжаттар файлдарының форматы. 1-бөлік. PDF 1.4. (PDF/A-1) пайдалану» ҚР СТ;

ИСО 11799-2018 «Ақпарат және құжаттама. Архивтік және кітапханалық материалдар үшін құжаттарды сақтауға талаптар» ҚР СТ;

ИСО 14641-1-2018 «Электрондық архивтеу. Бөлім 1. Электрондық құжаттарды консервациялау үшін ақпараттық жүйені жобалауға және іске қосуға қатысты техникалық шарттар» ҚР СТ;

ИСО ТР 18492-2018 «Электрондық құжаттардың ұзақмерзімді сақталуын қамтамасыз ету» ҚР СТ және т.б. [7].

Жалпы айтқанда, бүгінгі таңда электрондық құжатты жасаудың, пайдаланудың және сақтаудың бірыңғай тәртібі заңнамамен бекітілгенін атап өту жөн. Алайда, технологиялардың екпіндей дамуы орнатылған шындықтан заңнамалық базасының тұрақты кешеуілдеуі байқалуда. Терминология мәселесі ашық талқылауда, және бұл түсініктеме аппаратын қолдануда белгілі бір қиындықтарға әкеліп соқтырады. Ең бастысы, 2003 жылдан бастап, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының қабылдауынан бері «электрондық құжат» анықтамасының өзгеріссіз қалуы. Сол мезетте ақпараттандыру және электрондық құжатайналымы саласындағы заңнама айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Қолданыстағы архивтік заңнамасының негізіне қағаз құжаттармен дәстүрлі жұмыс принциптері енгізілген. «Электрондық құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесінің тәжірибелік іске қосуы қолданыстағы заңнамамен бекітілген электрондық құжаттардың жедел және ведомстволық сақтау мерзімдерін қайта қарастыруды талап етілетінін көрсетті. Екпінді ақпараттық және және коммуникациялық даму жағдайында 15 жылдық мерзім – ұзақ мерзім, бұл уақытта технологиялардың бір емес өзгеруі, енді істен шығарылған жүйелерде қалыптастырылған деректер топтамасын мемлекеттік сақтауға қабылдау едәуір қиындататыны байқалуда. Электрондық құжаттарды тікелей сақтау үдерістерін қарастыру және егжей-тегжейлі реттеу қажеттілігі туындалды. Өйткені қолданыстағы заңнамалардың көбі үстіртін.

Күн тәртібіне әртүрлі жүйелерде автоматты түрде тудырылатын ақпаратты, веб-ресурстардың мәліметтерін және деректер базасын басқару, сақтау және келесі пайдалану, блокчейн технологияларын ендіру және пайдалану, BigData, жасанды интеллект және т.б. сияқты мәселелер талқылауға қойылуда. Мемлекет тарапынан белсенді жүргізілетін экономиканы цифрлық трансформациялау саясаты архивтердің инновациялық технологияларды ендіру мен пайдалануына негізделген цифрлық ақпаратпен жұмыс жасауының жаңа тәсілдерін және әдістерін талап етілетіні айқын.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев, К.Б. Комментарий к Федеральному закону «Об электронной цифровой подписи» (постатейный). М.: – ООО «ТК Велби», 2003. – 64 с.
2. Баласанян, В.Э. Электронный документооборот – основа эффективного управления современным предприятием / В.Э. Баласанян // Секретарское дело. – 2002.— №2. – С. 46—48.
3. Бобылева, М.П. Вопросы использования элементов электронного документооборота внутри организации / М.П. Бобылева // Секретарское дело. – 2003. – №2. – С. 15–17.
4. Бобылева, М.П. Эффективный документооборот: от традиционного к электронному / М.П. Бобылева. – М.: Издательство МЭИ, 2004—49 с.
5. Баласанян, В.Э. Электронный документооборот – основа эффективного управления современным предприятием / В.Э. Баласанян // Секретарское дело. – 2002.— №2. – С. 46—48.
6. Сабанов, А. Как управлять закрытыми ключами // А.Сабанов, А.Крячков, К.Демченко, С.Белов // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.DIRECTUM-Journal.ru/docs/Kak-upravljat-zakrytymi-kljuchami.aspx>.
7. Мустафина А. Нормативное регулирование хранения электронных документов в Казахстане. Құжат айналымы мәселелері. Вопросы документооборота. № 11 (131), ноябрь 2020.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

№	ФИО	стр
1.	KADIROVA Saida, M. KURBANİYAZOV	3
2.	ҚАЙЫР Д.А., ХАМИТОВА Г.А.	5
3.	DUKEMBAU G.N., TLEUMAGAMBETOVA B.M., AVAZBAKIYEVA R.F., SYZDYKOVA A.M.	10
4.	АЙМАКОВ Бекзат Еркинулы, МАНАПОВА Диана Умиралиевна	15
5.	АСКАРБЕКОВА Кенжегүл Бауыржановна, РАХМАНОВА Н.Б., ШАГАЙБАЕВА Р.Б., КУСМОЛДАНОВА О.Б., БАЙГУТОВА Н.Б., КАССЕНОВ Д.Э.	19
6.	АТЫМТАЕВА Айгерим Мейрамханқызы, АЛДАБЕРГЕНОВА А.О.	22
7.	АУБАКИРОВА Сабина Сейпиль-Маликовна, ЕСКЕНДИРОВА М.Ж.	26
8.	АХМЕТОВА Айша Нуржановна, А.О.АЛДАБЕРГЕНОВА	30
9.	АЯПОВА Гульзира Борамбаевна, АЛПЫСБАЙ Ақнұр Марысбекқызы	34
10.	БЕКБАЕВ Даурен Капашевич	37
11.	БОШАНОВ Қуаныш Серикжанович	40
12.	ЖҰМАНОВ Қайрат Тоқсанбайұлы, ДҮЙСЕНАЛИНА Жансая	42
13.	ЕРҒАЛИЙҰЛЫ Ернат, ДОШИМБЕКОВ Айдын Бағдатович	44
14.	ЕРМЕКОВА Набира Сагидуллаевна, АЙТАН Динар	46
15.	ЕРҒАЛИЙҰЛЫ Ернат, ДОШИМБЕКОВ Айдын Бағдатович	48
16.	ЕРСАЙЫНОВА Шолпан Талғатқызы, ЛАЙСХАНОВ Ш.У	50
17.	ЖАЛҒАСОВА Ақдария Құттымұратқызы, НИЯЗОВА Айгүл Есенгельдиевна	53
18.	ЖАППАШЕВА Айгүл, МАХМУТОВА К.И	56
19.	ЖАСЫБАЕВА Гаухар Бактыкенқызы, А.О.АЛДАБЕРГЕНОВА	61
20.	ЖИЕМБАЕВ Жомарт Тумарбекович, СЕЙЛІБЕКОВ Н.Т.	65
21.	ЖУКЕНОВА Махабат Тулетаевна	68
22.	ЖҮГІНІС Айша Сарбайқызы	70
23.	ҚАБАТАЕВ Сырым Қатыспекұлы, ЖҮНІСБЕК Динара Нұрғалықызы	73
24.	ҚАБАТАЕВ Сырым Қатыспекұлы, ЖҮНІСБЕК Динара Нұрғалықызы	76
25.	ҚАБДЫЛАШЫМҚЫЗЫ Нуржамила, АЛДАБЕРГЕНОВА А.О.	80
26.	МОЛДАГАЖИЕВА Кенжегүл Даулетбековна	82
27.	НАҒАШЫБАЙ Данагүл Даниярқызы, АЛДАБЕРГЕНОВА А.О.	85
28.	ОТАНБЕКОВА Назерке, ТАУАСАР Жаннұр Әлімханқызы	88
29.	ӨМІРБЕК Азамат Аманкелдіұлы, БАЙКЕНЖЕЕВА Айнур Турдыбаевна	93
30.	ӨМІРБЕК Аружан Мұратбекқызы, БОРАНБАЕВА А.Р.	94
31.	ПОЛАТ Әсем Бауыржанқызы, БОРАНБАЕВА А.Р.	97
32.	РАЗИХОВА Асылжан Талғатовна	100
33.	САДЫБАЕВ Әлихан Әбілханұлы, АБДУВАЛОВА Айнур Джумабаевна	103
34.	САРКЕ Аружан Ибадуллақызы	107
35.	СЕЙДІЛДА Назерке Құдиярқызы, АБДУВАЛОВА Айнур Джумабаевна	110
36.	СЕРІКҚЫЗЫ Толғанай, ЖҮНІСБЕК Динара Нұрғалықызы	113
37.	СӘДУАҚАС Асия Қуанышбекқызы, БОРАНБАЕВА А.Р., МАСАЛИЕВА Ж. А.	115
38.	СУПЫГАЛИЕВА Феруза	118
39.	ТАПАНОВА Аэлита Анатольевна	122
40.	ОТАНБЕКОВА Назерке, ТАУАСАР Жаннұр Әлімханқызы	124
41.	ТЕЗЕКБАЕВА Айгерим Маратовна	129
42.	ТҮЛЕГЕНОВА Элеонора Нағашыбаевна, ТУХЕЕВА Гульнура Нугиметовна	131
43.	БЕРІСТЕНОВ Жанарбек, ИСКАЛИЕВА Шолпан, ШАЛҚАР Бердикож	133
44.	ШОРМАНОВА Айгүл Ибрагимовна	137

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Авторлардың көзқарасы, ұстанымы сақталады. Жинақтағы деректердің нақтылығына авторлар жауапты. Олардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Ғылыми басылымда жарияланған материалдар көшіріп басылған жағдайда сілтеме жасалуы тиіс.

**Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы
International Academy of Education and Science
Международная Академия Образования и Науки**

2022